

Д. Т. Көптілеуова
Қ. Қ. Аубакирова

АРАБ ӘДЕБИЕТІ
(ғылыми фантастика)

Оқу құралы

ӘОЖ 821. 411. 21 (075.8)

КБЖ 83.3 Араб я 73

К 69

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
шығыстану факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№5 хаттама 27 мамыр 2015 жыл)*

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы **Б.М. Сүйерқұл**
филология ғылымдарының кандидаты, доцент **А. Әлібекұлы**
филология ғылымдарының докторы, профессор **Г. Е. Надирова**

Көптілеуова Д.Т.

К 69 Араб әдебиеті (ғылыми фантастика): оқу құралы / Д.Т. Көптілеуова, Қ.Қ. Аубакирова. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 119 б.

ISBN 978-601-04-1619-2

Оқу құралының басты мақсаты студенттерге қазіргі заман араб әдебиеті, соның ішінде қазіргі араб әдебиетінде ғылыми фантастика дербес жанр ретінде XX ғасырдың 60-70 жылдары фантаст-жазушылардың шығармалары арқылы қалыптасуын, түрлері мен бағыттарын, өкілдерін таныстыру болып табылады. Оқу құралы Қазақстан жоғары оқу орындарының шығыстану және филология факультеттерінің студенттері мен шетел халықтарының әдебиеті, әдебиеттану пәндерінен дәріс оқушы оқытушыларға арналады.

ӘОЖ 821. 411. 21 (075.8)

КБЖ 83.3 Араб я 73

ISBN 978-601-04-1619-2

© Көптілеуова Д.Т., Аубакирова Қ.Қ., 2015
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2015

КІРІСПЕ

Оқу құралы Қазақстандағы жоғары оқу орындарында «Шығыстану», «Шетел филологиясы», «Аударма ісі», «Түркітану», «Филология» мамандықтарының бакалавриатында оқытылатын «Оқитын елдің қазіргі заман әдебиеті», «Оқитын елдің әдебиеті: жаңа және қазіргі заман», «Оқитын елдің әдебиеті және аударма мәселелері» атты курстарға арналған.

Оқу құралында қазіргі араб әдебиетіндегі ғылыми фантастиканың дербес жанр ретінде қалыптасуы мен даму жолдары, түрлері мен бағыттары, жазушы-фантастардың шығармашылығы жайлы сөз болады. Ғылыми фантастика ғылымның алыс-жақын көкжиегін бейнелейтін, тек бейнелеп қана емес, ғылымның келешегіне ой салатын, құрылымы күрделі әдеби жанр болып табылады. Бұл жанр автордан асқан шеберлік пен түрлі ғылым саласындағы жан-жақты білімділікті, дүниетанымның кеңдігі мен ой ұшқырлығын талап етеді.

Оқу құралы екі тараудан тұрады. Бірінші тарау «Араб ғылыми фантастикасының сипаттары» және «Араб ғылыми фантастикасының тілдік ерекшеліктері» деген екі бөлімнен тұрады. Бұл тарауда әлемдік әдеби үдерістегі жаңа жанр фантастиканың қалыптасуы, оның түрлері, ғылыми фантастика мен фэнтезидің ерекшеліктері туралы айтылады. Поэзиядағы ғылыми фантастика жалпы фантастикалық арнадан бөлек, философиялық-әлеуметтік бағыттағы мүмкіндігімен ерекшеленеді. Ғылыми фантастика прозаның барлық жанрында қарқынды дамып, көркем әдебиеттің арналы саласына айналды. Зерттеушілер араб әдебиетіндегі ғылыми фантастика жанрының алғашқы белгілерін ертегілерден («Ұшқыш кілем», т.б.), аңыздардан таратып, болашақты болжай білген халық қиялының ұшқырлығына тәнті болуда.

Оқу құралының екінші тарауы «Араб елдеріндегі ғылыми фантастиканың қалыптасуы мен дамуы», «Египет әдебиетіндегі ғылыми фантастика», «Сирия әдебиетіндегі ғылыми фантастика», «Тунис пен Алжир әдебиеттеріндегі ғылыми фантастика», «Марокко, Ливия және Мавритания әдебиеттеріндегі ғылыми фантастика» бөлімшелеріне бөлінген. Мұнда араб елдеріндегі ғылыми фантастиканың негізін салып, оның қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан жазушы фантастардың өмірбаяны мен шығармашылығы жайында айтылады. Олардың қатарына мысырлық Салах Маати, Ниһад Шариф, палестиналық Хисам әл-Хатиб, марокколық Абусәләм әл-Бақали, әл-Һади Ғиад, ливандық Қасем Қасем, Тыйба әл-Ибраһим (Кувейт), сириялық Махмұд Карум, Омар Талеб және т.б. жазушы-фантастарды жатқызуға болады.

I ТАРАУ

Араб ғылыми фантастикасының сипаттары

Ғылым мен техниканың қарқынды дамуына байланысты аңыз-ертегілерден құрылымы бөлек жаңа жанр пайда болды. Ол – ғылымның алыс-жақын көкжиегін бейнелейтін, тек бейнелеп қана емес, ғылымның келешегіне ой салатын ғылыми фантастика жанры. Ғылыми фантастикада (*ағыл. science fiction* – ғылыми туынды) оқиға қазіргі және өткен дәуірлерден мүлдем ерекшеленетін әлемде орын алады. Мұндай ерекшеліктер технологиялық, тарихи немесе әлеуметтік тұрғыда болуы мүмкін. Онда түрлі ғылыми-техникалық жетістіктердің адам өміріне әсері көрсетіліп, көбіне басқа ғаламшарға саяхат пен аспан әлемінде орын алған оқиғалар, роботтар, жаңа технологиялар сипатталады. Уақыт өте келе ғылыми фантастиканың жанры күрделене түсті. Шығармалардағы оқиғалар Жерде де, өзге ғаламшарда да өрбіп жатты. Бірақ қалай айтылғанына, суреттелгеніне, жазылғанына қарамастан, ғылыми фантастика жанрының құрылымы күрделі, көтерер жүгі ауыр, айтар ойы мен идеясы күллі адамзатқа ортақ болғаны анық [1].

Фантастика (*грек. phantasia* – қиялдау, *phantastike* – қиялдау өнері) – қиялдау өнеріне байланысты пайда болған көркем әдебиеттің бір түрі. Оның басты идеялық-эстетикалық негізі қиял арқылы күнделікті әдет пен шындыққа қайшы келетін «ғажайып әлем» көрінісін дүниеге әкелу болып табылады. Фантастика фэнтези және ғылыми фантастика деп аталатын үлкен екі бағытқа бөлінеді. *Ғылыми фантастика* (*ағыл. science fiction* – ғылыми туынды) – көркем әдебиетте, сондай-ақ кино, кескіндеме, т.б. өнер салаларында қалыптасқан жанрлық түр. Онда оқи-

ға қазіргі және өткен дәуірлерден мүлдем ерекшеленетін әлемде орын алады.

Әдебиетшілер ғылыми фантастикалық жанрдың жеке әдеби жанр ретінде толық қалыптасқан кезін ХХ ғасырдың 20-жылдарына жатқызады. Ал «фантастика» терминін 1830 жылы француз сыншысы Шарль Нодье өзінің «Әдебиеттегі фантастика» деп аталатын мақаласында алғаш рет қолданған болатын. Жанрдың толық қалыптасқан кезеңі Хьюго Гернсбектің фантастикалық және мистикалық әңгімелер ғана жарияланатын арнайы журналдары жарық көре бастаған кезде, яғни ХХ ғасырдың 20-жылдары толық қалыптасты десек болады.

«Ғылыми фантастика» терминін алғаш рет 1914 жылы Яков Перельман өзінің Жюль Верннің романына қосымша ретінде берілген «Салмақсыз асханадағы таңертеңгілік ас» атты тарауында қолданған.

Ғылыми фантастиканың негізін салушылардың бірі Ж.Г. Верн өзінің романдарын «ғылыми» деп атаса, ғылыми фантастиканың қалыптасуына зор үлес қосқан Г.Дж. Уэллс өз шығармаларын «фантастикалық» деп атаған болатын. Атақты ғалым Я.И. Перельман жоғарыда аталған екі ұғымды біріктірген. Ол 1914 жылы «Табиғат және адам» журналының 24-санында Жюль Верннің 1869 жылғы «Айдың төңірегінде» атты романына қосымша ретінде «Салмақсыз асханадағы таңертеңгілік ас» атты шығармасын жариялап, оны ғылыми фантастикалық әңгіме деген болатын. Одан кейін америкалық жазушы-фантаст, өнертапқыш Хью-го Гернсбек әдебиетке «ғылыми фантастика» (*ағыл. science-fiction*) терминін енгізеді.

Қазіргі араб әдебиетінде «ғылыми фантастика» терминін алғаш рет атақты жазушы-фантаст, бірнеше ғылыми фантастикалық шығармалардың авторы, араб елдеріндегі ғылыми фантастиканың негізін салушылардың бірі Ниһад Шариф енгізген болатын. Араб тілінде ғылыми фантастика *الخيال العلمي* деп аталады [2, 12]. Сириялық ғылыми фантастиканың негізін салушы жазушы-фантаст Талеб Омран ғылыми фантастикаға төмендегідей анықтама береді: «Ғылыми фантастика – болашақтағы саясат, табиғат, ғылыми жетістіктер мен ғарыштағы ашылулар, жатпланеталықтармен байланыс, болашаққа саяхат, өткен дәуірлерде

шешімін таба алмаған жұмбақтар мен құпия сырларды түсіну және адам мен техника арасындағы билік үшін талас-тартыстарды суреттейтін көркем туынды».

Дәстүрлі түрде ғылыми фантастика деп сюжеті фантастикалық болса да, қандай да бір ғылыми негізделген ойлар арқылы орбитін әдебиетті атайды. Нақтырақ айтсақ, ғылыми фантастикада берілген әлем көріністері бір-біріне қарама-қайшы болмауы тиіс. Фантастика шынайы өмірден алшақтатылған, ойдан шығарылған нәрсе болса да, ол ғылыми болғандықтан, әлемді тану мен даму заңдылықтарына сәйкес келіп, табиғат пен адамның шынайылығын көрсететін, адамзат болмысының айнасы болып саналады [5].

Қазіргі әдебиетте ғылыми фантастика ғылыми поэзия және ғылыми проза болып екі пішімде қалыптасқан.

Ғылыми фантастикалық поэзия терминін әдебиеттану саласында алғаш рет француз поэзиясының теоретигі Рене Гиль «Сөз туралы трактат» (1896) еңбегінде қолданды. Ол ғылыми поэзияның белгілері ежелгі дәуір әдебиетінің өкілі Лукреций Кардың «Заттың табиғаты» поэмасында көрініс тапқанын мысалға келтіреді. Поэзиядағы ғылыми фантастика жалпы фантастикалық арнадан бөлекше, философиялық-әлеуметтік бағыттағы мүмкіндігімен ерекшеленеді.

Ғылыми фантастикалық проза. Ғылыми фантастика прозаның барлық жанрында (роман, повесть, әңгіме, т.б.) қарқынды дамып, көркем әдебиеттің арналы саласына айналды. Қазіргі араб әдебиетінде ғылыми фантастика дербес жанр ретінде ХХ ғасырдың 60-70 жылдары араб жазушыларының шығармалары арқылы қалыптасты. Зерттеушілер араб әдебиетіндегі ғылыми фантастика жанрының алғашқы белгілерін ертегілерден («Ұшқыш кілем», т.б.), аңыздардан таратып, болашақты болжай білген халық қиялының ұшқырлығына тәнті болуда [1].

Ғылыми фантастика фэнтези секілді көптеген бағыттарға жіктелмесе де, бір ғана ғылыми фантастикалық шығарма бірнеше өзіндік сипаттарға ие болуы мүмкін. Ғылыми фантастиканың төмендегідей түрлері кездеседі:

Күрделі ғылыми фантастика (*ағыл. Hard science fiction*) – ғылыми фантастиканың бір түрі. Осы жанрдағы шығарманың не-

гізгі құрылымы тылсым күштер мен ғажайып құбылыстар сияқты фэнтезиге тән элементтерден алшақ болып, қатаң заңдылықтарына сүйенеді.

Постапокалиптика – бүкіл әлемдік апаттардан кейін орын алған оқиғалар туралы айтылатын ғылыми фантастика жанры. Мұндай оқиғалардың қатарына химиялық, биологиялық және ядролық қару қолданылатын үшінші дүниежүзілік соғысы, жатпланеталық келімсектердің жер бетіне басып кіруі, темір адамдардың басқаруымен болатын машиналар көтерілісі, пандемия, метеориттің құлауы, динозаворлардың қайта тірілуі және т.б. апаттарды жатқызуға болады.

«Космоопера» (немесе «ғарыштық опера», *ағыл. space opera*) – шытырман оқиғаға толы ғылыми фантастика жанры. Мұндай шығармаларда оқиға ғарыш кеңістігінде немесе күн жүйесіндегі басқа да планеталарда шартты жағдайда орын алады. «Ғарыштық операның» негізгі ерекшелігі ретінде ондағы тарихи және футуризм элементтерінің үйлесіп келуін атап өтуге болады. Мәселен, ғарыштық кемелер мен семсер арқылы күрес, ядролық технологиялар мен феодалдық құрылыс және т.б.

Киберпанк – жоғарғы технологиялық дамулар әлеуметтік жіктелу, кедейлік, әділетсіздік және бассыздықпен қатар жүретін жақын арадағы болашақты суреттейтін ғылыми фантастика жанры. Киберпанк сюжеттері көбіне хакерлер мен жасанды интеллект және мегакорпорация арасындағы жанжалдарға негізделіп құрылады.

Нанопанк (пост-киберпанк), биопанк – нанотехнология, тектік инженерия мен биологиялық қаруларды қолдануға байланысты әлеуметтік және психологиялық құбылыстарға арналған ғылыми фантастикадағы бағыт. Нанопанкте молекулалық және атомдық дәрежеде материяны игеру, сонымен қатар бағдарламау арқылы түрлі заттар мен адам баласын кемелдендіре түсетін пайдалы вирустарды ойлап табу мүмкіндіктері қарастырылады. Онда бағдарламаланған молекулярлық құрылымдарға, нанороботтарға байланысты қауіп-қатер мен жетістіктер көрсетіледі.

Стимпанк, паропанк – бу машиналар технологиясын жоғары дәрежеде меңгерген әлемді бейнелейтін ғылыми фантастика

жанры. Онда оқиға әлеуметтік жіктелудің қайшылықтарына толы ерте капитализм дәуірінде орын алады [4].

Ғылыми фантастика – көркем әдебиеттің ерекше түрі. Онда ғылыми дүниетанымның негіздеріне қайшы келмейтін және көркем әдебиет пен ғылыми шындықтың принциптеріне сәйкес келетін фантастикалық элементтер жиі кездеседі. Фантастикада тек болашақ әлемде ғана кездесетін түрлі мүмкіндіктерге жол беріледі. Ғылыми фантастика модернизм мен постмодернизмдегі ғылыми білімнің даму динамикасын көрсетеді.

Ғылыми фантастика әлеуметтік-философиялық феномен ретінде де, көркем әдебиеттегі өзіндік жанр ретінде де Жаңа заманда (XVII-XVIII) Қайта өрлеу дәуіріндегі утопиялық идеялар мен ағарту идеяларының әсерінен, түрлі жанрлар (аңыз, халық әдебиеті) мен мәдениеттердің өзара байланысынан пайда болды.

Ғылыми фантастика XX ғасырдың ортасынан бастап жаңа әлеуметтік қауымдастықтың құрылуына негіз болды: фантастика жанкүйерлерінің дүниежүзілік клубы «Фендом» құрылып, ғылыми фантастикаға қызығушылық танытқан оқырмандар, жазушы-фантастар, сыншылар, суретшілер, аудармашылар мен ғалымдар бір тудың астына бірікті. Осылайша, ғылыми фантастика тек әдеби феномен емес, сонымен қатар жаһандық әлеуметтік-мәдени феноменге айналды.

Көптеген елдерде орын алған түрлі халықаралық конференцияларға талдау жасай келе, көптеген жас ғалымдардың ғылымға келуіне ғылыми фантастика айтарлықтай әсер еткенін көре аламыз. Көптеген ғалымдар (философтар мен физиктер, астрономдар мен биологтар) өздерінің болашақ мамандықтары туралы ғылыми фантастикалық шығармаларды оқығаннан бастап ойланғандарын айтады. Арман және қиял әлеміне самғай алмаған адам ешқашан ғылыми шығармашылықта да жетістікке жете алмайды. Ғылыми фантастикалық шығармаларды жазумен айналысатын жазушы-фантастардың біразы белгілі бір ғылым саласының мамандары болып табылады. Мысалы, дәрігер биолог Герберт Уэллс, биология ғылымдарының докторы И.А. Ефремов, шығыстанушы әрі аудармашы А.Н. Стругацкий мен астроном Б.Н. Стругацкий, информатика ғылымдарының докторы

Кир Булычев, кибернетика мен жасанды интеллектінің негізін қалаушы математик әрі философ Норберт Винер, биохимик Айзек Азимов, астроном Артур Кларк және т.б. Жоғарыда аты аталған жазушылардың белгілі бір ғылым саласының маманы болуы адам баласының алдында тұрған мәселелерді терең түсініп, планетамыздың болашағы үшін өздерін жауапты сезініп, бүгінгі таңда орын алған түрлі қайшылықтардың зардаптарын ғылыми тұрғыда нақты сипаттап беруіне әсер етеді.

Ғылыми фантастика жанрына жататын шығармаларда қарастырылатын тақырыптардың ауқымы өте кең болады. Сондықтан да «ғылыми фантастика» термині өзінің өмір сүруі барысында әр кезеңде әр түрлі түсінікке ие болды. Ал қазіргі кезде бұл термин әдебиеттегі фантастика жанрының бір түрі ретінде қолданылады. Бүгінгі таңдағы әдебиеттану саласында фантастика мен фэнтези арасындағы айырмашылықтар жете айтылады. Мұндай айырмашылықтарды оларға берілген анықтамалардан көруге болады. Мысалы, электронды фантастика мен фэнтези кітапханасында ғылыми фантастика терминіне төмендегідей анықтама беріледі: *ғылыми фантастика* (грек. *phantastike* – бейнелеу өнері) – көркем әдебиетте, сондай-ақ кино, кескіндеме, т.б. өнер салаларында қалыптасқан жанрлық түр. Онда оқиға қазіргі және өткен дәуірлерден мүлдем ерекшеленетін әлемде орын алады. Мұндай ерекшеліктер техникалық, тарихи, әлеуметтік тұрғыда болғанымен, онда сиқыр күші кездеспеуі тиіс. Бейнелеу объектісіне қарай ғылыми фантастика мен фэнтези арасындағы айырмашылықтар К.Г. Фрумкиннің зерттеу жұмысында жан-жақты көрсетілген. Оның зерттеуі бойынша, ғылыми фантастикада ғылым мен техника жетекші орынға ие болса, фэнтезиде магия мен сиқыр басты орынға шығады [5, 64].

Сонымен қатар ғылыми фантастика мен фэнтези арасындағы айырмашылықтар шарттылыққа ие болуы мүмкін. Мысалы, ғылыми фантастикада барлық жаңа техникалық құралдардың жұмыс істеу принциптері мен ғылыми жаңалықтардың мазмұны қиялдан шығарылғандықтан және өміршең болмағандықтан да белгілі бір деңгейде құпия сырға толы болады. Ал фэнтезиде барлық сиқырлы басқарулар көрінбейтін рухтар мен табиғаттың тылсым күштері арқылы орын алады. Ғылыми фантастиканың

фэнтезиден тағы да бір айырмашылығы магияға қарағанда ғылыми фантастикада орын алған оқиғалар белгілі бір заңдылықтарға, ғылыми негіздерге бағытталған. Ғылыми фантастика жанрында жазылған көптеген шығармалардың алғы сөзінде жазушы-фантастардың болашаққа жасаған болжамдарының орындалып жатқаны сөз болады.

Осылайша, ғылыми фантастикалық ғажайыптар мен сиқыр *сыртқы антураж*¹ тұрғысынан ерекшеленеді. Ғалым мен сиқыршының бейнелері де екі түрлі: бірі ақ халат киіп, реакторлар, пробиркалар және басқа да техникалық құрылғылармен жұмыс істесе, екіншісі қара мантия киіп, сиқырлы таяқ пен сақинаның арқасында белгілі бір күшке ие болады. Ал жалпылай қарайтын болсақ, фэнтезиде оқиға көбіне орта ғасырларда орын алса, ғылыми фантастикада болашақ туралы жазылады. Дегенмен араб тілінде жазылған кейбір шығармаларда фантастиканың бір түріне жататын жоғарыда аталған екі жанрдың арасындағы шекаралардан шығып кетіп жатады. Мұндай ғылыми фантастикалық шығармаларда ғылым мен сиқырдың кейбір белгілері қатар келгенімен, сиқырға қарағанда ғылыми компоненттер айтарлықтай басымдыққа ие болып, өзінің сыртқы антуражы арқылы сиқырдан қалған «гносеологиялық кеңістікті» толықтырып отырады. Электронды фантастика мен фэнтези кітапханасында ғылым мен сиқырдың арасындағы түрлі қатынастар төмендегідей көрсетілген:

- 1) «сиқырлы» және «технологиялық» әлемдердің бірге өмір сүруі;
- 2) «сиқырлы» және «фантастикалық» ғажайыптардың алма-кезек келуі;
- 3) сиқырлы сипатқа ие фантастикалық феномендердің негізінде технологиялық әлем жоғалып кеткен өркениеттің жемісі ретінде суреттелуі;
- 4) технология басты орында, ал сиқыр өткен дәуірдің мұрасы болып саналуы [6, 10].

Сонымен қатар кейбір фантастикалық шығармаларда фантастиканың ешқандай түріне жатқызылмайтын феномендер де

¹ Сыртқы антураж – ғылым және техникамен байланысты түрлі детальдардың болуы.

кездеседі. К.Г. Фрумкин мұндай феномендердің төмендегідей түрлерін келтіреді: эндогенді (мұнда біздің әлемнен тыс күштердің әсерінен түрлі құбылыстар орын алады); локальды (кено-космостық); дәстүрлі (бұрынғы көркем немесе діни мифологиялық дәстүрлерден алынған); виртуалдық (әдеттен тыс, ерекше жағдайлар иллюзия арқылы түсіндіріледі); себепсіз (белгілі бір құбылыстарды толық түсіндірмес үшін автор әдейі ойлап табады) [5, 54].

Араб тілінде жазылған ғылыми фантастикалық шығармаларда жоғарыда аталған феномендердің қайсысы көбірек кездеседі деген сұраққа жауап ретінде жазушы-фантаст С. Маатидың «Шейх Масғұдтың көріпкелдігі» атты әңгімесіне көз жүгіртсек, ондағы кейіпкерлер ауыл ішінде орын алған апаттардың себебін түрліше түсіндіретіндігін келтіруге болады. Тұрғындардың бірі мұны өмірдің заңдылығы деп түсінсе, бірі бұл апаттарды тылсым күштермен байланыстырып, бұл оқиғаларға түрлі елестер мен шайтандардың қатысы бар деп ойлайды. Шейх Масғұдтың өзі диірменде елестер бар, үйлеріне шайтан кіреді деп жиі айтып жүретін. Бас кейіпкердің шайтан деп жүргені жатпланеталықтар болып шығады. Аталмыш әңгімеде жатпланеталықтар бұл ауылға келіп, адамдарды бақылып жүреді. Канопус планетасында болып келген Шейх Масғұд ауыл тұрғындарына жатпланеталықтар тарапынан төніп тұрған қауіп-қатерді ескертуге тырысады.

Ғылыми технология мен компьютер өндірісі айтарлықтай дамыған қазіргі заманда адам баласы шынайы өмірмен шектеліп қана қалмай, виртуалды әлемге қадам баса бастады. Әдебиетте мұндай тенденцияға байланысты ғылыми фантастикаға тән технологиялық мотивтер мен постмодернизмнің ойын поэтикасы біріге түсті. Сонымен қатар фантастиканың «киберпанк» сияқты жаңа түрлері пайда бола бастады. Қазіргі оқырмандар жоғарыда аталған фантастиканың бір түрін «Матрица», «Экзистенция» және т.б. кинолармен байланыстырады. Жаңа техникалық құрылғылардың пайда болуы және ғылым саласындағы түрлі жетістіктердің нәтижесінде ғылыми фантастиканың жаңа түрлері пайда болуда. Мұндай шығармалар үшін ғылыми фантастикада маңызды болып табылатын сыртқы антураж негізгі орынға ие болады. Ғылыми фантастикалық шығармаларда міндетті түрде ғылым

мен техника туралы сөз қозғалып, ондағы оқиғалар ғылыми заңдылықтарға негізделіп жазылуы тиіс. Онда түрлі ғылыми-техникалық жетістіктердің адам өміріне әсері көрсетіліп, көбіне басқа ғаламшарға саяхат пен аспан әлемінде орын алған оқиғалар, роботтар, жаңа технологиялар сипатталады.

Ғылыми фантастиканың ертегілер мен романтикалық новеллалардан айырмашылығы не? Басты айырмашылық фантастиканы әдіс және *суреттеудің объектісі ретінде* бөліп қарастырығанда көрінеді. Мұндай көзқарасты орыс және батыс зерттеушілерінің ғылыми фантастика саласында жазылған еңбектерінен көруге болады. Мысалы, Станислав Лем фантастиканы автордың ақырғы мақсаты ретінде қолданылатын фантастика және сигнал жеткізетін фантастика деп қарастырса, Алексей Чумаков оны формалды және мазмұнды фантастика деп екіге бөліп көрсетеді. Формалды фантастикада фантастикалық элемент жалпы әдебиеттің міндеттеріне бағынып, тек экспрессивті қызмет атқарады. Ал мазмұнды фантастикаға ғылыми фантастиканың сипаттары тән. Онда фантастикалық элемент шығарманың сюжетіне негіз болып, барлық оқиға осы бір фантастикалық элементтің төңірегінде орын алады.

Фантастика бұл ең бірінші ғажайыптылық туралы шығарма болып табылады. Бүгінгі таңда фантастика әдебиет жүйесі ретінде оның жеке құндылықтары мойындалғаннан бастап қалыптасты. Ғылыми фантастика деп фантастикалық элементтің шыннайы жағдайларда пайда болған оқиғаларды әсерлі жеткізу үшін әдіс ретінде қолданылған кезін емес, фантастиканың бейнелеу объектісіне айналған кезін айтамыз. Фантастиканың бейнелеу тәсілі не болмаса бейнелеу объектісі ретінде қолданылғанын анықтау көп жағдайда қиынға соғады. Бұл екеуі бір-бірімен өте тығыз байланысты құбылыс. Мұндай шығармаларды бір-бірінен ажырату үшін нақты негіздерге сүйену керек. Бұл көркем шығарманың мазмұны болып табылатын қоғамдық жағдайлар мен жазушының ниетіне байланысты. Мысалы, кейбір шығармаларда объектіге айналған фантастикалық әлем белгілі бір жағдаяттарды баяндау әдісі ретінде қолданылады. Жазушы әрқашан өзінің айтқысы келген нәрсесін тікелей айта салмайды. Қаламгер ол үшін символикалық әдістерді қолданады не болмаса басқа уа-

қыт аралығы мен басқа жерді сипаттауға жүгінеді. Егер шығарманы оқи отырып, көз алдымызға болашақ өмір келсе, бұл қиялдан шыққан фантастикалық туынды болып табылады. Жазушы өзінің осы фантастикалық шығармасы арқылы оқырманға белгілі бір нәрсені жеткізуді көздейді. Кейбір шығармаларда фантастикалық элемент суреттеу объектісі ретінде қолданылғанымен, ол тек қазіргі заманда орын алған жағдайларды сипаттау үшін алынған тәсіл болуы мүмкін. Яғни қазіргі заманда орын алған қоғамдық жағдайларды сынға ала отырып, қоғамға өзгеріс әкелу мақсатымен болашақты суреттейтін шығармалар мен шынайы болған оқиғаны қиялдан шыққан фантастикалық әңгімелердің негізінде сипаттайтын туындылар да кездеседі.

Араб жазушыларының ғылыми фантастикалық шығармаларын оқып, терең ойланған адам жазушылардың араб әлемінде болып жатқан түрлі күрестер мен заңсыздықтарды көрсетуге тырысқанын байқауға болады. Мүмкін, осы болашақ арқылы араб қоғамының жан-жаққа ыдырап, араб елдерінің басшылары арасындағы талас-тартыстарды көруге болар. Жатпланеталықтар тарапынан төнген қауіп-қатерді ескертуге тырысқан кейіпкерлер туралы әңгімелер арқылы араб елдерінің барлығына төніп тұрған үлкен қатерді көрсетпекші шығар. Бұл кезеңнің қазіргі заманмен айтарлықтай ұқсастығы бар. Егер біз бұл ұқсастықты қазіргі кездегі араб әлемімен жоғары дәрежедегі сәйкестік деп айтсақ та асыра сілтемеген болар едік.

Мүмкін, жазушы шынайы түсініктер қалыптастыру үшін болашаққа жүгіну арқылы қазіргі заманда қалыптасқан саяси жағдайларды жаңа арнаға өзгерткісі келген шығар. Сондықтан фантастикалық элементтің шығармада алатын маңыздылығына қарамастан, оны бейнелеудің объектісі ретінде қабылдау ғылыми фантастиканың негізгі сипаты бола алмайды. Себебі көп нәрсе автордың мақсаттары мен оқырманның білім деңгейіне байланысты болады.

Ғылыми фантастика ұғымына нақты анықтама беру үшін оны мәдениет феномені, өнердің бір түрі және көркем әдебиеттегі жеке жанр ретінде қарастыру керек. Фантастика еркін қиялдың ортасы болып табылады [7, 46]. Адам баласы армандай отырып, болашақ қоғамда орын алатын мәселелер мен ғылыми-тех-

никалық жаңалықтардың адам баласына әсерін, әлем дамуының заңдылықтарын қарастырады. Фантастика арқылы адам баласы болашаққа көз жүгіртеді. Ол адам баласын болашақ өмірге дайындап, бүгінгі таңда адам баласының кемелдене түсуіне әсер етеді. Барлық ғажайыптар, ең әуелі, фантастикада орын алып, кейін ғылымның дамуына байланысты шындыққа айналады. Бұрынғы жазушы-фантастардың шығармаларында бейнеленген түрлі фантастикалық құбылыстар мен ғылыми-техникалық жетістіктер бүгінгі өмірдің шындығына айналуға [8, 556].

Ғылым мен фантастика бір-бірімен тығыз байланысты, екеуі бірін-бірі толықтырып тұрады. Ғылыми фантастика бұл ешқандай шектеусіз мета-адам туралы сөз қозғайтын мета-әлем болып табылады. Онда адам баласы қол жеткізген жетістіктер жайлы емес, адамзатты болашақта не күтіп тұрғаны айтылады. Жазушы-фантастар эмпирикалық шындықтың шегінен шығатын жағдайлардың моделін жасап, метафизикалық көріністерді бұза отырып, түрлі тәжірибелерді қиялдан шығарады. Міне, осыдан ғылыми фантастиканың гносеологиялық ерекшелігін көруге болады [9].

Ғылыми фантастиканың *объектісі* шынайы өмірде емес, қиялдағы әлемде өмір сүргендіктен де, өзіндік ерекшеліктерге ие. Фантастикалық шығармаларда шынайы өмірде болмаған образдар ғылыми тұрғыда анық сипатталатындықтан, шығарманың көркемдігіне әсер етпей қоймайтын белгілі бір шарттылықтың пайда болуына әкеледі. Ғылыми фантастиканың атқаратын көркемдік қызметі де ерекше. Онда шынайы әлемдегі объектілер суреттелмесе де, күнделікті өмірдің заңдылықтары мен өмірдің мәнін түсінуге назар аударылады. Ғылыми фантастикалық шығармаларда қозғалатын басты тақырып – «Адамзаттың болашағы мен адамзат дамуының мәні». Бұл тақырып ХІХ ғасырда ғылым мен техниканың дамуымен қатар пайда болды. Осы тақырыптың жиі қозғалуы ғылыми фантастиканың басқа әдеби жанрдан ерекшелігін көрсетеді [10].

Ғылыми фантастика антропологиялық және әлеуметтік үдерістерді моделдеудің құралы ретінде билетристтік ойдан шығарылған тәжірибелер арқылы ерекше жағдайлардағы адам баласының әрекеттеріне талдау жасауға мүмкіндік береді. Шығармадағы түрлі тәжірибелер арқылы адамзатты әлі де белгісіз,

бірақ болшақта болуы мүмкін құбылыстар мен өзгерістерге дайындайды. Сонымен қатар ғылыми фантастика шынайы өмірде жаңа мүмкіндіктер беретін ғылыми-техникалық жаңалықтар ашуға алғышарттар жасайды. Ғылыми фантастика физика, космология, антропология, биология, математика, философия және т.б. ғылым салалары арқылы болашақта жаңа ғылымның пайда болуына жол ашады.

Ғылыми фантастика XX ғасырда өзінің жеке құндылықтарының арқасында әдеби жүйе ретінде қалыптасты. Қазіргі ғылыми фантастиканың негізгі сипаты фантастикалық элементтердің қосымша қызмет атқармай, өзіндік мәнге ие болуында жатыр. Ғылыми фантастикалық шығармалардағы басты кейіпкер жан-жақты дамыған адам баласы болып табылады. Көптеген фантастикалық шығармалардың негізінде адам өзінің білімі арқылы ғана табиғаттың тылсым күштеріне үстемдік жүргізе алатыны айтылады. Ғылыми фантастикада көбіне мынадай тақырыптар жиі қозғалады.

Ғарыш әлеміне саяхат, яғни адам баласы күн жүйесіндегі жакын планеталарға, жұлдыздарға, тіпті, басқа да галактикаларға сапар шегеді. Адамдар басқа планетаға үстемдік орнатып, түрлі шытырман оқиғаларды бастан кешеді.

Жатпланеталықтармен байланыс. Мұнда адамдар жердің түкпір-түкпірінде жасырылған алыс-жақындағы жұлдыздардың, Марс, Венера сияқты басқа да планеталардың тұрғындарымен байланысқа түседі. Сонымен қатар мұндай ғылыми фантастикалық шығармаларда жатпланеталық келімсектердің жер бетінде үстемдік орнатуы туралы да айтылады.

Уақыт бойынша саяхат – ғалымдардың уақыт машинасын ойлап тауып, өткен және болашақ әлемге саяхат жасай отырып, тарихты өзгертуге деген талпыныстары туралы жазылған шығармалар.

Параллель әлемдер – Жер сияқты, бірақ оған параллель кеңістікте орналасқан планеталарды суреттеу.

Машиналар көтерілісі. Ғылыми-техникалық жетістіктердің нәтижесінде робот сынды түрлі техникалық құралдар адам өмірінде үлкен маңыздылыққа ие болып, тіпті, адамға қарсы шыға бастайды.

Мутация және гендік инженерия. Жер бетінде түрлі мутациялардың пайда болуы мен олардан құтылу жолдары және гендік инженерияның жетістіктері айтылады.

Утопия және антиутопия. Утопияда қандай да бір ізгі әлем мен оның құрылымы туралы айтылса, антиутопияда керісінше қара түнекке толы әлем суреттеледі.

Зерттеу. Ғылыми фантастикалық шығарманың кейіпкерлері қандай да бір зерттелмеген, адам баласына әлі күнге дейін белгісіз болып келген объектіні не құбылысты зерттеумен айналысады.

Ғылыми фантастикада қандай тақырып қозғалса да, ондағы фантастикалық элементтер шынайы жағдайларда пайда болған оқиғаларды әсерлі жеткізу әдісі ретінде ғана қолданылмай, фантастиканың бейнелеу объектісіне айналуы тиіс. Онда фантастикалық элемент жалпы әдебиеттің міндеттеріне бағынып, тек экспрессивті қызмет атқарып қана қоймай, шығарманың сюжетіне негіз болады, барлық оқиға осы бір фантастикалық элементтің төңірегінде орын алады.

Барлық фантастикалық әлемнің негізін құрайтын принциптер ретінде *«ортақ негіз»* принципін ерекше атап өтуге болады. «XIX-XX ғасырлардағы реалистік фантастика «ортақ негізді» фантастика ретінде қалыптасты. Мұндай шығармаларда сюжеттің негізінде бір ғана фантастикалық жорамал жасалып, оқиға түрлі әдіс-тәсілдер арқылы бір ғана фантастикалық феноменнің төңірегінде өрбиді. Автор осы бір ғана негіз арқылы оқиғаны баяндап, оның шындығын дәлелдеуге тырысады.

Фантастикалық болжам тек біреу ғана болуы мүмкін. Осы принципті ұстану фантастикалық әлемде орын алған барлық оқиғаларды, ондағы фантастикалық элементтерге қарамастан, шындық ретінде жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар фантастикалық негізге байланысты жазушы-фантаст суреттеп отырған әлемде үлкен маңыздылыққа ие барлық уақыт және кеңістік өлшемдері тұрақтылық сипат алады. Ертегілер мен романтикалық шығармаларда, жазушы модернистердің туындыларында барлық нәрсе кездесуі мүмкін. Ал ғылыми фантастикада тек бір ғана фантастикалық негіздің шегінен шықпауы керек [11, 38].

«Ортақ негіз» қағидасы ғылыми фантастикалық шығармаларда қолданылатын тілдік құралдардың негізінде жатқан принцип болып табылады. Ғылыми фантастиканың тілі мен фантастикалық әлемді жасау заңдылықтарының арасындағы қатынасты түсіну үшін Т.Б. Радбильдің «көркем әлемнің ауытқуларын» қалай жіктейтініне қарап көрелік. Ол өзінің зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, көркем әлем мен көркем мәтін қатынасының төрт түрлі нұсқасын көрсетеді:

1. «Дұрыс әлемді» «дұрыс тілмен» жеткізудің тілдік тұжырымдамасы (поэзия, тарихи шығармалар).
2. «Дұрыс емес әлемді» «дұрыс тілмен» жеткізудің тілдік тұжырымдамасы (ертегі, аңыздар мен алғашқы фантастикалық шығармалар).
3. «Дұрыс әлемді» «дұрыс емес тілмен» жеткізудің тілдік тұжырымдамасы (кейбір авторлардың шығармалары);
4. «Дұрыс емес әлемді» «дұрыс емес тілмен» жеткізудің тілдік тұжырымдамасы (модернизм әдебиеті) [12, 41].

Т.Б. Радбильдің еңбегінде ғылыми фантастика туралы ғылыми фантастикалық шығармалардағы «ақылға сыймайтын» (фантастикалық) жағдайлар жазушы жасаған әлемнің қағидалары болғандықтан да шындық ретінде қабылданады деп айтылған. Бірақ оның еңбегінде ғылыми фантастикалық шығармалардың қай топқа жатқызылатыны анық көрсетілмесе де, автор ондағы әлемнің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес «дұрыс әлемді дұрыс тілмен жеткізудің тілдік тұжырымдамасына» жатқызуға болатынын айтып өтеді. Фантастикалық шығармаларда кездесетін таңғажайып, ақылға қонымсыз оқиғалардың ауытқуына кедергі болатын қағидалар аталмыш туындыдағы типтік әлемге тән қағидалар ғана емес, сонымен қатар жалпы шынайы өмірде кездесетін қағидалар болып табылады. Фантастикалық шығармалардағы типтік әлем мен шынайы әлемді бір-бірімен байланыстырып тұратын басты нәрсе фантастикалық әлемде орын алған жағдайларды рационалистік тұрғыда түсіндіру мүмкіндігі мен фантастикалық әлемді көркем бейнелеуде қолданылатын барлық элементтердің логикалық байланысы болып табылады. Фантастикалық әлем «шынайы әлемнің» бір бөлігі іспетті. Бірақ ондағы оқиғалар – түрлі себептермен бізге белгісіз дүниелер. Болашақ

туралы шығармаларда уақыт қашықтығына байланысты, онда орын алатын оқиғалардан бейхабар болсақ, криптофантастикалық шығармаларда түрлі құпия-сырларға тап боламыз. Мұндай шығармаларда кездесетін фантастикалық мотивтер белгілі бір модальды шектеулер арқылы көрінуі мүмкін. Онда оқиға бізге білінбей белгілі бір жерде орын алады. Ойдан шығарылған кейіпкерлер мен жағдаяттар көркем шығарманың барлық түрінде кездесетіні сөзсіз. Тіпті, тарихи романдардың өзінде автор өткен дәуірге көз тастай отырып, мәтінді әрлендіре түсу үшін түрлі «еркін» тәсілдерді қолданады. Бірақ тарихи романдарды «дұрыс әлемді дұрыс тілмен жеткізудің тілдік тұжырымдамасына» жататынына ешкім талас тудырмайды. Сондықтан тарихи романдар сынды ғылыми фантастика жанрына қатысты тарихи шығармаларды зерттеумен айналысқан Ф. Анкерсмиттің мына сөздерін келтіруге болады: «Шығармадағы оқиғалар өткен тарихпен дәл келе ме, жоқ па деген тарихшылардың айтысы жай тексерумен шешіле қоймайды. Біз өткен өмірде не болғанын музейлер мен кітапханаларда сақталған суреттер мен көне еңбектер арқылы нақты біле алмаймыз. Тарихшылар арасындағы талас-тартысты бұлайша шешу мүмкін емес» [13, 108].

Сондықтан да жоғарыда айтылған логикалық байланысты тікелей қабылдауға болмайды: жан-жақты талдау жасау барысында көптеген фантастикалық шығармаларда фантастикалық феномендер шынайы әлемдегі әдеттегі қағидаларға қайшы келгенімен, логикалық тұрғыда мұндай қайшылықтар тарихи романдарда қолданылатын тарихи тұлғалардың арасындағы диалогтарда да кездеседі. Мұндай қайшылықтар тарихи романдарда да, ғылыми фантастикада да болады. Бұл суретшінің ой-өрісі мен арман-мақсаттарына байланысты. Тарихи романдарда оқырман өткен өмірдің куәгері болса, фантастикалық романдарда оқырман болашақ өмірге көз жүгіртіп, әлемнің түкпір-түкпіріне саяхат жасау мүмкіндігіне ие болады. Осылайша, ғылыми фантастика мен реалистік бағыттағы шығармаларды әлемді барлық кеңістікпен уақытқа қатысты логикалық өлшемдерін сақтай отырып, суреттеу әдісі біріктіреді.

Ғылыми фантастиканы «мүмкін болатын әлемдер» теориясы тұрғысында қарастырсақ, аталмыш жанрдың маңызды сипатта-

рының негізін көре аламыз. Бұл Кант пен Лейбництің еңбектерінен бастау алып, фин ғалымы Я. Хинтикканың зерттеулерінде өз жалғасын табады. Хинтикканың көзқарасы бойынша, «мүмкін болатын әлем» – «мүмкін болатын белгілі бір жағдай немесе оқиға дамуының мүмкін болатын бағыты» деп түсіндіруге болатын категория [14, 38]. Ол «мүмкін болатын әлемдердің» бір түрі ретінде «эпистемология тұрғысынан мүмкін, бірақ логикалық тұрғыда мүмкін болмайтын әлемді» ерекше көрсетеді. «Эпистемология тұрғысынан мүмкін» деген сөз – «танымдық әрекеттердің нәтижелері», яғни шынайы өмірге сәйкестігі дәлелденбеген нәтижелер. Оларға болжам, жорамал, күдік, пікір мен наным-сенім жатады. Аталған ұғымдар фантастикалық әлемді құрудың негізі болып табылады [15, 8].

«Эпистемиялық мүмкін әлемдердегі» мүмкіндіктер шегі оқырманның танымдық қабілеттері мен ғылыми фантастикалық шығармаларда бейнеленген әлемнің шындығына көз жеткізуге ұмтылысына байланысты субъективті категория болып табылады. Ғылыми фантастикалық шығармаларда бейнеленген әлемнің логикалық тұрғыдан мүмкін болмауын анықтау тек оқырманның танымдық қабілеттеріне ғана емес, сонымен қатар мәтіннің құрылу ерекшеліктеріне де байланысты, яғни мүмкін болатын әлемде кездесетін қайшылықтардың анық көрінуіне немесе оның өте тереңде жасырылғанына байланысты болмақ.

Ғылыми фантастикаға қайшылықтарды тереңге жасыру тән. Ол ұзақ ғылыми сипаттаулар арқылы жүзеге асады. Мұндай қайшылықтар фантастикалық феномендерге бағытталған сипаттаулармен бірге шығармада көрінбей қалуы мүмкін. Міне, бұл – ғылыми фантастика жанрының негізгі сипаты. Осы сипаттарға сәйкес келетін араб тіліндегі ғылыми фантастикалық шығармаларды төмендегідей жіктеуге болады:

- техникалық фантастика. Мұндай шығармалардың негізгі міндеті – «ғылымның жетістіктерін» насихаттау. Бұл бағытқа Тафик Мұхаммедтің «سفر عبر الزمان» атты әңгімесін, Салах Маатидың «الطفرة» және Ниһад Шарифтің «عندما ترهق اللالة» атты шығармаларын жатқызуға болады.

- элеуметтік утопия. Мұндай шығармаларда бейнелеудің объектісі ретінде таптар арасындағы күрес алынады.
- гео-этнографиялық фантастикада оқиға Жердің түкпір-түкпірінде орын алады. Аталмыш бағытқа жататын шығармаларда сыртқа антураж ғылыми сипаттаулар арқылы көрініп, оқиға қандай да бір ғылыми жаңалық төңірегінде өрбиді. Мәселен, Салах Маатидың «الطفرة», «السجين زد», Ни-һад Шарифтің «رقم 4 أمرکم» атты шығармалары.

Қазіргі кезде араб елдерінде үлкен жетістікке жеткен технологиялық фантастиканы толығымен ғылыми фантастикалық шығарма деп атауға болады. Әлемдегі ғылыми-техникалық жетістіктерге және араб елдерінің ғылым мен техника саласында артта қалуына байланысты фантастиканың елдің осы салада дамуына қызмет етуі тиіс болды. Жазушы-фантастар өз шығармалары арқылы жастарды ғылымға жетелеп, оларды рухтандыра отырып, түрлі ғылыми-техникалық жаңалықтар ашуға шақырды. Мұндай техникалық шығармаларды белгілі бір ғылым саласында үздік маман атанған ғалымдар жаза бастады. Араб тіліндегі ғылыми фантастикалық шығармалардың батыс және орыс фантастикасынан ерекшелігі, онда кейіпкерлердің жан дүниесі мен психологиясына үлкен мән беріледі. Шығармадағы фантастикалық элементтердің бейнеленуіне қарай ғылыми фантастикалық туындыларды төрт топқа бөліп қарастыруға болады:

А) технологиялық утопияда шынайы өмір суреттелсе де, онда фантастикалық элемент бейнелеудің негізгі объектісіне айналады. Жазушы шығармада кездесетін фантастикалық элементке аса мән беріп, оны шындық ретінде көрсетеді.

Ә) технологиялық утопияға пародия. Мұндай шығармаларда фантастикалық элемент маңызды орын алып, шынайы суреттелгенімен, шын мәнінде ғажайып нәрсе болып тыбылады. Ондағы фантастикалық мотивтер комизм үшін қолданылады.

Б) элеуметтік-технологиялық утопия. Мұндай шығармаларда фантастикалық элементтер тұтас фантастикалық әлем ретінде суреттеледі. Ол тұтас алғанда ақылға қонымды әрі шынайы түрде суреттеліп, бейнелеудің негізгі объектісіне айналады. Шығармада кейіпкердің жан дүниесіне аса мән беріліп, фантастикалық элементтер фон ретінде қолданылғанымен, өте шынайы суреттеледі.

В. Кайтох өзінің еңбегінде кейбір ғылыми фантастикалық шығармаларда ғылыми фантастика жанрына тән негізгі принциптеріне, әсіресе ортақ негіз принципіне қайшы келетін компоненттердің кездесетінін айтады. Оның ойынша, мұндай компоненттер үш түрлі болады:

1. Шынайы өмірде орын алған құбылыстардың аллегориясы болып табылатын фантастикалық элементтер.

2. Ортақ негіз принципіне қайшы келгенімен, аллегория ретінде қолданылмайтын фантастикалық элементтер.

3. Аллюзияға айналған фантастикалық элементтер. Мұндай жағдайда шығарманың шынайылығы шартты сипатқа ғана ие болады [16, 624].

Осылайша, В. Кайтох фантастикалық мотивтерді ортақ негіз принципіне сәйкес келу деңгейіне қарай үш топқа жіктейді. Ғылыми фантастика тек ортақ негіз принципіне ғана емес, сонымен қатар мүмкіндіктер принципіне де негізделеді. Әлем көрінісінің мүмкіндік принципін бүгінгі таңда тек жаратылыстану ғылымдары ғана емес, сонымен қатар физика сияқты нақты ғылымдар да мойындады. Ғылыми фантастикада зерттеу пәні түрлі мүмкін болатын жағдайларда қарастырылып, көркемдік тәсілдер арқылы осы мүмкіндіктер жан-жақты зерттеледі. Кез келген нәрсе өзіне тән шынайылықтан басқа түрлі мүмкіндіктерге ие. Шығармашылық қиял мен басқаша ойлау арқылы шынайы әлемді мүлдем басқаша көруге болады. Ғылыми фантастикада пайда болған жаңа объектілердің ақиқаттығы мен жалғандығы туралы нақты айта алмаймыз [17, 81].

Америкалық философ Джон Дьюи өзінің еңбегінде былай жазған болатын: «Фантазия ұғымын еркін түсіндіретін болсам, ешқандай да әсірелеусіз, адам баласы қандай да бір еңбекпен шұғылданып жатқан кезден басқа уақытта шынайы әлемде емес, жетістіктер мен сәтсіздіктерден тұратын, адамның арман-мақсаттарынан құралған фантастикалық әлемде өмір сүреді» [18.33].

Ғылыми фантастикада басқа да әдеби жанрлар секілді уақыт пен кеңістік бастапқы негіз болып саналады. Бір ерекшелігі ғылыми фантастикада уақыттың қасиеттері кеңістікте ашылып, ал кеңістік уақыт арқылы өлшенеді. Ғылыми фантастикалық шы-

фармаларда автор өзінің гипотезаларын қолдана отырып, жаңадан құрылған үлгі негізінде болашақты болжауға көмектеседі. Бұл шындық пен қиялдың бірігуі арқылы орын алады. Ғылыми фантастикада қолданылатын (ғылыми заңдылықтарға сәйкес) экстраполяция және модельдеу тәсілдері шығармада суреттелген жағдайлардың шынайы өмірде жүзеге асуының зардаптарын ғылыми тұрғыда бақылап отыруға мүмкіндік береді. Ғылыми фантастикаға тән сипаттардың бірі ондағы шығармашылық қиялдың ғылыми-болжамдық тәсілдерге тәуелділігінде жатыр. Жазушы-фантастардың шығармаларында кездесетін жаңа образдар мен жаңа идеялар бұрынғы дәстүрлердің өзгеріске ұшырап, жаңа мәдени дәстүрлердің қалыптасуына әсер етеді. Ғылыми фантастикалық шығармалардағы ғылыми болжамдар болашаққа көз жүгіртіп, адам баласының келешегін анықтауда үлкен маңыздылыққа ие. Ғылыми фантастикалық шығармалардың авторлары түрлі көркемдік тәсілдерді қолдана отырып, алыс болашақтағы ғылыми-техникалық, мәдени жетістіктер мен әлеуметтік өзгерістерді алдын ала болжап берген болатын. Ғылыми фантастиканың негізін салушы Жюль Верн, Герберт Уэллс, Мэри Уоллстонкрафт Шелли, Эрнест Теодор Амадей Гофман, Курт Лассвид, Александр Фомич Вельтман және Владимир Федорович Одоевский сынды жазушы-фантастар ескі және жаңа құндылықтарды үйлестіруге ұмтылды. Адамзат өркениетіндегі ғылыми-техникалық жетістіктер, түрлі ғылым саласындағы таңғаларлық жаңалықтар бұрын-соңды болмаған жаңа проблемалардың туындауына әкеліп соқты: адамгершілік құндылықтардың жойылуы, ғалымдардың әлеуметтік жауапкершілігі, жаңа технологияларды қолдану мен тәжірибелер жүргізу барысында жіберілген қателіктерден туындайтын зардаптар және т.б. Жюль Верн өз шығармаларында ғылымды насихаттап, тек ғылым ғана адам баласын үлкен жетістіктерге жетелей алады деген пікірді ұстанғанымен, атақты жазушы-фантаст өмірінің соңына қарай өзінің еңбегінде: «ғылымның жетістіктері адамгершілік құндылықтарынан жоғары тұрмауы керек», – деген болатын [19].

Кибернетиканың негізін қалаған Н. Винер өз еңбегінде: «Адамның басқа сүтқоректі жануарлардан ерекшелігі адам баласының өте жоғары деңгейде болжам жасай алу қасиетінде жа-

тыр», – десе [20, 290], ғалым С. Анохин «Тек қиял арқылы ғана болашақты болжауға болады», – деп, адам баласының өмірінде қиялдың қаншалықты маңыздылыққа ие екенін көрсетуге тырысады [21, 40].

Ғылыми фантастиканың болжам жасау қызметі ғылым мен техникаға байланысты туындаған түрлі мәселелерді шешуге бағытталған жаңа идеялардың дүниеге келуіне негіз болып қана қоймай, сонымен қатар әлі күнге дейін ғылыми зерттеудің нысанына айналмаған жаңа техникалық құралдар мен идеялардың пайда болуына септігін тигізеді. Америка мен Батыс елдерінде жазушылар өз шығармаларында клондау мен жасушалардың құрылымы, жер, су асты әлемі мен аспан әлеміне саяхат жасап, ай бетіне де қадам басады. Осындай туындылардан соң жүздеген жылдар өткеннен кейін адам баласы өз ізденісі мен еңбегінің арқасында адам сенгісіз жетістіктерге қол жеткізіп, айға да қонды. Осылайша, әдебиет ғылымның дамуына өзіндік үлес қосты. Адам баласы аспан әлеміне саяхат жасап, робот, машина, ұшақ, сүңгуір кемелер секілді түрлі техникаларды ойлап тауып, физика, биология, генетика сияқты ғылым салаларында көптеген жаңалықтар ашты [22].

Фантастиканың басқа түрлерінен ғылыми фантастиканы ерекшелеп тұратын негізгі сипаты ретінде «шындықты қайта жасау» тәсілін айтса болады. Е.Н. Ковтунның айтуы бойынша, ғылыми фантастика шынайы объектілерді фантастикалық образдармен қайта жасай отырып, шынайылықтан бас тарту болып табылады. Ғылыми фантастикалық шығармаларға талдау жасау барысында доминанта ұғымы қолданылады. Ғылыми фантастикадағы доминанта немесе негізгі идея – таңғажайып, фантастикалық элементтер арқылы шынайы әлемді бұрмалау.

Ғылыми фантастикалық шығармалар белгілі бір заңдылықтар мен жанрлық стандарттарға сәйкес болуы тиіс. Егер мұндай сәйкестік болмаса, аталмыш шығармалар ғылыми фантастика жанрына жатқызылмайды. Ғылыми фантастиканың осы сипатына байланысты ғылыми фантастикалық шығармаларды бірнеше рет кодталған мәтін ретінде қарастыруға болады. Бірінші шифрға шығарманың тілі жатса, екінші шифр ретінде белгілі бір жанрлық заңдылықтар мен ережелердің болуын атап өтсе бола-

ды. Ю.М. Лотманның айтуы бойынша, Ғылыми фантастикалық мәтіндердегі үшінші шифр – мәтіндегі аллегория [23, 10].

Ғылыми фантастика – фантастикалық мотивтерді суреттеудің объектісі ретінде қолданылып, ғылыми-техникалық антуражды құрып, ортақ негіз принципін ұстанған жағдайда ғана пайда болатын әдеби жанрдың түрі. Т.Б. Радбильтің жасаған классификациясы бойынша, ғылыми фантастикада бейнеленген әлем «дұрыс әлемді дұрыс тілмен жеткізуге» жатады. Ғылыми фантастика жанрына тән ерекше тілдік құралдар (термин сөздер, кісі аттары) ортақ негіз принципіне сәйкес қолданылуы керек. Ғылыми фантастикалық шығармалар жоғарыда аталған үш сипатқа негізделіп отырып, танымдық және болжамдық қызметтер атқарады.

Ғылыми фантастикалық шығармалардың ерекшелігіне ондағы *фантастикалық феномен* туралы ақпараттарды оқырманға жеткізу үшін автор қолданатын арнайы әдіс-тәсілдерді жатқызуға болады. Мұндай тәсілдерді қарастырмай тұрып, ең алдымен, «фантастикалық феномен» деген ұғымға тоқталып көрелік. Бұл термин алғаш рет К.Г. Фрумкиннің еңбегінде фантастикада қолдануға болмайтын «керемет» деген сөздің синонимі ретінде кездеседі [24, 52]. Р.Е. Тельпов өзінің еңбегінде К.Г. Фрумкиннің ойларына сүйене отырып, «фантастикалық феномен» ұғымына былайша анықтама береді: «Фантастикалық феномен бұл ғылыми фантастикада шынайы өмірде қалыптасқан заңдылықтарға қайшы келетін объектілер мен айғақтар болып табылады» [25, 119].

К.Г. Фрумкин фантастикалық феномендердің екі түрін бөліп көрсетеді: гносеологиялық (фантастикалық феноменнің оқырманға жеткізілу тұрғысынан) және онтологиялық (автордың фантастикалық феноменді түсіндіруіне қарай). Фантастикалық феномен арнайы атаулармен берілуі мүмкін (сөзжасам, неологизмдер). Сонымен қатар мифологизмдер (күдіретті күштер, эзәзілдер және елестер) мен фантастикалық феномендердің ерекше сыртқы сипаттарын (жасыл адам, жатпланеталық, ұшатын тарелка, түрлі құбыжықтар) атау арқылы да беріледі. Белгілі бір құбылысқа атау беру фантастикалық феномендерді танудың соңғы кезеңі болып табылады. Ғылыми фантастикалық шығармалардағы арнайы атаулармен атанған фантастикалық феномен

кейіпкерлер үшін емес, тек оқырмандар үшін ғана фантастикалық және ғажайып дүние болып қалмақ. Енді араб жазушыларының шығармаларында кездесетін фантастикалық феномендердің мағынасын ашуға көмектесетін мәтіндерді қарастыратын боламыз. Ғылыми фантастика әлемі бұл жаңа сөздер мен жаңа ұғымдар әлемі болғандықтан, оны оқырманға дәл әрі түсінікті етіп жеткізу үшін авторға үлкен еңбек ету керек. К.Г. Фрумкиннің өзі: «оқырман қауымға түрлі фантастикалық объектілер туралы түсініктеме беру жазушы фантастың міндеті болып табылады», – дейді. Бұл редукция әдісі арқылы, яғни мәтінде кездесетін фантастикалық феномендер туралы алдын ала ақпарат беру ақылы жүргізіледі. Сондықтан да, ғылыми фантастикалық шығармаларды оқу барысында, оны терең түсіну үшін оқырманның белгілі бір ғылым салаларынан білімі болуы қажет. Бірақ оқырманның алдын ала білімі болуы уақытқа байланысты өзгеріп отыратын категория саналады. Араб елдерінде 80-90 жылдары жарық көрген ғылыми фантастикалық шығармаларда кездесетін фантастикалық феномендердің шеңбері әлі нақты қалыптаспаған болатын. Қоғамда қалыптасқан жағдайдың фантастика стиліне әсер етуі ғылыми фантастикалық шығармаларға қойылатын эстетикалық-идеологиялық талаптардың сипатын анықтап берді. *Араб тілінде жазылған ғылыми фантастикалық шығармалардың негізгі міндеті ғылыми-техникалық жаңалықтарды насихаттау болып табылады.* Сонымен қатар араб ғылыми фантастикасының Батыстың көңіл көтеретін шығармаларынан тағы бір ерекшелігі оның тәрбиелік-танымдық қызметінде жатса керек. Сондықтан араб тіліндегі ғылыми фантастикалық шығармаларда туындының негізі болып табылатын фантастикалық феномендерді түсіндіруге үлкен көңіл бөлінеді. Мұндай шығармалардың қатарына мысырлық фантаст С. Маатидың әңгімелерін жатқызуға болады. Жазушы өзінің әңгімелерінде оқырмандарға фантастикалық феномендер туралы толық ақпараттар беруге тырысады. Мысалы, жазушының 1991 жылы жарыққа шыққан «Бес минуттық ғұмыр» атты жинағына енген «Робот» атты әңгімесінде жазушы роботтың қандай қызмет атқаратынын, қалай және қашан пайда болғанын, оның ішкі құрылысына дейін егжей-тегжейлі сипаттап береді:

وحد لأول مرة منذ تسعة أعوام . أنتجته شركة (أ . ر . س) للعقول الذكية ، عندما دعت الضرورة وجود عقل إلكتروني على درجة عالية من الذكاء . وكان روبوت هو أفضل إنسان آلي متطور على الأرض . بداخله طرفيات ذكية على درجة عالية من الدقة والإتقان ، يستطيع استيعاب وتخزين أكبر قدر من البيانات والتعليمات ، أمكن تطويره حديثا ليقوم بكافة الأعمال الإنسانية . ارتاد الفضاء ثلاث مرات وعاد بمعلومات قيمة عن الكواكب والمجرات البعيدة التي تقع خارج مجموعتنا الشمسية . استطاع اكتشاف علاج سريع وفعال ضد مرض السرطان دون إجراء أية جراحات أو علاجات كيميائية ، فكان فتحا عظيما في المجال الطبي [26، 7].

«Ол алғаш рет осыдан он жыл бұрын пайда болды. Оны өте ақылды жасанды интеллектінің қажеттілігі туындағанда IRS компаниясы ойлап тапты. Робот жер бетіндегі ең күшті дамыған темір адам болды. Ол өте жоғары дәлдікпен жұмыс істейтін ақылды терминалдардан тұрады, мәліметтер мен нұсқаулықтардың үлкен көлемін сақтап, меңгере алады және адамзат баласының барлық шаруасын орындау үшін әрі қарай дами алатын да еді. Ғарышқа үш рет ұшырылып, біздің күн жүйемізден тыс орналасқан алыстағы ғаламшарлар мен галактикалар туралы құнды ақпараттармен оралды. Ешқандай операциясыз, химиялық әрекетсіз-ақ рак ауруын тез әрі тиімді жолмен емдеуді ойлап тапты. Бұл медицина саласындағы үлкен жетістік болатын [27, 22].

Жазушының «Мутация» атты келесі бір шығармасында да генетика саласының ғалымы доктор Рақиқ ұсқынсыз Бәу атты балаға тап болады. Ол бала ағзасының мутацияға ұшырау себептерін зерттеп, Бәуді өз бақылауына алады. Бірнеше күн бойы тынымсыз еңбек еткен дәрігер бұл мутацияның емін табу үшін бар күшін жұмсайды. Автор өзінің осы әңгімесінде түрлі мутациялардың себебі мен генетика саласындағы нақты заңдылықтарды, сонымен қатар медицина саласындағы жетістіктерді дәрігердің сөздері арқылы түсіндіруге тырысады. Аталмыш әңгімедегі басты фантастикалық феномен Бәу және түрлі мутациялар мен генетика саласындағы соңғы жаңалықтар болып отыр. Бұл феномендерді оқырманға егжей-тежейлі түсіндірмесе, әңгіменің мазмұнын түсіну қиынға соғар еді. Жазушының «Бес минуттық ғұ-

мыр» атты жинағына енген аталмыш әңгімеде дәрігер мутацияның пайда болу себебін былайша түсіндіреді:

.. لو تلكاً أحد الكروماتيديين في انفصاله عن الآخر يظل معه في خلية واحدة ولا ينتقل إلى الخلية الأخرى . ينتج عن ذلك أن إحدى الخليتين الناتجتين تزيد كروموسوما بينما تنقص الأخرى كروموسوما . هذا من شأنه أن يحدث خلا في النظم الدقيقة لنظرية الوراثة وبالتالي يحدث تغيير في التركيب الكيميائي للجينات نتج عنه ظهور صفات وراثية جديدة .. وهنا تحدث الطفرة .. كما في حالة " بو " [26، 18].

Егер екі хроматидтің біреуі бөліну барысында екіншісінен баяулап қалса, ол басқа жасушаға өтпей, бір жасушада қалып қояды. Осының нәтижесінде жасушаның бірінде хромосомалар саны азайса, екіншісінде хромосомалар саны көбейе түседі. Бұл генетика теориясы бойынша, өте нақты жүйеде қандай да бір ақаудың пайда болуына әкеледі. Осылайша, гендердің химиялық құрамында жаңа генетикалық сипаттардың орын алуына әкеп соғатын өзгерістер пайда болады. Осы кезде «Бәудің» жағдайындағыдай мутация орын алады... [27, 45].

Фантастикалық феномендерді сипаттаудың бір тәсілі – метамәтіндік әдіс. Бұл әдіс бойынша, автор өзінің шығармасына қосымша ретінде өз атынан фантастикалық феномендер туралы ақпараттар береді. Мысалы, шығарманың соңында әңгімеде кездесетін түрлі техникалық терминдердің сөздігін беруге болады. Мұндай әдіс жазушылардың алғашқы шығармаларында жиі қолданылады. Метамәтіндік әдіске жақын келетін тағы бір әдіс фантастикалық феномендерге автор тарапынан жасалатын түсіндірмелер болып табылады. Мұндай түсіндірмелерді автор сөзімен кірісіп кеткен кейіпкердің сөздері мен ой қорытындылары, болжамдары мен пайымдаулары арқылы беруге болады. Мысалы, жинаққа енген «Мутация» атты ғылыми фантастикалық әңгімеде автор дәрігердің ойы арқылы ДНҚ туралы ақпарат беруге тырысады:

.. نحن نعلم أن الخلية تتوسطها نواة يدور حولها سيتوبلازم . داخل كل قناة عدد ثابت من الكروموسومات موزعة داخل النواة وبترتيب معين . كل كروموسوم يحمل عددا من الجسيمات دقيقة للغاية ومنظمة في صفوف طولية تسمى " جينات " .. هذه الجينات تحمل

الصفات الوراثية للإنسان .. فبدخلها يوجد الشريط الوراثي الحلزوني الذي عليه شفرة الحياة .. [17، 26].

Біз жасушаның ортасында цитоплазмамен қоршалған ядро бар екенін жақсы білеміз. Әрбір қатпаршада нақты тәртіп бойынша ядроның ішінде орналасқан белгілі бір мөлшердегі хромосомалар болады. Әрбір хромосома «ген» деп аталатын бір сызықтың бойымен тізбектеле орналасқан денелерден тұрады. Осы гендер адам баласының генетикалық сипатын көрсетеді... Ал оның ішінде өмірдің шарт белгісінен тұратын ДНҚ болады... [27, 45].

Міне, жоғарыда келтірілген жанама ой арқылы автор оқырманға жасушаның құрылымы, хромосомалар мен ДНҚ-ны сипаттап береді. Келтірілген үзінді арқылы автор оқырманға генетика саласынан ақпарат беруге тырысады. Бұл – шығарманың кейіпкері генетика саласының маманы, дәрігер Рақиқ үшін бұрыннан белгілі дүние. Ол генетика саласының маманы болғандықтан да, жасушаның құрылымын жақсы білуге тиіс, ол үшін бұл таңсық нәрсе емес. Автор кейіпкердің ойы арқылы оқырманға түсіндірме бере отырып, фантастикалық феномендерді сипаттауға тырысады.

Мұндай сипаттаулар әңгіменің бірнеше жерінде кездеседі. Автор фантастикалық феноменге өз тарпынан да, кейіпкерлердің сөздері арқылы да, жиі-жиі сипаттама беріп отырады. Енді жазушының «Шейх Масғұдтың көріпкелдігі» атты әңгімесінен мына бір үзіндіні келтірейік:

لسنا أشباحا كما تظنون بل إنسيين أمثالكم ولكن لنا طبيعة خاصة . أنت فوق كوكب صغير يسمى " سهيل " يبعد عن كوكبكم الأرض مئات السنين الضوئية . إننا نراقبكم منذ زمن بعيد بواسطة أجهزتنا المتقدمة وحان الوقت للاتصال بكم . نحن نقوم بعمل تجارب على إنسان الأرض [27، 26].

Біз сен ойлағандай, елес емеспіз. Біз де сендер сияқты тіршілік иесіміз. Бірақ біздің табиғатымыз мүлдем басқаша. Сен қазір жер планетасынан жүз жылдық қашықтықта орналасқан «Канопус» деген кішкентай планетадасың. Шынында, біз

сені соңғы шыққан аппараттарымыз арқылы көптен бері бақылап жүрміз. Енді сенімен байланыс орнататын уақыт та жетті. Біз жер бетінде өмір сүріп жатқан адамдарға тәжірибе жұмыстарын жүргізіп жатырмыз [27, 68].

Жоғарыда келтірілген үзіндіде Каноус планетасы туралы сөз қозғалғанымен, бұл планета туралы көп ақпарат берілмеген. Тек Каноус планетасының жер бетінен жүз жылдық қашықтықта орналасқаны туралы ғана айтылған. Себебі бұл жердегі фантастикалық феномен әңгімеде тек жалпы фон ретінде ғана қолданылып тұр.

Сонымен қатар ғылыми фантастикалық шығармаларда адам мен оның қоғамда алатын әлеуметтік орнына үлкен мән берілетінін ерекше атап өтуге болады. Ғылыми фантастикалық шығармаларда қозғалатын басты тақырып – «Адамзаттың болашағы мен адамзат дамуының мәні». Бұл тақырып ХІХ ғасырда ғылым мен техниканың дамуымен қатар пайда болды. Осы тақырыптың жиі қозғалуы ғылыми фантастиканың басқа әдеби жанрдан ерекшелігін көрсетеді. Ғылыми фантастика антропологиялық және әлеуметтік үдерістерді модельдеудің құралы ретінде беллетристикалық ойдан шығарылған тәжірибелер арқылы ерекше жағдайлардағы адам баласының әрекеттеріне талдау жасауға мүмкіндік береді. Шығармадағы түрлі тәжірибелер арқылы адамзатты әлі де белгісіз, бірақ болашақта болуы мүмкін құбылыстар мен өзгерістерге дайындайды. Сонымен қатар ғылыми фантастика шынайы өмірде жаңа мүмкіндіктер беретін ғылыми-техникалық жаңалықтар ашуға алғышарттар жасайды. Ғылыми фантастика физика, космология, антропология, биология, математика, философия және т.б. ғылым салалары арқылы болашақта жаңа ғылымның пайда болуына жол ашады [28].

Ғылыми фантастика ХХ ғасырда өзінің жеке құндылықтарының арқасында әдеби жүйе ретінде қалыптасты. Қазіргі ғылыми фантастиканың негізгі сипаты фантастикалық элементтердің қосымша қызмет атқармай, өзіндік мәнге ие болуында жатыр. Ғылыми фантастикалық шығармалардағы басты кейіпкер жанжақты дамыған адам баласы болып табылады. Көптеген фантастикалық шығармалардың негізінде адам өзінің білімі арқылы ға-

на табиғаттың тылсым күштеріне үстемдік жүргізе алатыны айтылады [29].

Көптеген араб жазушыларының ғылыми фантастикалық шығармаларында қозғалатын *басты тақырып адам мен технология* болып табылады. Мысалы, С. Маати өзінің «Қашқын Зед» атты әңгімесінде адамзатты ғасыр індетінен құтқарып, бүкіл адам баласына төнген қауіп-қатердің алдын алмақ болып, өлім жазасына кесілген тұтқынға тәжірибе жүргізген мысырлық дәрігер Хишам туралы жазылған. Ол зертханалық әдіс арқылы ЖИТС ауруының вирусына қарсы тұра алатын жаңа «Зед» вирусын ойлап табады. Бұл шығармада да вирус ғажайып жолмен өздігінен пайда бола қалмайды. Кейіпкер қазіргі кездегі жаңалықтар мен ғылыми заңдылықтарға сүйене отырып, біраз зерттеу жұмыстарын жүргізіп, көп еңбек етеді:

فيروس دقيق دقيق . لا يرى إلا تحت عدسة مجهر قوي . وهو بذلك يعد أصغر كثيرا من الفيروسات المعروفة لنا حتى الآن . أصل الإصابة بالمرض وصول الفيروس إلى الدم ، فيؤثر في الخلايا الليمفاوية بالجسم فيحد من قدرتها على تصنيع المواد المضادة .. ولكنني لاحظت تشابها كبيرا بين هذا الفيروس وبين ما ينتج من بعض المركبات الكيميائية المخلفة معمليا .. [49, 26].

Вирус – өте ұсақ. Оны тек күшті микроскоп арқылы ғана көруге болады. Осы уақытқа дейін бізге белгілі болған вирустардан әлдеқайда ұсақ. Вирус қанға енгеннен бастап аурудың белгілері байқалады. Ол денедегі лимфа жасушаларына әсер етіп, антиденелердің пайда болуын шектейді... Бірақ осы вирустың зертханалық жолмен алынған химиялық компоненттермен көп ұқсастықтары бар екенін байқадым [27, 123].

Ал төмендегі үзіндіде автор өзінің белгілі бір ғылым саласындағы білімдерін пайдалана отырып, адам баласын қатерлі дерттен құтқаруға ұмтылады және ғалымдардың ізденісіне түрткі болу мақсатында тілдік құралдарды тиімді қолданады:

وكان علي أن أقوم بمعالجة المسحوق الفيروسي ببعض المركبات الكيميائية كالأحماض والقلويات ، والمركبات العضوية الأخرى مثل الأمينات والبروتينات .. وعدت أدون ملاحظاتي من جديد .. [49, 26].

Сілті мен қышқыл сияқты кейбір химиялық компоненттерді, аминдер мен ақуыздар сияқты басқа да органикалық заттарды қолдана отырып, қайтсем де бұл вирустың емін табуым керек... Байқағандарымды қайта жаза бастадым [27, 124].

Сол секілді араб жазушыларының ғылыми фантастикалық шығармаларында төмендегідей тақырыптар жиі қозғалады.

Ғарыш әлеміне саяхат, яғни адам баласы күн жүйесіндегі жақын планеталарға, жұлдыздарға, тіпті, басқа да галактикаларға сапар шегеді. Мысалы, сириялық жазушы Диаб Аидтың «نداء الكوكب الأخضر» атты шығармасында эстониялық Юри, бразилиялық Питр, араб Қаис пен угандалық ғарышкер әйел Иза және темір адам Джаку Стифани планетасына сапар шексе, мысырлық жазушы С. Маатидың «Шейх Масғұдтың көріпкелдігі» атты әңгімесінде бас кейіпкер Канопус планетасына саяхат жасайды.

Жатпланеталықтармен байланыс. Мұнда адамдар жердің түкпір-түкпірінде жасырылған, алыс-жақындағы жұлдыздар, Марс, Венера сияқты басқа да планеталардың тұрғындарымен байланысқа түседі. Сонымен қатар мұндай ғылыми фантастикалық шығармаларда жатпланеталық келімсектердің жер бетінде үстемдік орнатуы туралы да айтылады. Ниһад Шарифтің «توقفت الساعة», Диаб Аидтың «نداء الكوكب الأخضر», Салах Маатидың «Шейх Масғұдтың көріпкелдігі», «Гильотина қателескен кезде» және «Мәжнүн» атты шығармаларын мысал ретінде келтіруге болады.

Пареллель әлемдер – Жер сияқты, бірақ оған параллель кеңістікте орналасқан әлемдер мен планеталарды суреттеу. С. Маатидың «Мәжнүн» атты әңгімесінде бас кейіпкер атақты психолог Омар өзінің ғашығынан жер асты әлемі туралы естіп-білсе, тунистік жазушы-фантаст әл-Нади Сабиттің «Уәзірдің құдығы» атты шығармасында Мұхаммед телефон арқылы жатпланеталықтармен байланысқа түсіп, жаңа өркениет туралы мәлімет алады.

Машиналар көтерілісі. Ғылыми-техникалық жетістіктің нәтижесінде робот сынды түрлі техникалық құралдар адам өмірінде үлкен маңыздылыққа ие болып, тіпті, адамға қарсы шыға бастайды. С. Маатидың «Робот» атты әңгімесінде адам баласының

барлық әрекеттеріне қатысып, қоғамның дамуына зор үлес қосқан робот адам баласына қызмет етуден бас тартып, өзін ойлап тапқан Жәләл Йақубты өлтірмекші болады. Н. Шарифтің «توقفت عقارب الساعة» атты ғылыми фантастикалық шығармасында ақылды машиналар дүниеге келгеннен бастап, бірте-бірте дами отырып, адам баласын, тіпті, бүкіл жер бетіндегі мақұлықтарды өзіне бағындырып, олардың сана-сезімін билеп алуға ұмтылатыны туралы айтылады.

Мутация және гендік инженерия. Жер бетінде түрлі мутациялардың пайда болуы мен олардан құтылу жолдары және гендік инженерияның жетістіктері айтылады. Мысырлық жазушы Салах Маатидың «Мутация» атты ғылыми фантастикалық әңгімесінде дәрігер Рақиқ Абдулуәһәб гендік трансплатация әдісін қолдану арқылы мутацияға ұшыраған Бәу атты баланың өмірін құтқарып қалуға ұмтылады.

Зерттеу. Ғылыми фантастикалық шығарманың кейіпкері қандай да бір зерттелмеген, адам баласына әлі күнге дейін белгісіз болып келген объектіні не құбылысты зерттеумен айналысады. Мысалы, Ниһад Шарифтің «Ғажайып планета» деп аталатын бір әңгімесінде атақты ғалым Самих жаңа таңғажайып планетаны зерттеумен айналысады. Мұндай шығармаларға С. Маатидың «Мутация», «Қашқын Зед», «Бес минуттық ғұмыр» атты әңгімелерін де жатқызуға болады.

Жазушы өз шығармаларында құрғақ тіл мен бос қиялға берілмей, осылайша, ғылыми заңдылықтарға сүйене отырып, ғылыми пайымдаулар мен болжамдар жасап, ғылымның дамуына өзіндік үлес қосады. Жазушы өзінің ғылыми фантастикалық әңгімелерінде осындай ұсақ тіршілік иелерінің әлеміне көз жүгіртіп, адам баласы әлі күнге дейін дәл емін таба алмай келе жатқан қатерлі дертті жеңуге ұмтылыс жасайды. Бұл идея адам баласының қатерлі дерттерден біржолата арылып, өмірлі болуын армандағанынан, адамзат дамуына деген ақ ниетінен туындаған. Мұндай әңгімелерде де белгілі бір заңдылықтарға сүйеніп, термин сөздерді қолдану арқылы өзіндік стильге, ғылыми сипатқа ие болады.

Араб ғылыми фантастикасының тілдік ерекшеліктері

Көркем әдебиеттің негізгі құралы – тіл. Ұста металды, суретші бояуды қандай жақсы білсе, жазушы да тілді сондай жақсы білуі керек. Онсыз ол өзінің ой-сезімін, өмір тәжірибесін басқаларға суреттеп жеткізе алмайды, өмір көрінісін, адам образын жасай алмайды. Тіл – сөздердің жиынтығы. Солардың ішінен ең жақсыларын тандап, талғап алу және оларды сөйлемде орнын тауып қиюластыра білу жазушының шеберлігін білдіреді. Осы тұрғыдан араб жазушы-фантастардың ғылыми фантастикалық әңгімелерінің тілін зерттеп, оған терең үңіліп, жазушының шығармаларына талдау жасап көрелік.

Талдау (анализ) – көркем шығарманы тексергенде қолданылатын тәсіл. Шығарманы әр қырынан алып қарастырып, оның қасиет ерекшелігін, жеке бөлек-бөлшектеріне тән өзгеше сипат белгілерді арнайы зерттеп, танып-білу. Айталық, шығарманы идеялық мазмұн, тақырыпты баяндау ерекшеліктері тұрғысынан немесе сюжеттік, композициялық құрылысы, жанрлық сипаты жағынан талдауға болады. Сондай-ақ кейіпкерлердің характерін бейнелеу принциптері тұрғысынан, сөздік, тілдік құралдарды пайдалануы жағынан талдауға болады. Шығарманы осындай бірнеше қырынан тексергенде жеке ерекшеліктердің өзіндік сипат белгілерін де, олардың бір-бірімен байланысын да аңғаруға мүмкіндік бар. Әрине, шығарманы боршалап, бөлшектеп, талдап қарастырғанда оның мағыналық көркемдік бірлік тұтастығынан туатын әсері бір сәт әлсірейді. Оның есесіне шығарманың құрылыс-бітіміндегі әншейінде көзге түспейтін, байқала бермейтін сипат белгілері айқын танылады. Ал оларды көре білу, түсінудің шығарманы тұтас қабылдағандағы алатын әсерімізді толықтырып, байыта түсетіні сөзсіз. Олай болса, талдау дегеніміз – жеке қасиет ерекшеліктерді арнайы қарастырып, танып білу арқылы бүтінді айқын сезінуге себін тигізетін, соған қызмет ететін тәсіл [30].

Араб жазушы-фантастарының қазіргі араб әдебиетіндегі ғылыми фантастикалық әңгімелер мен романды дамытуға қосқан үлесі мол. Араб тіліндегі ғылыми фантастика жанрындағы қай шығарманы алып қарасақ та, одан жаңашылдық пен өзгеше-

лік анық көрініп тұрады. Жоғарыда аталған фантастардың жинағына енген әңгімелеріне тілдік талдау жасайтын болсақ, араб жазушыларының адам іс-әрекеті мен оның мінез-құлқын, нақты жағдаяттарға қатысты жан дүниесінде пайда болған сезімдері мен жан күйзелісін өте шебер суреттегеніне көз жеткіземіз.

Жанры жағынан қарастырғанда бұл әңгімелер ғылыми фантастикалық шығарма болып табылғанымен, араб жазушыларының басты ерекшелігі ретінде олардың өз еңбектерінде адам жанының құпия-сырларын зерделеп, саралайтынын айтуға болады. Араб жазушыларының шығармаларына ойдан шығарылып, қисынды қиялмен өрнектелген оқиғалар арқылы қоғамдағы алдыңғы сапқа шыққан мәселелерді көрсету тән.

Араб тіліндегі көптеген ғылыми фантастикалық әңгімелердегі ойдан шығарылған кейіпкерлер тағдыры сол кейіпкер тағдырымен тығыз байланысты тарихи және әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін иеленеді. Мысалы, Таліб Омранның «Ажал құсы», Ниһад Шарифтің «Сағат тілі тоқтады», Салах Маатидің «Мәжнүн», «Гильотина қателескенде» атты әңгімелерінде оқиға бас кейіпкерлердің санасындағы құбылыстар арқылы өрбиді.

Бір тоқталар жайт, араб жазушылары әдеби әдістердің әр түрін пайдалана отырып, темір адам роботтың адам өмірінде алатын маңыздылығы мен оның атқаратын қызметін, ішкі құрылымын бүге-шігесіне дейін суреттеп, ДНҚ құрылымын, микроорганизмдер мен вирустар әлемін ғылыми тұрғыда нақты сипаттап, кейде жұлдыздар мен ғарыштар әлеміне саяхат жасайды. Араб елдеріндегі жазушы-фантастар өздерінің ғылыми фантастикалық әңгімелерінде түрлі терминдер мен ғылыми сөздерді қолдану арқылы өз шығармаларына ғылыми сипат береді. Мысалы, С. Маати өзінің «Мутация» атты әңгімесінде ДНҚ-ның құрамын былайша сипаттайды:

نحن نعلم أن الخلية تتوسطها نواة يدور حولها سيتوبلازم . داخل كل قناة عدد ثابت من الكروموسومات موزعة داخل النواة وبترتيب معين . كل كروموسوم يحمل عددا من الجسيمات دقيقة للغاية ومنظمة في صفوف طولية تسمى " جينات " .. هذه الجينات تحمل الصفات الوراثية للإنسان .. فداخلها يوجد الشريط الوراثي الحلزوني الذي عليه شفرة الحياة .. كلمة السر التي نعيش بها .. [17، 26].

Біз жасушаның ортасында цитоплазмамен қоршалған ядро бар екенін жақсы білеміз. Әрбір қатпаршада нақты тәртіп бойынша ядроның ішінде орналасқан белгілі бір мөлшердегі хромосомалар болады. Әрбір хромосома «ген» деп аталатын бір сызықтың бойымен тізбектеле орналасқан денелерден тұрады. Осы гендер адам баласының генетикалық сипатын көрсетеді... Ал оның ішінде өмірдің шарт белгісінен тұратын ДНҚ болады... Ол өміріміздің құпиясы болып табылады... [27, 45].

Осындай ғылыми сипаттауларды хромосомалар туралы айтылған жерден де көре аламыз:

عند انقسام الخلية ينقسم كل كروموسوم إلى كروماتيدين متصلين ببعضهما ما يلبث أن ينفصلان ليتحول كل كروماتيد إلى كروموسوم جديد في خلية جديدة .. [26، 18].

Жасушаның бөлінуінен кейін әрбір хромосома бір-бірімен байланысқан екі хроматидке бөлінеді. Жаңа жасушада әрбір хроматид хромосомаға айналу үшін олар бір-бірінен өте баяу ажырайды... [27, 45].

لو تكلأ أحد الكروماتيدين في انفصاله عن الآخر يظل معه في خلية واحدة ولا ينتقل إلى الخلية الأخرى . ينتج عن ذلك أن إحدى الخليتين الناتجتين تزيد كروموسوما بينما تنقص الأخرى كروموسوما . هذا من شأنه أن يحدث خللا في النظم الدقيقة لنظرية الوراثة وبالتالي يحدث تغيير في التركيب الكيميائي للجينات نتج عنه ظهور صفات وراثية جديدة [26، 18].

Егер екі хроматидтің біреуі бөліну барысында екіншісінен баяулап қалса, ол басқа жасушаға өтпей, бір жасушада қалып қояды. Осының нәтижесінде жасушаның бірінде хромосомалар саны азайса, екіншісінде хромосомалар саны көбейе түседі. Бұл генетика теориясы бойынша, өте нақты жүйеде қандай да бір ақаудың пайда болуына әкеледі. Осылайша, гендердің химиялық құрамында жаңа генетикалық сипаттардың пайда болуына әкеп соғатын өзгерістер пайда болады [27, 45].

Араб жазушы-фантастары өздерінің әңгімелерінде еркіндікке жекелеген кейіпкер образы, оның мінез-құлқын, табиғатын

зерттеу, танып-білу арқылы қазіргі таңда араб қоғамында, бүкіл әлемде орын алған жағдайларды суреттейді. Әңгімелерде кейіпкерлердің болмыс-бітімін ашу арқылы жалпы қазіргі замандағы араб әлемінде орын алып отырған жағдайларға терең шолу жасап, сонымен бірге адамның тіршілік иесі ретіндегі жан сырын ашып, сол арқылы барша арабтардың басында кездесетін құбылыстарды зерттеуге ұмтылады.

Ниһад Шариф, Талеб Омран, Қассем Қассем, Салах Маати, Сабри Мұса, Лина Килани, Тыйба Ибраһим және т.б. араб жазушы-фантастарының шығармаларында жазушы қазіргі қоғамда орын алған жағдайларды көрсету үшін символикаларды асқан шеберлікпен қолданады. Оны түсініп, шығармада кездесетін символдардың мәніне терең үңілу үшін ең бірінші символ ұғымына түсінік бере кеткен жөн. Өркениетті елдерде танымдық белгіні – символ (*грек. Symbolon*) деп атайды. Қазақ ғалымы Қажым Жұмалиев өзінің «Әдебиет теориясы» кітабында: «Символ терминінің түп-төркіні нысана, бейне, белгі деген мағынаны білдіретін гректің симболей сөзінде жатыр. Образ тура өз мағынасында емес, бейнелеу мағынасында айтылса, символдық образ немесе символ деп аталады», – дейді [31, 1].

Тек символдық көркем бейнеден гөрі нақтылы мәнге ие екендігі талас туғызбайтыны ақиқат. Символ нені ишаралайды, соны салыстыра тану барысында біз оның көп қырлы екендігін білеміз. Олай болса, символдың табиғаты күрделі, ол мағынасын терең ашып тануды, түсінуді, талап етеді.

Ғалымдардың символ туралы айтқан пікірлері аз емес. Солардың ішінде А.Н. Веселовский символды – параллелизмнің ерекше түрі деп ойлайды. Ол параллельдің бір мүшесінің айтылмай қалу жолымен жасалады, себебі екінші мүше оның көрсеткіші болып табылады деп түсіндіреді. Біздің түсінігімізше, символдағы астарлы ойлар арқылы дүниетанымымыз кеңейеді және де біз қашанда өзіміздің іс-әрекетімізге жауап беруге тиістіміз.

Қазақтың белгілі ғалымы Зейнолла Қабдоловтың пікірінше: «Символ – бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге не құбылысқа құпия теліп жасыра жарастырып, бүкпелей бейнелеу, ойды да ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіндіру. Мұның өзі ой мен образға әрқашан астыр-

тын, бұлдыр мағына береді деу де қате, ең бастысы, символ сөз өнерінде көркем кестеленіп отырған шындыққа әсем ажар, байсалды философиялық астар береді, шығармаға бір түрлі сыршыл сипат бітіреді. Астарлы шығарманың идеясы жалаң, жалаңаш көрінбейді, автордың ой толғаныстары арқылы көңіл ұйытып, көкірекке терең ұялайды» [32, 5].

Мысырлық С. Маати «Бес минуттық ғұмыр» атты ғылыми фантастикалық әңгімелер жинағының бірінші бетінде өзінің шығармасын Хауа анаға, Хауа анадан тараған жеті әйел затына арналатынын жазады. Автор олардың барлығына бір-бір қасиет алған көрінеді. Жазушы өз туындысын мейірімділік берген әжесіне, сабырға шақырған анасына, дүниенің қызығынан бас тартуға үйреткен әпкесіне, махаббат сыйлаған сүйікті жарына, өмірдің мәнін түсінуге септігін тигізген қызы мен еркіндікке үйреткен досына арнайды. Автордың «Бес минуттық ғұмыр» атты әңгімесінде микроорганизмдердің өмірі адам баласының қамшының сабындай қып-қысқа бес минуттық ғұмырына теңеледі. Жинақтың атымен аталған бұл әңгіменің соңы адам баласының микроскоптың астында тіршілік етіп жатқандай көрсетіледі:

ورفعت عيني من على عدسة المجهر الإلكتروني وأنا أمصص شفتي ، فقد حسيت
ما مر من وقت وأنا أراقب هذا المخلوق الدقيق فوجدت أنه لم تزد عن خمس دقائق .
شعرت أنها عمر . عمر بأكمله ، ،
ورحت أنظر من شرفة معلمي ، فقد خيل إلي أنني مراقب من خلال عدسة مجهر ...
[21، 26].

Ернімді жалап қойып, электронды микроскоптан басымды көтердім. Осы микроорганизмді бақылауға қанша уақыт кеткенін қарасам, бес минутқа де жетпейді екен. Бұл бір ғұмыр, толық бір ғұмыр екенін сезіндім.

Зертханамның терезесінен сыртқа көз тастап едім, микроскоптың әйнегі арқылы қарап тұрғандай болдым... [27, 51].

С. Маатидың жазушылық шеберлігіне қиял әлемінде орын алған жайлардан, құбылыстардан, оқиғалардан әсер алып жазатындығы, барлық адамдардың қоғамдық мәні бар әрекеттерін ар-

қау етіп, пафосты астар, көркемдік әр беретіндігі дәлел бола алады.

Жазушы өз кейіпкерінің қимылын жеке-дара алмай, оның сөйлеген сөзімен ұштастыра суреттеп, оған өзінің авторлық көз-қарасын білдіру арқылы ол сомдап отырған кейіпкердің кім екенін, қандай мінез-құлықтың адамы екенін бірден аңғаруға болады. Жазушы әрбір сөзді тандап, талғап, тауып алып, ойды анық, сезімді нәзік жеткізетін тың әрі тартымды суреттер жасаған.

Мысырлық жазушы Н. Шариф – асыл сөздің маржанын терген, құнарлы ойдан туған құнды сөз арқылы өз толғанысын халқына жеткізе білетін жазушы. Араб ғылыми фантастикасының пионері атанған жазушының сөз өнерінің бейнелілік, суреттілік қасиетінен туындайтын адамның эстетикалық ой сезімін қалыптастыруға үлкен әсер ететін шығармалары – әлем әдебиеті үшін өшпес қазына. Оның шығармасы – көңілге қонымды, тапқыр, өткір әрі шебер қиыстырылған, көркемдік, әдемілік жағынан сезімді оятып, көңілді сергітетіндей пішілген туынды. Оның басты ерекшелігі де шығармадағы сөздің көркемдігі, табиғилығы мен қарапайымдылығында жатыр.

Ал сириялық ғылыми фантастиканың негізін салушы Талеб Омранның жазу стилі мен тілі бөлек, өзгеге ұқсамайтын өзіне ғана тән шеберлігінің қыры мен сыры арқылы айрықша ерекшеленеді. Оның стилінде ашық түсінік, ойлы сөз, дәлдік ұғым бар. Ол өз кейіпкерінің жан дүниесін ашуға қызмет ететін көркемдік компоненттер – портрет (сыртқы детальдар), іс-әрекет, бет-жүздегі құбылыстар және т.б. өте шебер қолданған. Жазушының жеке авторлық ерекшелігі оның жеңіл әрі әсерлі тілінде, баяндау стилі мен кейіпкерлерді суреттеу шеберлігінде жатса керек.

Кез келген шығармада оның табиғатын ашатын тәсілдердің қолданылатыны хақ. Олай болса, араб жазушыларының ғылыми фантастикалық туындыларында да адамның өміріндегі түрлі құбылыстар мен олардың жан дүниесін ашып, характер сомдауға зор үлес қосарлық, іс-әрекеттің нанымдылығын да дәлелдерлік логикалық шешімдері – ширықтыратын көркемдік компоненттердің жүзеге асканы анық көрінеді.

С. Маатидың «Шейх Масғұдтың көріпкелдігі» атты әңгімесінде ауылда бірнеше оқыс оқиғалар орын алып, Шейх Масғұд

тың көріпкелдігі орындалады. Ауыл тұрғындары арасында Шейх Масғұд алжыған аталып, ауыл басшыларының талай озбырлығын басынан өткізіп, балалардың мазағына да айналады. Оның жатпланеталықтар туралы айтқан әңгімелері мен олардың жер бетіне төндіріп тұрған қауіп-қатері туралы ескертулеріне ешкім сенбейді. Ауыл тұрғындары Шейх Масғұдты есінен адасқан деп, оны ұрып-соғып, тіпті ауылдан қууға дейін барады. Осылайша, түрлі қорлық көрген Шейх Масғұдтың сөзі рас болып, халық жатпланеталықтарды өз көзімен көреді. Жиылған жұрт ғажайып мақұлықты көре сала, каша жөнеледі. Тек әбден соққы алған Шейх Масғұдтың қашуға дәрмені жетпей, жатпланеталықтардың қолына түсіп, бірнеше жыл бойы Канопус планетасында өмір сүреді. Кейін Жерге қайта оралып, жатпланеталықтардың тарапынан төніп тұрған үлкен қауіп-қатер туралы тұрғындарға ескертпек болады. Бірақ халық Шейх Масғұдтың сөздеріне сенбей, оны қайта соққыға алады. Осылайша, халыққа шындықты жеткізе алмаған Шейх Масғұд жатпланеталықтардың қолынан қаза табады. Жазушының аталмыш жинағына енген «Мәжнүн» атты келесі бір әңгімесінде де атақты психолог Омар Баһа ад-Дин жер асты әлемінде өмір сүретін қызға ғашық болады. Ол бір күні машинасымен келе жатып, бейтаныс жерге тап болады. Айдалада машинасы бір шұңқырға түсіп кетеді. Осы кезде шұңқырдан бір қыз шығып, Омар оған ғашық болады. Өмірінде бір-ақ рет кездескен жер асты әлемінде өмір сүретін бұл ару қызға өлердей ғашық болып, оны іздей бастайды. Омардың айналасындағылар, тіпті, жақын достары да, оны мәжнүн атап, жындыханаға жатқызады. Осылайша, аталған екі әңгіменің бас кейіпкерлері – Шейх Масғұд пен Омар Баһа ад-Дин де шындықты айту арқылы қайғы-қасіретке ұшырайды. Міне, жазушы Отаны мен халқының болашағын ойлап, оларды жатпланеталықтардан құтқармақ болып, елден шеттетіліп, алжыған атанған Шейх Масғұд пен сүйген жарына деген өшпес махаббатын көрсеткен Омардың жалмауыз жұтқанша көрген қорлығын, қорқынышын, жол бойғы тартқан жан азабын, өз тағдырына қарсы қайсарлығын бет-жүздегі физиологиялық өзгерістер мен психологиялық процестер арқылы табыстыра, бейнелей ашады. Тегінде, С. Маатидың суреткерлік шеберлігінің өзі осы адам жанын,

табиғатын терең тануында жатса керек. Бұл суреткердің өзіне лайық стилі де. Әрине, адам – өзінше бір жұмбақ әлем. Бір тоқталар жайт, жазушының әдеби әдістердің әртүрін пайдалана отырып, кейіпкердің көңіл-күйін ұзақ әрі жан-жақты етіп жазудан оқырманын жалықтырамын деп жүрексінбейді де. Өйткені шығарма шырайы осындай ойлылығымен, жан дүние тереңдігімен, сюжеттік динамика мен фантастикалық оқиғаны бейнелеудің нәтижесінде әңгімелеудің күрделі стилін тудырады.

Адам жан дүниесін ашуға қызмет ететін көркемдік компоненттер – портрет (сыртқы детальдар), іс-әрекет, бет-жүздегі құбылыстар, т.б. шығармада кездеседі. Кейіпкер ойын осындай оқыс бір детальдар арқылы автордың шеберлігіне қоса, ой-сезім ағысының табиғилығын да аңғаруға болады. Өйткені сыртқы детальдар адам санасы мен жан дүниесіндегі үздіксіз жүріп жатқан үшкындарды да көрсетеді.

Кішкентай детальдан үлкен ғылыми, саяси-әлеуметтік ой түйөді шығармашылық ұстаным ретінде алған жазушы үшін ғалым мен дәрігерлердің іс-әрекеті де, микроорганизмдер өмірі де, робот пен жатпланеталықтар да, маңызды деталь болып саналады. Осындағы әр деталь қазіргі кездің әлеуметтік-қоғамдық мәнін, араб әлемінде орын алған жағдайлар мен халықтың тұрмыс-тіршілігін, әл-ауқатын, олардың арман-мақсаттарын көрсетіп, өлім мен ақиқат алдындағы адамзаттың әлсіздігін, жоғары деңгейде дамыған түрлі машиналар мен техникалардың құлына айналып, жатпланеталықтардың жер бетіне төндіріп тұрған қауіп-қатерге көз жұмып, олардың өз құқықтары мен бостандықтарына немқұрайлы қарап, дәрменсіздік танытуын әшкерелеп, бүкіл адам нәсіліне ортақ махаббат, адамгершілік, әділет, қайырымдылық секілді ізгі қасиеттердің мәңгілігі туралы философиялық ой түйеді. Детальға үлкен мән беретін суреткер сол арқылы өмірдің ғылыми, әлеуметтік, саяси мағынасына үңіледі. Жазушының «Робот» атты әңгімесінде халықтың емес, тек өз мүддесін ойлаған ғалым Жәләл Йакубтың қылмыстары әшкере болып, соңында өзі ойлап тапқан роботтың қолынан қаза табады:

انطلقت من داخل روبوت ضحكات تردد صداها في المكان ، ثم راح يقول :
- بل أنت الذي ستهلك . ستموت . يالها من ميتة . أتعرف كيف ؟ بالإشعاع ..

عاد يضحك من جديد ، وبدأ الضعف يستبد بجلال ، فأخذ يصيح متوسلاً كأنه يهذي
- لا . لا أريد أن أموت . افعل ما تشاء . أحرق المنازل ، اهدم المباني ، اقتل
الإنسان . لكن دعني أنا أنا . فأنا الذي صنعتك . أنا الذي أوجدتك . أليس بداخلك قليل من
الحب نحو الإنسان الذي صنعتك ؟ [10، 26].

Роботтың күлкiсi сол жердi жаңғыртып жiбердi:

– Жоқ, өлетін сенсің. Сен өлесің. Саған өлім жазылған.
Қалай екенін білесің бе? Сәулемен... – деді де қайта күле баста-
ды. Жәләді әлсіздік билеп, есінен айырылғандай жалынып, ай-
зайлай бастады:

– Жоқ, Менің өлгім келмейді. Не қаласаң соны істе. Үйлер-
ді өрте, ғимараттарды қират, адамдарды өлтір. Бірақ мені
қоя бер. Мен... Мен... Мен сені жараттым. Сені ойлап тапқан
да менмін. Сенде өзіңді жаратқан адамға деген кішкене болса
да махаббат бар ма? [27, 39].

«Гильотина қателескен кезде» атты жазушының келесі бір
әңгімесінде бас кейіпкер күдікті Омар ас-Сейд Ридуан сот за-
лында өмір туралы ойлап, әділдік пен шындықты іздейді:

" مسكين هذا الرجل . عمر السيد رضوان . مازالوا يبحثون عنه ، ومازال هو يبحث
عن العدالة .. ذلك الشيء المعنوي الكامن في نفوس البشر ومن أجله صاروا يتخيلون حياة
لا وجود لها . يوتوبيا جديدة أساسها تحقيق العدل والمساواة بين الناس . لكنهم يجدون
أنفسهم أمام الحقيقة وجها لوجه ، عندئذ سيفرون منها مرة أخرى لكي يبحثوا عن العدالة في
مكان وزمان آخرين . " [38، 26].

«Бейшара Омар ас-Сайд Ридуан. Әлі күнге жүрт оны іздесе,
ал ол әділдік іздеп жүр... Адам баласының жүрек түкпірінде
тығылып жатқан осы ұғымның себебінен адамдар жоқ өмірді
де қиялдай бастады. Бұл – адамдар арасында теңдік пен әділдік
орнатуға негізделген жаңа утопия. Олар ақиқатпен бетпе-бет
кездессе де, басқа әлем мен басқа заманнан әділдік іздеп, шын-
дықтан қайта қашады» [27, 100].

Міне, жоғарыдағы сөздер бүкіл әңгіменің өн бойына өзек бо-
ларлық тақырыптың түп қазығы да іспетті. Әділдік іздеген қара-
пайым қызметкер Омар ас-Сейд Ридуан сот залында отырып,

бүкіл өмірдің, адамзат баласының сырына үңіледі, қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтар мен саяси мәселелерді түсіне бастайды. Елде орын алған түрлі келеңсіз жағдайлар халықтың өз құқықтары мен еркіндік-бостандықтарына немқұрайлы қарағанынан екенін түсінеді. Халыққа тек ермек пен қызық керек екенін, олардың барлығы бердей екеніне өкінеді.

С. Маатидың шығармасындағы образ эволюциясы осылай, себеп-салдардың түп-тамырына қазбалай, қазымырлана көз жеткізу арқылы дамиды.

Жазушының «Бес минуттық ғұмыр» атты жинағына енген ғылыми фантастикалық әңгімелердің барлығына дерлігі ішкі монолог пен диалог, сана тасқыны тәсілдерімен жазылған. Мысалы, жазушының «Сағат тоқтап қалды» атты әңгімесінде кейіпкердің өмірі сағатпен байланыстырылған. Шығарманың кейіпкері соңғы сапарға аттанып бара жатып, өткен өмірін еске алады. Бірнеше жыл бұрын қайтыс болып кеткен ата-анасын, әйелін көріп, өзінің жоқшылық пен қиыншылыққа толы өмірі туралы, неліктен қайғы-қасірет пен ауыр азапқа душар болғанын ойлайды. Аталмыш әңгімеде бейшара халге түскен адамның өлім алдындағы ой-толғанысы мен сезімдері шебер суреттеледі:

- أمي .. يا إلهي .. هل جئت أنت أيضا ؟ .. تعذبت كثيرا يا أماه . كنت في أشد الاحتياج إليك .. ظلمتني الحياة .. لم أر فيها يوما باسماء .. انتحرت هنية .. لم تتحمل المسكينة الفقر والمرض الذي قضينا فيه عمرنا كله ..
هون عليك يا بني ..
أماه .. خذيني إليك .. ضميني إلى صدرك ..
لا أستطيع يا عبد العال ..
حاولي يا أماه .. أخرجيني من هذا المكان ..
لا أستطيع ..
أماه .. أماه .. [36، 26].

— Анашым... Ей, Аллам... Сен де келдің бе? Анашым, қатты қиналдым. Сен маған қатты қажет болдың. Өмірім қара түнекке айналды. Бір қуаныш көрмедім. Хуная да өз-өзіне қол жұмсады. Өмір бойы жоқшылық пен қиыншылықтың азабын көрген бейшара әйелдің шыдамы да таусылды.

— Балам, Алла жеңілдігін берсін...

– Анашым, мені өзіңмен бірге алып кетші. Балаңды өз құшағыңа алышы.

– Абдулгал, алып кете алмаймын.

– Анашым, тырысып көрші... Мені мына жерден құтқаршы...

– Жоқ, қолымнан келмейді...

– Апатайым... Анашым... [27, 91].

Жоғарыда келтірілген үзіндіде кейіпкердің жан айқайы мен қайғы-қасіреті жеткізіліп тұр. Автор бас кейіпкер өмірінің соңғы сәтін былайша жеткізеді:

عادت الهمهمات الغامضة تناوش أذنيه ، لعلها دقائق قلبه تتسارع وتتلاحق في وجل ،
أو أنه أزعج مخلوقات أخرى كانت تتعم بالنوم في هدوء وسكينة قبل مجيئه وبدأ يشعر
بحركة أهدابها وأرجلها تحت ملايسه وبوخز إبرها في أنحاء مختلفة من جسده .. يسير
بحذر .. خيل إليه أنه سمع حركة بالقرب منه [26، 36].

Тықылдап жатқан бірнәрсе естіле ме өзі? Соғып тұрған жүрегі ме әлде сағаты қайта жүріп кетті ме?

Төс қалтасына қолын салып, сағатын шығарды... О, Алла... Сағаттың тілі тез жүре бастады... Мұндай сағатты бұрын-соңды көрменгі. Сағат тілі қайтадан баяулай берді... Тым баяулап кетті де, тоқтап қалды...

Сағат тоқтады... Толығымен тоқтады... Еш тықыл естілмейді... Сағат тілдері де сіресіп қалған өлік құсап бір орында тұр. Көлік жүргізушісі терең ойға батқан... Ал көліктің сыртында үлкен әріптермен «Жаназа көлігі»² деп жазылған [27, 91].

Автор адамның өлім алдындағы көңілін осылай әдемі кестелей білген. Үшінші жақтан баяндай отырып, кейіпкердің ішкі өміріне, сырт көзден тысқары тіршілік-тынысын дөп басумен бірге оқыс, тосын іс-әрекеттерін де сол бір шабытты шақтың шалт сезімдерін қапы қалдырмайды. Ішкі жан дүние арпалыстары да мұнда сыртқы қозғалыс арқылы ашылады. Бір-бірімен

² «Жаназа көлігі» (سيارة تكريم الانسان) – араб тілінен тікелей аударғанда *адамға құрмет көрсету көлігі* деген мағынаны білдіреді. Қоғамның барлық мүшелеріне және барша мұсылман қауымға қызмет көрсететін жоба болып табылады. Негізінен, араб елдерінде мұндай көліктер кедейлер мен жарлы-жақыбайлардың өлігін тасымалдау үшін қолданылады.

жымдасып, бірігіп кеткен осынау көркемдік компоненттер жазушы шеберлігінің тағы бір қырын танытқандай.

Араб жазушы-фантастары өздерінің ғылыми фантастикалық әңгімелерінде жоғары технологиялық қоғам мен онда өмір сүріп жатқан адамдардың мәселелерін тиек етеді де, соны үлкен трагедиялық коллизиялар дәрежесіне көтеріп, рухани әлемдегі, адам санасындағы әлеуметтік, этикалық, моральдық өзгеріс-қозғалыстарды көркемдік ойлау жүйесі арқылы шебер өрнектейді.

Ғылыми фантастикалық шығармалардың басқа көркем шығармалардан басты ерекшелігінің бірі ондағы *термин сөздер* болып табылады. Ғылыми фантастикада тек адам қиялынан шыққан оқиғалар баяндалып қана қоймай, онда фантастикалық феномендерге белгілі бір заңдылықтарға бағынатын ғылыми сипаттаулар беріледі. Сондықтан да мұндай шығармаларда түрлі ғылым салаларында қолданылатын терминдер жиі кездеседі. Ғылыми фантастика тілі – ғылым негізінде жасалатын өзіндік қалыптасу принциптері бар, стильдік өңі ерекше әдеби тілдің ғылымға қызмет ететін бір тармағы. Ғылыми фантастикалық шығармалардың тілі айтылатын ойдың анықтылығын, дәлдігін, дұрыстығын кез келген оқырман түсінерліктей болуы тиіс. Мұны белгілі бір ұғым, мәселе тұрасындағы логикалық жағынан тұжырымдалған толық ақпараттар мен терминдер арқылы жеткізуге болады.

Термин (*лат. terminus* – шек, шеті, шекарасы) – ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер. Мұстафа әш-Шабахидің еңбегінде термин дегеніміз – «ғалымдардың келісімімен белгілі бір ғылыми ұғымды білдіру үшін алынған сөз» [33]. Ал Брокгауз бен Ефронның энциклопедиялық сөздігінде ғылыми терминдер – белгілі бір ғылым саласындағы нақты бір ғана мағынаға ие сөздер делінген. Ал араб тілінде «термин» мағынасында «المصطلح» (әл-мусталах) сөзі қолданылады. Ғылым мен техниканың дамуы барлық салада жаңа терминдердің пайда болуына әкеліп, араб тілінде термин құрудың өзіндік амал-тәсілдері қалыптасты. Араб тілінде жаңа терминдердің пайда болуына жазушы-фантастардың қосқан үлесі де зор. Әдетте тілдегі сөздер көп мағыналы болып келеді де, оның мағыналық шегі айқын емес, жылжымалы болады. Ал

ғылыми фантастикалық шығармалардағы ғылыми ой-пікірді дәл білдіру үшін сөздің мағынасы тұрақты, айқын болуы қажет. Сондықтан тілдегі терминдер сөздің мағыналық шегін дәл белгілеп, сөзді сол нақтылы бір мағынада ғана алып қолдану арқылы жасалады. Терминдер толық мәнінде сапалы болу үшін ол жалпыға түсінікті, мағынасы мейлінше нақты әрі айқын және ғылыми терминология құрамындағы басқа ұғымдармен тығыз байланысты, қолдануға ыңғайлы болуы керек. Бүгінгі таңда араб ғылыми фантастикасында кездесетін терминдер бір арнаға түсіп, толық қалыптасқан деп айту қиын. Онда кездесетін термин сөздердің шегі де әр түрлі. Бұл жағдай әрбір фантастикалық шығарманың бейнелеу объектісіне де, онда қолданылатын тілдік құралдарға да байланысты. Араб тіліндегі ғылыми фантастикалық шығармаларда баяндап айту жағы басым келіп, ғылыми ұғымның, терминнің мағыналық шегін бұлжытпай, айнытпай үнемі дәл сақтап отыруына аса мән беріле бермейді. Терминдік жүйенің дамуы ғылыми танымның өрісін кеңейте түспек. Дегенмен араб ғылыми фантастикасында терминдерді қалыптастыруда бірталай жетістіктер бар. Әсіресе ғылым мен техниканың жетістіктеріне, адам баласының ғарышты игеруіне, уақыт пен кеңістікте саяхат жасауына байланысты ұғымдарды сипаттайтын ұғым-терминдерді орнықтыруда сәтті қадамдар жасалуда. Бұл салада араб ғылыми фантастикасының пионері атанған жазушы-фантаст Ниһад Шариф пен Таліб Омранның сіңірген еңбегі зор. Араб әдебиетінде ғылыми фантастика терминін алғаш рет енгізген де Ниһад Шариф болатын [34, 14]. Шығармаларда галактика, планета, робот, техника, жатпланеталық, ұшқыш тарелка, вирус сынды терминдер жиі қолданылады. Бұл терминдер бүгінгі таңда араб тілінде қалыптасып, басқа да жазушылардың шығармаларында кеңінен қолданылып жүр. Жалпы, термин сөздерге төмендегідей үш түрлі шарт қойылады:

1. Термин болу үшін сөздің мағынасы біреу-ақ болу қажет.
2. Термин сөздердің қосымша, ауыспалы мағыналары болмау керек.
3. Термин сөздер нақты заттардың атауы емес, ғылымның тар аясындағы дерексіз ұғымдардың атауы болуы шарт [1].

Талeб Омран өзiнiң «الذال العلمي» журналында жарияланған «Ғылыми фантастика және менiң термин сөздермен тәжірибем» («الذال العلمي و تجربتي مع المصطلح») атты мақаласында жоғарыдағы осы үш шартқа сәйкес келетiн, араб ғылыми фантастикасында жиі кездесетiн терминдердi келтiредi. Сириялық жазушы Т. Омран өзiнiң 1978 жылы жарыққа шыққан «Армандар планетасы» атты алғашқы жинағына енген ғылыми фантастикалық әңгімелерiнде қолданылған терминдер туралы сөз қозғайды. «Армандар планетасында» адамдар секундына 300 мың километр жылдам-дықпен жүретiн ғарыш кемесi арқылы жаңа әлемге саяхат жа-сайды. Осы ұзақ сапар кезiнде екi планета арасында дүниеге келген сәбилердiң жасы ғарыштық уақыт бойынша өлшенедi. Әңгімеде ғарыштық уақыт бойынша 20 жастағы кейiпкер туралы айтылады. Осылайша, автор өзiнiң шығармасында ғарыш кеңiстiгiнде дүниеге келген баланың жас өлшемiн «ғарыштық жас немесе ғарыштық уақыт» арқылы көрсетедi. Жазушының 1989 жылы жарыққа шыққан «عابرون خلف الشمس» атты романында «сезiм толқыны» («موجة الحس»), «Фосфор планетасы» («فوسفوري كوكب») сияқты жаңа терминдер кездеседi. Бұл шығармада Фосфор планетасының тұрғындары толқын арқылы әр түрлi күйге енiп, өте үлкен жылдамдықпен ғарыш кеңiстiгiнде саяхат жасайды. Жоғарыда аталған терминдердi ғылыми фантастикалық шығармалар мен ғылым салаларында да қолдануға болады. Талeб Омранның басқа да ғылыми фантастикалық шығармаларында көптеген терминдер кездеседi:

Робот	روبوت، الآلي،
1	2
Ұшқыш тарелка	اطباق طائرة
Жасанды интеллект	عقل إلكتروني
Планета	كوكب
Галактика	مَجَرَّة
Вирус	فيروس
Ғарыштық жас	سنة فضائية
Сезiм толқыны	موجة الحس
Фосфор планетасы	كوكب فوسفوري
Жұмысшы	شغيلة

1	2
Махаббат айы	قمر الحب
Ыстық планета	كوكب ساخن
Сандық ұрпақ	أجيال رقمية، أجيال الديجيتال

Надир Абдухалиқ өзінің 2009 жылы жарияланған «العمر خمس» атты еңбегінде С. Маатидың 1991 жылы жарыққа шыққан «Бес минуттық ғұмыр» атты жинағына енген ғылыми фантастикалық әңгімелерді екі топқа бөліп қарастырады. Бірінші топқа әлеуметтік сипаттағы «Көмір қоймасындағы екі адам» (الفحم رجلان في مخزن), «Шейх Масғұдтың көріпкелдігі» (مجنون) «Мәжнүн», «نبوءة الشيخ مسعود», «Қашқын Зед» (السجين زد) сынды әңгімелер, екінші топқа уақытқа байланысты «Робот» (روبوت), «Мутация» (الطفرة), «Бес минуттық ғұмыр» (توقفت الساعة), «Сағат тоқтап қалды» (العمر خمس دقائق), «Гильотина қателескен кезде» (عندما تخطئ المقصلة) сынды бірнеше әңгімелері жатады. Бірінші топқа жататын әлеуметтік сипаттағы ғылыми фантастикалық туындыларда кездесетін термин сөздерге тоқталып көрелік. С. Маатидың «Шейх Масғұдтың көріпкелдігі» және «Қашқын Зед» атты әңгімелерінен біраз терминдерді көруге болады. Бірінші әңгімеде бас кейіпкер жатпланеталық келімсектердің қолына түссе, екінші әңгімеде дәрігер Хишам жаңа вирус ойлап табады. Аталмыш шығармаларда кездескен терминдерді төмендегі кестеден көруге болады:

1	2
Канопус	سهيل
Галактика	مَجَرَّة
Ұшқыш тарелка	اطباق طائرة
Планета	كوكب
Жарық, жылы	السنة الضوئية
Фильтр, сүзгіш	مُرَشَّح (ات)
Иммунитет	مَنَاعَة
Асқазан жарасы	قرحة بالمعدة
Лимфалық	لِمْفَوِي
Будандастырылған	مُهَجَّن
Қышқыл	حَمِض (حُمُوض، أَحْمَاض)

1	2
Сілті	قَلَوِيَّةٌ
Органикалық	عُصْوِيٌّ
Аминдер	الأمينات
Ақуыздар	البروتينات
Антидене	مُضَادَّ (اِتِّ)

Ниһад Шариф, Талеб Омран, Қассем Қассем, Салах Маати, Лина Килани сынды араб жазушыларының уақыт пен кеңістікке байланысты жазылған ғылыми фантастикалық әңгімелерінде ға-рыш, техника, медицина, генетика саласындағы термин сөздер жиі қолданылған:

Робот	روبوت، الآلي، الإنسان الآلي
1	2
Жасанды интеллект	عقل إلكتروني
Терминал	طرفية
Бюджет	ميزانية (اِتِّ)
Инфляция	تضخم
Электромагнитті	كهرومغناطيسي
Мутация	طفرة
Генетика	علم الوراثة
ДНК	الشريط الوراثي الحلزوني
Гормон	هُرْمُونُ (اِتِّ)
Тірі жасуша	الخلية الحية
Цитоплазма	سيتوبلازم
Ядро	النواة
Хромосома	كروموسومات
Канал	قناة
Ген	جينات
Шифр, шартбелгі	شِفْرَةٌ = شِفْرٌ
Хроматид	كروماتيد
Дене мүшесін ауыстыру, транспла- тация	زراعة
Изотоптар	نظيرة (نظائرُ)

1	2
Радиоактивті	مُشِعٌ
Компьютер	كمبيوتر
Экран	شاشة
Диск	قرص
Технология	تكنولوجيا
Лазер	ليزر
Ғарыш кемесі	السفينة الفضائية
Ғаламшар	كوكب
Робот техникалары	الروبوتات

Ғылыми фантастикалық шығармаларда кездесетін түрлі ғылым саласындағы араб терминдерінің жасалуы түрлі жолмен жүзеге асады. Соның ішінде ең көп қолданылатын тәсіл өзге тілден кірме сөздерді (терминдер) қабылдау болып табылады. Мұның өзі бірнеше тәсілдер арқылы жүзеге асады:

- 1) өзге тілден тікелей (транслитерация, транскрипция) енген терминдер;
- 2) шет тілі морфемаларымен тіркескен немесе аралас терминдер;
- 3) калькалар, жартылай калькалар.

Өзге тілден енген терминдердің негізгі бөлігін ағылшын және латын тілінің лексикалық бірліктері құрайды. Түрлі ғылым саласындағы терминдер араб тіліне транслитерация немесе транскрипция әдістерімен енген. Араб жазушы-фантастарының шығармаларында кездесетін терминдерден мысал ретінде төмендегі сөздерді айтуға болады:

Лимфалық	لَمْفَاوِي
Аминдер	الأمينات
Робот	روبوت، الآلي،
Гормон	هُرْمُون (ات)
Цитоплазма	سيتوبلازم
Хромосома	كروموسومات
Ген	جينات
Хроматид	كروماتيد

Жоғарыда келтірілген медицина және техника саласындағы бұл терминдер араб тіліне транслитерация немесе транскрипция әдістері арқылы енген. Сонымен қатар ғылыми фантастикалық шығармаларда кездесетін араб терминдерін құрамына қарай төмендегідей жіктеуге болады. Олар: туынды терминдер (المصطلح المشتق); түбір терминдер (المصطلح الجامد); символдық терминдер (المرکّب المصطلح) және күрделі терминдер (المصطلح الرّمزي).

Өлшемге негізделетін тіл дамыту құралы болып табылатын сөзжасам арқылы түрлі ғылым саласындағы араб терминдерінің басым көпшілігі айналымға енген. Араб тілінде қалыптасқан өлшемді қолдана отырып, түбірден жаңа сөздер жасаудың бұл тәсілі кеңінен таралған. Әдетте, туынды сөздер өзге тілден енген және импровизацияланған заттанған жалпы есімдер немесе жалқы есімдер болып табылады.

Расында, лексикалық құрамды толықтырудың ең ұтымды әрі ерекше тәсілі ретінде осы сөзжасамды айтуға болады. Араб тіліндегі ғылыми фантастикалық шығармаларда қолданылған араб терминдерін талдау барысында туынды терминдерді жиі кездестіруге болады.

Ал әуел бастан термин болып қалыптасып, тілде тек бір ғана мақсатта қолданылып келген араб терминдері – түбір терминдер (المصطلح الجامد) деп аталады.

Символдық терминдер (المصطلح الرّمزي), яғни аббревиатура формасындағы ғылыми фантастикада қолданылатын терминдерге келер болсақ, бұл негізгі терминді қысқарту арқылы жасалынады. Символдық терминдер көбіне химиялық элементтердің атауы болып келеді.

Күрделі терминдер (المصطلح المركّب) екі немесе одан да көп сөздердің тіркесі арқылы жасалады. Мұндай терминдерді де араб жазушыларының ғылыми фантастикалық әңгімелерінен жиі кездестіруге болады:

ДНК	الشريط الوراثي الحلزوني
Тірі жасуша	الخلية الحية
Ұшқыш тарелка	اطباق طائرة
Жасанды интеллект	عقل إلكتروني

Ғарыштық жас	سنة فضائية
Робот	الإنسان الآلي
Ғарыш кемесі	

Семантикалық жағынан алғанда, ғылыми фантастикалық шығармаларда синонимдес араб терминдерін жиі кездестіруге болады. Мұның басты себебі араб елдерінің Машрик, Мағриб елдеріндегі тілдік ерекшеліктер, терминтанушылар арасындағы пуристік және жаңашылдық бағыттар қайшылығы, шет тілінен енген терминдерге араб тіліндегі баламаларын құру, терминологиялық белгілердің символикалық және сөздік формасының болуында жатыр. Мысалы: *الإنسان الآلي*, *الآلي*, *روبوت* деген синонимдес сөздер робот мағынасын береді және бұлардың қолдану деңгейі де әр түрлі болып келеді.

Ғылым мен техниканың дамуына жазушы-фантастың ой-өрісіне, арман-қиялына байланысты ғылыми фантастикалық шығармаларда жаңа ұғымдар мен атаулар пайда болып жатады. Мұндай жаңа сөздер ғылыми қолданысқа еніп, термин сөздердің қатарын байытатыны сөзсіз.

Ономастика көпке дейін лексикография және этимологиямен байланысты лексикологияның бір бөлігі ретінде қарастырылып келді. Әсіресе орта ғасырларда адам есімдері белгілі символдық сипатқа ие болды. Е.К. Ромодановскийдің айтуы бойынша, ол кезде біраз есімдердің этимологиялық негіздері Қасиетті кітаптар арқылы түсіндірілетін [35].

Бүгінгі таңда этимологиялық ақпараттар тек санаулы мамандарға ғана белгілі, дегенмен XX ғасырдың орта шенінен бастап мәтіндегі адам есімдеріне үлкен мән берілуде. Шығармадағы есімдерді зерттей отырып, оның шығу тегіне, мағынасына ғана тоқталып қоймай, сонымен қатар онымен бірге келген басқа да есімдермен байланысты қарастырылады. Бұдан автордың айтқысы келген ойын, оның мақсаты мен көркем шығармада көрсетілген түрлі жағдайларды түсінуге болады. Зерттеушілер көркем шығармадағы адам есімдерінің түрлі қасиеттері мен оның атқаратын қызметтерін ерекше көрсетеді. Ю.А. Карпенко көркем әдебиеттегі ономастиканың негізгі сипаттарын былайша көрсетеді:

- 1) әдеби ономастиканың қосымша мәні;
- 2) әдеби ономастика мен шынайы ономастиканың пайда болу шарты;
- 3) әдеби ономастиканың белгілі бір стилистикалық функцияға ие болуы;
- 4) көркем әдебиеттегі адам есімдерінің түрлі қызмет атқаруы;
- 5) көркем әдеби шығарманың ономастикалық кеңістіктің компоненті болып табылатын тақырыбының болуы [36, 35].

Кез келген жазушы өзінің шығармасында адам есімдерін шығармашылық әдіс және нақты көркемдік құрал ретінде қолданатыны сөзсіз. Шығармада қолданылған адам есімдері арқылы белгілі бір дәуірдің, әдеби бағыттың ерекшелігі мен автордың ұстанымын көруге болады. Бір ғана есім түрлі қызмет атқаруы мүмкін [37]. М.В. Горбоневскийдің айтуы бойынша, адам есімдері көркем образ құрудың тәсілі және жазушы стилін анықтайтын көркем шығарманың ажырамас бөлігі саналады. Олар белгілі бір дыбыстық формаға, жасырын мәнге ие болып, шығармадағы оқиға болған дәуірдің көрінісін бейнелеп, өзіндік әлеуметтік сипат алады [38].

Көркем шығармалардың құрылымына кіретін адам есімдері кездейсоқ алына салмай, шығарманың мазмұнымен тығыз байланысты болады. Шығарманың мазмұнын терең түсіну үшін әдеби ономастикада оларды зерттеу қажеттілігі туындайды. Мәтіндерде адам есімдерінің белгілі бір қызметке ие болуы өзіндік сипат алған. Адам есімдері мен түрлі атаулар – көркем шығарманың ажырамас бөлігі, көркем образдар құрудың тәсілі. Адам есімдері стильдік тұрғыда дәл әрі нақты және шығарманың мақсаты мен мазмұнына сай келуі керек. Кейде олар автордың идеясын көрсететін ерекше сипатқа да ие болады. Сәтті тандалған есім кейіпкердің мінез-құлқын сипаттауда қосымша әдіс ретінде қолданылып, шығарманы әрлендіре түседі. Ғылыми фантастикалық шығармаларда ономастика жазушы-фантастың идеологиялық ұстанымын көрсетеді. Ғылыми фантастикада басқа көркем шығармаларға қарағанда жазушы адам есімдерін таңдауда үлкен мүмкіндіктер мен еркіндікке ие болады. Ғылыми фантастикадағы ономастика белгілі бір әдеби бағыттың стилін ғана емес, сонымен қатар әр жазушының өзіндік стилін көрсетеді [39, 182].

Орыс және қазақ тіліндегі ғылыми фантастикалық шығармаларда шетел есімдері жиі кездесіп жатады. Араб тілінде жазылған бірқатар шығармаларда да шетелдік есімдерді жиі көруге болады. Мысалы, мысырлық жазушы-фантаст Сабри Мұса 1982 жылы жарыққа шыққан «السَّادُ من حقل السَّبانخ» атты шығармасында оқиға болашақ әлемде орын алып, адам баласы үлкен техникалық жетістікке ие болады. Шығарманың бас кейіпкері Хуму мырза басқа да мыңдаған жұмысшылармен бірге үлкен шыны ғимаратта орналасқан өндіріс орнында қызмет етеді. Елдегі демократиялық жүйе халықтың барлық жағдайын жасап, қажеттіліктерін қамтамасыз еткенімен, Хуму өзінің еркіндік пен бостандық туралы ойларынан бас тарта алмайды. Оған үкімет мүшесі болған талантты ғалым Бруф та қосылады. Аталмыш туындыдағы бас кейіпкерлердің есімдері де кездейсоқ алынбаған. Ағылшын тілінде Хуму (Homo) адам, ал Бруф (Proof) дәлел, дерек деген мағынаны береді. Онда қолданылған әрбір көркемдік тәсіл арқылы автор оқырманға жаңа ой тастауға тырысады. Сонымен қатар сириялық жазушы Диаб Аидтың «Жасыл планетаның үндеуі» («نداء الكوكب الأخضر») атты шығармасын да ерекше атап өткен жөн. Бұл шығармада оқиға 2047 жылы орын алады. Халықаралық ғарыш агенттігі Стифани планетасынан хабарлама алады. Олар жерден көмек сұрайды. Ғарыш агенттігінің ғалымдары екі планетаның арасындағы қашықтыққа қарамастан, Стифани планетасына төрт ғырыш-керден тұратын алып кеме жіберу туралы шешім қабылдайды. Бұл ғарышкерлер арнайы сынақтардан өтіп таңдалып алынған өте мықты мамандар болатын. Эстониялық Юри, бразилиялық Питр, араб Қаис пен угандалық ғарышкер әйел Иза мен темір адам Джаку Стифани планетасына аттанады. Олар 7-8 жыл жол жүріп, аталмыш планетаға келіп қонады. Бұл планетадан жер бетінен миллиондаған жылдар бұрын жоғалып кеткен алып динозаворларға ұқсайтын ғажайып жануарларға тап болады. Бұл жануарлардан аман-есен құтылып, үлкен бір ғимаратқа келеді. Оның жанынан адам баласынан еш айырмашылығы жоқ осы планетаның тұрғынын көреді. Онымен әңгіме барысында оның есімі Фимал екенін біледі. Фимал оларға өзінің планетасы туралы көптеген мағлұматтар береді. Фимал әйел ғарышкер Изаға ғашық болып, екеуі достасып та үлгереді. Бұл адамдар мен Стифани тұрғындары

арасындағы ынтымақтастықты арттыра түседі. Стифани планетасы екі бөліктен, солтүстік құрлық және оңтүстік құрлықтан тұрады. Солтүстік бөлігі оңтүстікке қарағанда әлдеқайда дамыған еді. Осы екі құрлық арасында үлкен жанжал туып, оңтүстік тұрғындарына қатер төнеді. Жерден келген ғарышкерлер осы планетаның ғұламаларымен кездесіп, қандай көмек көрсете алатындарын сұрайды. Ғалымдар бір ауыздан Стифани тұрғындарының арасында туындаған мәселені өздері шешетіндерін айттып, ғарышкерлердің аман-есен жерге қайта оралуын қамтамасыз етуіне әзір екендерін айтады. Бұл хабарды естіген ғарышкерлер сапарға дайындалады. Тек Фималға ғашық болған Иза осы планетада қалады. Оның орнына ғарышкер араб Қайсқа ғашық болған Стифани планетасының тұрғыны Балима Жерге келеді. Мұндағы кейіпкерлердің де есімдері – Юри, Питр, Иза және Джаку сынды шетелдік атаулар. Аталмыш есімдер шығармаға өзіндік мән беріп, автордың ұстанған идеологиясын көрсетеді. Әр түрлі ұлттан шыққан кейіпкерлердің есімдері өзіндік ұлттық сипатқа ие.

Ал Мысырдағы атакты жазушы-фантаст, жиырмадан аса кітаптың авторы С. Маатидың шығармаларын оқып көрсек, одан бір де бір шетелдік есімдерді көре алмаймыз. Бұл – шығарманың кейіпкерлерінің барлығы арабтар және барлық ғылыми-техникалық жаңалықтар да арабтар тарпынан ашылған деген сөз. Жазушы осы арқылы араб елін ғылым мен өнертапқыштыққа үндейтін сияқты. Жазушының шығармаларынан оның ғылыми-техникалық жағынан жан-жақты дамыған араб елін көргісі келетінін, арабтардың түрлі ғылым саласында жетістікке жетуі сияқты арман-мақсаттарын да байқау қиын емес. Енді жазушының «Бес минуттық ғұмыр» атты жинағына енген ғылыми фантастикалық шығармаларда кездесетін адам есімдерін қарастырып көрелік. Аталмыш жинаққа енген әңгімелерден де шетелдік есімдер кездеспейді. Надир Абдухалиқ өзінің 2009 жылы жарияланған «العمر خمس دقائق مجموعة قصصية لصالح معاطى قراءة نقدية جديدة» атты еңбегінде Салах Маатидың 1991 жылы жарыққа шыққан «Бес минуттық ғұмыр» атты жинағына енген ғылыми фантастикалық әңгімелерді екі топқа бөліп қарастырады. Бірінші топқа әлеуметтік сипаттағы «Көмір қоймасындағы екі адам» (الفحم رجلان فى مخزن), «Шейх Масғұдтың көріпкелдігі» (نبوءة الشيخ)

(مسعود), «Мәжнүн» (مجنون), «Қашқын Зед» (السجن زد) сынды әңгімелер, екінші топқа уақытқа байланысты «Робот» (روبوت), «Мутация» (الطفرة), «Бес минуттық ғұмыр» (العمر خمس دقائق), «Сағат тоқтап қалды» (توقفت الساعة), «Гильотина қателескен кезде» (عندما تخطىء المقصلة) сынды бірнеше әңгімелері жатады. Әлеуметтік сипаттағы «Шейх Масғұдтың көріпкелдігі» атты әңгімеде бас кейіпкер Шейх Масғұд жатпланеталық келімсектердің қолына түсіп, Канопус планетасына барып келеді. Ол Жәбір Шейх әл-Хуфардың талай соққысын да басынан кешіреді.

Араб тіліндегі ғылыми фантастикалық шығармалардың кейіпкерлері қоғамда алатын орындарына және әлеуметтік маңыздылығына қарай түрлі топтарға жатады. Сондықтан шығармаларда кездесетін кейіпкерлерді төмендегідей жіктеп қарастырсақ болады:

1. Шығарманың бас кейіпкері ретінде алынған ғалымдар, дәрігерлер мен өнертапқыштар тобы;
2. Қарапайым халық пен қызметшілер;
3. Түрлі жағдайларға байланысты шығарма кейіпкерлері еске алған адамдар.

Бірінші топқа жататын кейіпкерлерге «Робот» әңгімесіндегі доктор Жәләл Йақубты, «Мутация», «Қашқын Зед», «Мәжнүн» және «Гильотина қателескен кезде» атты шығармалардағы Омар Баһа ад-Дин, Хишам Салим, Рақиқ Абдулуәһаб пен Омар ас-Сейд Ридуанды жатқызуға болады. Аты аталған кейіпкердің барлығы да – өмірде белгілі бір әлеуметтік статусқа ие адамдар. Мәселен, Жәләл Йақуб «IRS» жасанды интеллект компаниясында жұмыс істеп жүргенде өте ақылды робот ойлап тауып, үлкен атаққа ие болады. Бұл робот өте жоғары дәлдікпен жұмыс істейтін ақылды терминалдардан құралып, мәліметтер мен нұсқаулықтардың үлкен көлемін сақтап, адамзат баласының барлық шаруасын орындай алатын. Біздің күн жүйемізден тыс орналасқан алыстағы ғаламшарлар мен галактикаларға да барып, ешқандай операциясыз, химиялық әрекетсіз-ақ рак ауруын тез әрі тиімді жолмен емдеуді ойлап табады. Робот Каирдегі көптеген көк тіреген биік ғимараттардың құрылысына да үлкен үлес қосады. Бірақ осындай роботты жасаған ұлы өнертапқыш Жәләл Йақуб өз мүддесі үшін түрлі қылмыс жасауға дейін барған болатын. Ал жазушының «Мутация» атты келесі әңгімесінде

генетика саласының маманы дәрігер Рақиқ Абдуләһәб мутацияға ұшыраған Бәу атты баланың өмірін сақтап қалу үшін біраз тер төгеді. С. Маатидың «Қашқын Зед» әңгімесінде де дәрігер Хишам Салим жер бетінде кеңінен тарап кеткен, ғасыр індеті деген атқа ие болған қатерлі ЖИТС ауруының емін табу үшін жаңа вирус ойлап табады. Ол өзінің «Зед» атты жаңа вирусымен өлім жазасына кесілген қылмыскер Сабыр Абдулғатыйға тәжірибе жасамақшы болады. Осылайша, бүкіл халықты, адамзатты қатерлі аурудан құтқаруды ойлайды. Бірақ барлығы дәрігердің жоспарлағанындай болмайды. Жаңа вирус салынған қылмыскер ауруханадан қашып кетеді де, ЖИТС ауруынан да тез тарайтын өте қатерлі жаңа вирус халық арасында тарап кетеді.

Жазушы-фантаст С. Маатидың шығармаларында жоғарыда көрсетілгендей, бірінші топқа жататын ғалым, дәрігер сынды маңызды тұлғаларға көмекші ретінде алынған кейіпкерлердің аттары ретінде арабтар арасында жиі кездесетін есімдер алынған. Мұндай кейіпкерге «Робот» әңгімесіндегі тілші Халидті, доктор Рақиқ Абдуләһәбтың қызметшісі Мұхаммед пен жаңа вирус ойлап тапқан дәрігер Хишам Салимнің көмекшісі Салихты, Мәжнүн атанған атақты психолог Омар Баһа ад-Диннің қызметшісі Абдуссәләмді, полковник Сираж бен қорғаушы Абдунаби Исаны жатқызуға болады.

С. Маатидың «Бес минуттық ғұмыр» атты жинағына енген ғылыми фантастикалық туындыларда кездесетін кісі аттарының үшінші тобына шығармада өзінше әрекет етпей, тек бас кейіпкердің сөздері арқылы еске алынып отыратын адамдардың аттары жатады. Мұндай есімдерді жазушының «Гильотина қателескен кезде» әңгімесіндегі Омар ас-Сейд Ридуан мен «Сағат тоқтап қалды» атты әңгімедегі Абдулғалдың қайтыс болып кеткен әйелдерін, «Қашқын Зед» шығармасындағы қылмыскер Сабырдың артында қалған жалғыз қызы Саһирды еске алған жерлерден көруге болады.

Араб жазушылары өздерінің шығармаларында кісі аттарымен қатар кейбір жер-су аттарын да қолданған. Жазушы өзінің кейіпкерлері үшін араб елдерінде жиі кездесетін қарапайым есімдерді қолданса, оқиға орын алған жерлерді ойдан шығарылған атаумен емес, шынайы, өмірде бар атауларды, күн жүйесіндегі планеталарды қолданады.

II ТАРАУ

Араб елдеріндегі ғылыми фантастиканың қалыптасуы мен дамуы

Ғылыми фантастика өнердегі дербес жанр ретінде XX ғасырда қалыптасқанымен, оның қайнар бастаулары ежелгі әфсаналарда, аңыз-ертегілерде, ауыз әдебиетінде жатыр. Оған қиялға жайыптық, ертегілік қасиет те тән. Фантастика ұғымының өзі де қиялдану өнеріне байланысты пайда болған. Ғалымдар фантастика тарихын зерттей келе бүгінгі таңдағы әлемдік ғылыми фантастиканың негізі көне өркениеттердің рухани және әдеби мұралары мен аңыз-ертегілерінде жатқанын көреміз. Аңыз-әңгімелерге көз жүгірту ғылыми фантастиканың тарихи тамырын зерттеуге септігін тигізеді. Аңыздар таңғажайып ертегілерді, сонымен қатар ғылыми фантастиканы түсінуге көмектеседі. Фантастика бұл ең бірінші ғажайыптылық туралы шығарма болып табылады. Қалай айтылғанына, суреттелгеніне, жазылғанына қарамастан, ғылыми фантастика жанрының құрылымы күрделі, көтерер жүгі ауыр, айтар ойы мен идеясы күллі адамзатқа ортақ. Сонымен, ғылыми фантастика генетикалық немесе типологиялық жағынан аңыз-ертегілерден бастау алады. Ертедегі адамдар сол қоғамда орын алған мәселелерден құтылып, жарқын болашақты армандай отырып, қиялдан түрлі образдарды ойлап шығара бастады. Олар осы образдар арқылы уақыт пен кеңістіктің шегінен шығып, қиял-ғажайып әлемге тап болды. Осы фантастикалық әлемде олар көк аспанда қыран құстай самғап, теңіздің тереңіне сүңгіп, табиғаттың тылсым күштеріне үстемдік етіп, бақытты ғұмыр кешті. Мұндай әлемге бірде сикырлы күштер арқылы жетсе, бірде адам баласының ғылым-білім арқасында

қол жеткізген жетістіктері арқылы жететін. Қазіргі ғылыми фантастикалық шығармалар өздігінен пайда болмады, ол аңыз-ертегілерде кездесетін таңғажайып құбылыстардан бастау алады [40, 3].

Араб ғылыми фантастикасының тарихына көз жүгіртетін болсақ, зерттеушілер араб әдебиетіндегі ғылыми фантастика жанрының алғашқы белгілерін ертегілерден, аңыздардан тартып, болашақты болжай білген халық қиялының үшқырлығына тәнті болуда [41, 7]. Кувейттік жазушы Тыйба Ибраһим фантастикалық шығармаларды шығу тарихына қарай төрт топқа бөліп қарастырады. *Біріншісі* – аңыздан бастау алатын фантастика. Мұндай шығармаларда метафизика мен табиғаттың құпия-сырлары туралы айтылғанымен, көп жағдайда ғылым мен логикаға сүйенбейді. *Екіншісі* – фэнтези. Ғылым-біліммен де, шындықпен де еш байланысы жоқ, тек құрғақ қиялдан шыққан шығармалар. Мұндай туындыларда өсімдіктер мен жануарлар адам кейпіне еніп, тіпті, тіл бітіп, ақыл айтуға да дайын тұрады. *Үшіншісі* – адамдар арасындағы қоғамдық байланыстарды көрсететін әдеттегі фантастикалық әңгімелер. Фантастиканың *соңғы түріне ғылыми фантастика* жатады. Бұл топқа жататын шығармалар жай әдеби туынды ғана емес, сонымен қатар ғылыми еңбек болып табылады. Әдебиеттегі бұл жаңа жанр – алыс болашаққа көз тіккен үлкен дарындылық пен үшқыр қиялды талап ететін сала. Жалпы, ғылыми фантастиканың өзін даму тарихына байланысты екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезеңге нақты ғылыми дәлелдерсіз жазылған, XVIII, XIX ғасырларда жарық көрген фантастикалық шығармалар жатады. Мұндай туындыларда автор ойдан шығарылған үлкен ғылыми және техникалық жетістіктердің қайдан және қашан пайда болғаны туралы түсініктеме беруге тырыспайды. Ал екінші кезеңге біздің ғасырымызда пайда болған белгілі бір ғылыми заңдылықтарға негізделіп жазылған шығармалар жатады. Осы кезеңге жататын авторлар өз шығармаларында барлық нәрсеге ғылыми түсініктеме беріп, оқырмандарға жаңа ой тастап, жас ғалымдарды жаңалық ашуға итермелейді [42].

Араб ғылыми фантастикасының тарихи бастауы ретінде «Мың бір түнді», дәрігер әрі астраном Ибн Тафил, тарихшы әрі географ әл-Қазуаний, ұлы философ әл-Фараби мен әл-Кинди,

әл-Жаһиз сынды ғұламалардың шығармалары мен әңгімелерін атап өтуге болады [43, 38].

Араб тілінде жазылған аңыз-әңгімелер мен ертегілерден адам баласының арман-мұраты мен болашаққа деген үмітін көруге болады. Адам өзінің шексіз қиялынан шыққан түрлі фантастикалық образдар арқылы көк аспанда самғап, су астына саяхат жасап, шалғай жерлерге де көзді-ашып жұмғанша барып қайтып, болашаққа зор үміт артқан. Йусуф Нұраддин өзінің мақаласында араб ғылыми фантастикасының қайнар бастауын «Мың бір түндегі» әңгімелерден іздесе, Ниһад Шариф, Талейб Омран сияқты араб ғылыми фантастикасының негізін салушылар аңыз, ертегілерде кездесетін таңғажайып элементтерді ғылыми фантастиканың алғышарты ретінде қарастырады [44, 6].

Аңыз, ертегілерде кездесетін ұшқыш кілем, пырақ, сиқырлы шам, сиқырлы айна, жын-перілер, өмір суы сияқты таңғажайып бейнелер қазіргі кездегі ғылыми фантастикалық шығармаларда түрлі ғылыми-техникалық жетістіктердің арқасында пайда болған техникалық құралдарға айналды [45, 55]. Бұрын-соңды адам баласы шалғай жерлерге пырақ, ұшқыш кілем немесе жындар арқылы жететін болса, қазіргі таңда ұшақтар мен ғарыш кемелері арқылы аспан әлеміне саяхат жасайды. Адам баласы бұрын түрлі тылсым күштер мен ойдан шығарылған ғажайыптар арқылы қиялдаған әлеміне қазіргі таңда ғылыми-техникалық жетістіктер арқылы қол жеткізді [46, 14].

Зерттеушілер араб ғылыми фантастикасының негізін халық әдебиетіне жатқызады, яғни ғылыми фантастика араб ауыз әдебиетінің дамуы арқылы қалыптасты деп көрсетеді. Мұхаммед Абдуллаһ «*الخيال العلمي*» атты журналына жариялаған өзінің мақаласында араб ғылыми фантастикасының алғышарты ретінде алынған шығармаларды үш топқа бөліп көрсетеді:

- 1) Мың бір түн;
- 2) Хайи ибн Йақзан;
- 3) басқа да араб мұралары.

«Мың бір түн» шығармасында Һарун Рашид, Абу Нуас сынды тарихи тұлғалар кездескенімен, бұл туындыға енген әңгімелердің арасынан ғылыми фантастикалық шығармаларға жақын

келетін әңгімелерді де көруге болады. Осы кітапта кездесетін әңгімелерде адамзат қиялының жарқын көрінісі байқалып, жындар мен перілер, пырақ, ұшқыш кілем және т.б. ғажайыптар туралы айтылады [47, 8]. «Мың бір түн» шығармасында «حكاية أصحاب الطاووس والبوق و الفرس» атты әңгімеде ғылыми фантастиканың элементтері кездеседі. Аталмыш әңгімеде бір патшаның үш айдай сұлу қызы болады. Үш ғұлама патшаның қызына қалың мал ретінде үш түрлі ғажайып сыйлықты сыйға тартады. Бірі сағат сайын азан шақыратын Тауыс, екіншісі қалаға жау және қарақшылар кіргенде дыбыс шығарып, қаланы қарауылдап тұратын труба, үшіншісі қара ағаш пен пілдің сүйегінен жасалған пырақ береді. Патшаның жалғыз көрікті ұлы пырақты сынап көрмекші болады. Бірақ оны қалай тоқтатарын білмей біраз жол жүріп, шалғайдағы хандыққа тап болады. Ол патша сарайына түсіп, патшаның сұлу қызына бір көргеннен ғашық болады. Оны білген патша әскерлерін жіберіп, жігітті тұтқынға алады да, өлтірмекші болады. Бірақ жігіт өзінің пырағына мініп, қызбен бірге қашып кетеді. Бұл әңгімедегі маңызды элемент – қолдан жасалған пырақ. Қара ағаш пен піл сүйегінен жасалған аталмыш пырақ «Мың бір түн» шығармасындағы жындар мен ұшқыш кілеммен қатар ұшуға арналған жасанды құрал болып табылады. Әңгімеде аталмыш пырақ, бір жағынан, сиқырлы ат сияқты, екінші жағынан физика заңдылықтарына сүйеніп жасалған реактивті ұшақ ретінде сипатталады. Бұл пырақтың ұшып-қонуға, бұрылуға арналған тетіктері де бар. Патшаның баласы пырақты сынап көрмекші болып, оның үстіне отырғанда, пырақ еш қимылдамайды. Содан ол ғалымнан пырақтың қалай ұшатынын сұрағанда, ғалым ұшуға арналған тетікті нұсқап, соны басуды бұйырады. Патшаның баласы тетікті басып, жоғары қарай көтеріліп, біртіндеп жоқ болып кетеді [48, 248].

Біраз жерге дейін ұшып барған жігіт қалай қонарын білмей, барлық тетіктерді қозғап көреді. Пырақтың оң жағындағы тетікті басқанда, жылдамдық арта түседі, сол жағын басқанда пырақтың жылдамдығы азайып, жерге қонады. Осылайша, аталмыш әңгімені оқып отырып, түрлі тетіктер мен құрылғылардан тұратын таңғажайып пыраққа да тап боламыз. Шығармада пырақтың қалай ұшып, қонатынына дейін дәл суреттеледі. Оның ұшып-қо-

ну технологиясы бүгінгі таңдағы реактивті ұшақтарға ұқсас. Кейіпкер ұшар алдында өзінің тұлпарын тексеріп, оның ұшуға дайын екеніне көз жеткізіп алады. Әңгіменің соңында патша үйіне оралған ұлынан қайта көз жазып қалмас үшін ғажайып пырақтың көзін күртуге бұйрық береді. Осылайша, қара ағаш пен піл сүйегінен жасалған пырақ оқырман қауымы үшін ғажайып құбылыс болады. Ерте кездегі адамдардың көптеген сәтсіз тәжірибелерге қарамастан көк аспанда қыран құстай самғауға деген ұмтылысы мен адам баласының қиялының арқасында бүгінгі таңдағы ұшақтар да дүниеге келді [49].

«Мың бір түн» шығармасындағы «عبد الله البحري» атты келесі әңгімені де ғылыми фантастиканың алғышарты ретінде қарастырсақ болады. Бұл әңгіме тоғыз баласы бар кедей балықшы туралы. Балықшының оныншы баласы дүниеге келгенде қырық күн бойы оның қармағына ешнәрсе ілінбейді. Бір күні балықшы олжаға кенеліп, оның ауына су асты әлемінің бір тұрғыны түседі. Балықшы одан су асты әлемі туралы хабар алып, онымен дос болып кетеді. Су асты әлемін өз көзімен көріп, онда ақша мен гауһар тастардың ешқандай құны жоқ екенін біледі. Балықшы Абдуллаһ су асты патшалығындағы тұрғындардың бақытты өмір сүріп жатқандарын көріп, бұл әлемнің заңдылықтарына тәнті болады. Аталмыш әңгімедегі су асты әлемі бүгінгі таңдағы утопиялық шығармаларда суреттелетін ізгі әлемге сай келеді. Шығарманың бас кейіпкері балықшы Абдуллаһ су астында демалатын қабілетке ие болып, жер бетіндегі қоғамның айнасы іспетті су асты әлеміне түседі. «Мың бір түн» шығармасындағы бір оқиғада апатқа ұшырап, жер бетінен жоқ болып кеткен ежелгі өркениет пен ежелгі технология туралы айтылады [50].

«Мың бір түнде» ғылыми фантастиканың негізі ретінде алынған «Булукиә шытырман оқиғасы» атты әңгіменің басты кейіпкері Булукиәнің мәңгілік өмір сыйлайтын шөпті іздеуі оны теңіздерді зерттеп, жаннат пен жаһаннамның бақтарын аралап, өзінің әлемінен әлдеқайда алып басқа ғарыш әлемдеріне саяхат жасайды, жол бойында жындар мен су перісіне, сөйлейтін жыландар мен ағаштарға және басқа да таңғажайыптарға тап болады [51, 73].

Мұхаммед Абдуллаһ өзінің мақаласында ғылыми фантастикалық шығармалардың алғышарты ретінде орта ғасырлардағы «Хайи ибн Йақзан» атты философиялық әңгімені келтіреді. Бұл шығарманың авторы – андалусиялық атақты Абу Бакр ибн Тафил. Ол өз еңбегінде түрлі философиялық және діни мәселелерді қарастырып, оның шешімін іздейді. Әңгіменің бас кейіпкері табиғатынан ерекше жаралған Хайи ибн Йақзан басқа адамдарға қарағанда тез жетіліп, ерекше ойлау қабілетіне ие болады. Ол рухани жағынан кемелденіп, өмір мен өлім, табиғат пен адам жайлы түрлі сұрақтарға жауап іздейді. Хайи ибн Йақзанның қоршаған әлем, өсімдіктер мен жануарлар туралы көзқарасы да мүлдем өзгеше болады. Автор өзінің бас кейіпкерін адам баласына үлгі қылып, бақыт пен қуанышқа толы ізгі әлемді көксейтіндей. Аталмыш әңгіме бүгінгі таңдағы утопиялық шығармаларға жақын келеді. Жер бетіндегі ізгі адамның бейнесін жасаған Ибн Тафилдің шығармасын оқып отырып, автордың философия мен әдебиет саласындағы шеберлігімен қатар медицина мен биология саласындағы біліміне де тәнті боласыз.

Мұхаммед Абдуллаһ өзінің «**الخيال العلمي في الأدب العربي**» «Әл-хиял әл-илми фил адаб әл-араби» («Араб әдебиетіндегі ғылыми фантастика») атты мақаласында араб ғылыми фантастикасының алғышарты ретінде түрлі ғажайыптарға толы оқиғалар мен діни әңгімелерді ерекше атап өтеді. Мысал ретінде жер бетіндегі бүкіл жан-жануарлар мен жындардың, желдің тілін білген Сүлеймен пайғамбардың заманында орын алған оқиғалар туралы әңгімелерді айтсақ болады. Уаһаб ибн Мунабба Сүлеймен пайғамбарға арналып жасалған ерекше орындықты ғажайып түрде сипаттайды. Бұл орындық піл сүйегінен жасалып, түрлі ғауһар тастармен безендіріледі. Орындықтың төрт бұрышына таза алтыннан жасалған төрт пальма ағашы қойылып, ағаштың басында алтыннан жасалған екі тауыс пен екі қыран орналасқан. Орындықтың екі жағында алтыннан жасалған арыстан болады. Ең маңыздысы, аталмыш орындық белгілі бір тетіктер арқылы жоғары-төмен түсіп, айналып, тауыс, қыран мен арыстан өздігінен қимылдай бастайды. Бұл орындық қазіргі таңдағы электронды орындықтарға не болмаса роботтың әрекеттеріне ұқсас. Уаһаб ибн Мунаббаның «ат-Тижан уә мулук ха-

мир» («التيجان و ملوك حمير») атты кітабындағы «Хикаия әл-мағара уә-л-лусус әс-сәләсә» («حكاية المغارة و اللصوص الثلاثة») әңгімесінде үңгірге кірмекші болған үш қарақшы туралы айтылады. Олар үңгірге кіре берген кезде алдарынан ақырған арыстан шыға келеді. Қарақшылар бұл арыстанның белгілі бір жерді басқанда ғана пайда болатынын байқап қалады. Олар осы жерді қазып көріп түрлі құрылғыларды тауып алғанда арыстанның қимылы да тоқтайды. Қарақшылар алдарынан шыққан от шашып тұратын айдаһардан да дәл осылай құтылады. Қазіргі жазушы-фантастардың белгілі бір ғылым саласындағы заңдылықтар мен қағидаларға сүйенетініндей бұл әңгіменің авторы да өз шығармасында механика заңдылықтарын кеңінен пайдаланады [52].

Біздің заманымыздың екінші ғасырында өмір сүрген сириялық жазушы Лукианустың шығармасында да ғылыми фантастикалық элементтер кездеседі. Автор өзінің «Шынайы оқиға» атты кітабында өзінің достарымен бірге түрлі әлемге саяхат жасап, айға ұшып, Күн халқымен соғысып, Бақыт аралы мен Арман елінде болып, түрлі таңғажайып шытырман оқиғаларға тап болады.

Алғашқы фантастардың бірі болып саналатын бұл жазушының ертегілерінде кейіпкерлер айға саяхат жасайды. Аталмыш шығармадағы маңызды оқиға кейіпкердің ғарышқа саяхат жасауы болып табалады. Шығармада кейіпкер бірде аспан әлемінің тұрғындарымен жолығып, олардың басшыларымен бірге отырып, түрлі мәселелерді талқыласа, бірде жаһаннам пен жаннаттың бақтарын аралайды [54].

Араб әдебиетіндегі ең алғашқы ғылыми фантастикалық роман ретінде араб ғұламасы Ибн әл-Нафистің (1213-1288) ағылшын тілінде «Theologus Autodidactus» атпен белгілі болған «Әр-рисәлә әл-камилиә фи-л-сира әл-набауиә» атты шығармасын атап өтсек болады. Ол ерте дәуірдегі әңгіме болғанымен, онда тектік инженерия, футурология, ақырет күні, қайта тірілу мен о дүниелік өмір сияқты ғылыми фантастикалық элементтер кездеседі. Ибн әл-Нафис осы құбылыстарға тылсым күштер арқылы мифологиялық тұрғыда емес, өзінің анатомия, психология, астрономия, геология және космология саласындағы біліміне сүйеніп ғылыми тұрғыда түсініктеме беруге тырысады. Аталмыш

ғылыми фантастикалық еңбектің негізгі мақсаты ислам ілімін ғылым мен философия арқылы түсіндіру болды. Мәселен, ибн әл-Нафис осы романы арқылы өзінің ғылыми негізделген мета-болизм теориясымен таныстырып [55], адамның қайта тірілуін түсіндіру барысында өкпедегі биологиялық айналымдар туралы өзінің ғылыми жаңалықтарына сілтеме жасайды [56]. Бұл шығарма XX ғасырдың басында ағылшын тіліне аударылады.

Көптеген араб және ағылшын тіліндегі дерек көздерінде араб ғылыми фантастикасының алғашқы үлгілері ретінде әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» атты еңбегі де қарастырылады. Томас Мордың «Утопиясынан» 500 жыл бұрын әл-Фараби өзінің еңбегінде бақытты өмірді асқан шеберлікпен суреттейді. Шамамен б.з. 1250 жылдары жазылған әл-Қазуанидің «Ғаудж бин Анфак» атты әңгімесінде басқа планетадан келген адам туралы айтылады. Жазушы-фантаст Йәһийя Емерик өзінің бір сұхбатында: «Фольклоры мен мифологиясы бұрыннан дамыған, тіпті, «жын туралы» әңгімелермен сусындап өскен мұсылман қауымына жатпланеталықтар туралы әңгімелерді де қабылдау қиын еместін. Мені көптеген мұсылман жастарының ғылыми фантастикалық әңгімелерге қызығушылық танытатындары қатты қуантады», – деп арабтардың қиял әлемінен соншалықты алыс емес екенін көрсетеді [57].

Жоғарыда келтірілген шығармаларға арқа сүйей отырып, ғылыми фантастиканың генетикалық немесе типологиялық жағынан аңыз-ертегілерден бастау алатынына көз жеткіземіз.

Енді болашаққа ой тастап, ғылыми жетістікке жетелейтін ғылыми фантастиканың араб еліндегі қазіргі жағдайына тоқталып көрейік.

Бастапқы кезде оның дамуына айтарлықтай көңіл бөлінбеді. Сондықтан да Америкада өткен ғасырдың 20-30 жылдары пайда болып, қазіргі кезде әдебиеттегі басты арнаға айналған ғылыми фантастика жанры араб елінде үлкен жетістікке ие бола алмады, оның үстіне мұндай шығармалардың аудармалары да тапшы болатын [59, 38].

Кез келген тілдегі әдебиет үшін уникум болып табылатын фантастика жанры араб елдерінде енді қалыптаса бастаған кезден-ақ жылы қабылданған еді. Алайда содан бергі ондаған жыл-

дар бойы араб әдебиетіндегі қиял әлемін айшықтауға жаралған сала хақында көп сөз қозғалмаған және ғылыми тұрғыда зерттелмеген десе де болады. Тек 2011 жылдың желтоқсан айында Джорджтаун университетінің ғалымы Гари Баутс (Gary Boutz) «Араб ғылыми фантастикасының ерекшеліктері мен жалпы репликасы: Қассем Қассемнің романы негізінде» («Generic Cues and Generic Features in Arabic Science Fiction: The Novels of Kassem Kassem») деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған болатын [60]. Ол өзінің еңбегінде араб ғылыми фантастикасының ағылшын тіліндегі ғылыми фантастикамен ұқсастығы мен айырмашылықтарын қарастырып, өзіндік жаңа теорияны қолдана отырып, ғылыми фантастиканы құрылым жағынан Джон Фроу ұсынған үш өлшеммен қарастырады: ресми құрылымдық, тақырыптық мазмұны мен риторикалық құрылымы. Оның зерттеу жұмысының негізіне ғылыми фантастикалық жанрда жазылған ливандық жазушы Қассем Қассемнің араб тіліндегі «әл-Рихлә» (1991), «Ла'анат әл-ғуйум» (1993), «Хадаса ан ра'а» (1995), «Ламасат әл-дау'» (2001) және «Жәсәд хар» (2004) сынды бес романы таңдалып алынған [61].

Бүгінгі таңда ертедегі аңыз-әңгімелерден бастау алатын ғылыми фантастика жанрын араб әлемінде дамыту мақсатында түрлі іс-шаралар атқарылуда. 2008 жылдың тамыз айынан бастап Сирия Араб Республикасының мәдениет министрлігінің қолдауымен «Ғылыми фантастика» («الخيال العلمي») атты журнал жарық көре бастады. Бас редакторы Сирияның мәдениет министрі Риад ни'сан болып табылатын аталмыш журналда ғылыми фантастикаға қатысты мақалалар, араб фантастарының туындылары мен аудармалары жарияланып отырады. Журналдың редакциялық алқасы: Ниһад Шариф (Египет), Хисам әл-Хатиб (Палестина), Абусәләм әл-Бақали (Марокко), әл-Һади Ғиад (Марокко), Қасем Қасем (Ливан), Тыйба әл-Ибраһим (Кувейт), Махмүд Карум (Сирия) және Каусар Ғиад (Франция). Аталмыш журнал зерттеулер, ғылыми фантастикалық шығармалар, болашақ ғылымдар, айдың жаңа кітабы, мақалалар және жеке тәжірибелер деген бөлімдерден тұрады. Мұнда жазушы-фантастар ғылыми фантастика туралы зерттеу жұмыстарын, өздерінің шығармаларын жариялап, жеке тәжірибелерімен бөліседі. Журнал

бетінде фантастика тарландарымен қатар жас жазушылардың ғылыми фантастикалық шығармалары мен аудармалары жиі жарияланып тұрады. Журналдың алғы сөзінде мәдениет министрі қазіргі кездегі ғылыми фантастиканың алатын орнын ерекше атап өтіп, түрлі аңыз-ертегілермен сусындап өскен араб халқына бұл жанр таңсық емес екенін айтып, араб елдерінде ғылыми фантастиканың дамуы өте маңызды екенін ерекше атап өтеді.

Араб елдерінде ғылыми фантастикаға байланысты бірнеше конференциялар болып, фантастиканың дамуына өзіндік үлес қосты. Араб ғылыми фантастикасына арналған алғашқы конференция «Араб елінің ғылыми фантастикасы» деп аталып, 2007 жылы маусым айының 3-4 жұлдызы аралығында Сирияның Дамаск қаласында орын алды. Бұл конференция II ғасырда өмір сүрген сириялық жазушы Лукианустың құрметіне ұйымдастырылған болатын. Автордың «Шынайы оқиға» атты шығармасында бас кейіпкер өзінің достарымен бірге түрлі әлемге саяхат жасап, айға ұшып, Күн халқымен соғысып, Бақыт аралы мен Арман елінде болып, түрлі таңғажайып шытырман оқиғаларға тап болады [62]. Алғашқы фантастардың бірі болып саналатын бұл жазушының ертегілерінде кейіпкерлер айға саяхат жасайды. Конференцияны ұйымдастырушы Т. Омран өзінің көпшілік алдындағы сөзінде араб мәдениетімен бірге ғылыми фантастиканы дамытудың құндылығын көрсетіп, араб тіліндегі ғылыми фантастикалық шығармалармен танысудың маңыздылығын атап өтеді.¹ Т. Омранның айтуы бойынша, ғылыми фантастика саяси және ғылыми жетістіктерге жетелеп, түрлі мәселелердің шешімін табуға негіз болады. Кейінгі баяндамашылар да араб ғылыми

¹ Көпшіліктің назарын аудару үшін конференция барысында ғылыми фантастика мамандары мен жазушы-фантастар бұқаралық ақпарат құралдарына сұхбат берді. Конференцияда қорытынды сөз сөйлеген жазушы-фантаст Талейб Омран осы дәстүрді әрі қарай жалғастыру мақсатында араб ғылыми фантастикасына арналған алғашқы съезд ұйымдастыруды ұсынды. Бұл хабарламаға басқа да ұсыныстар енгізіліп, үлкен жетістікпен өз мәресіне де жетті. Алда ұйымдастырылатын екінші конференция алты айдан кейін орын алып, араб ғылыми фантастикасына арналған съездің бастамасы болмақ. Бірақ бұл конференцияның есігі тек араб әлеміне ғана емес, сонымен қатар еуропалықтар үшін де ашық болмақ. Ғылыми фантастикаға бағытталған басқа да халықаралық ұйымдармен байланыс орнату араб елі үшін маңызды болып табылады.

фантастикасын батыстық шығармалармен салыстыруға болатындай бұл жанрдың жарқын болашағын көрсетуге тырысты. Екі күнге созылған конференция барысында араб ғылыми фантастикасының түрлі жақтары талқыланып, онда қолданылатын терминология ғылыми фантастика мен фэнтезидің аражігін айыратын ерекшелік ретінде қарастырылды. Аталмыш терминдерді басқа тілдерге аудару да басты мәселелердің біріне айналып, араб тіліндегі ғылыми фантастикалық шығармаларды француз және ағылшын тілдеріне аударудың жолдары көрсетілді. Сонымен қатар ғылыми және саяси болжамдар жасауға қатысты мәселелер де асқан қызығушылықпен талқыланды. Талқылау барысында ғылым мен технологияның байланысы да жиі айтылды. Н. Шариф, Т. Омран, Тыйба әл-Ибраһим, С. Маати сияқты жазушы-фантастар өздерінің жазушылық тәжірибелерімен бөлісті. Сонымен қатар араб ғылыми фантастикасының сыншысы сириялық Мұхаммед Аззамның ғылыми фантастикаға арналған сыни еңбектеріне де үлкен назар аударылды.

Жыл сайын өткізілетін араб ғылыми фантастикасына арналған 2-інші конференция 2009 жылы тамыз айында Сирияның астанасы Дамаск қаласында орын алды. Онда сыншылар бұл жанрдың маңыздылығын ерекше атап өтті. Осы уақытта Тунисте араб Лигасының білім беру, мәдениет және ғылым ұйымына араб ғылыми фантастикасына арналған әдеби сыйлық ұйымдастыру жоспарын құрып, жазушы-фантастардың одағын құруды қарастырды [63]. Ал «Араб әдебиеті және ғылыми фантастика» атты алғашқы симпозиум тек 2006 жылы ғана орын алған. Мароккодағы Касабланка қаласында ғылыми фантастика араб әлемінде танылған және бұл әдеби жанрдың кеңінен таралмауының себебін анықтау мақсатында талқылау өтті. Араб әдебиетінің профессоры, доктор Идрис Қассоури төрағалық еткен жиналыста делегаттар араб тілінде жазатын жазушылардың шығармаларын сөз қылды. Конференцияға қатысушылар қазіргі таңда орын алған жағдайға талдау жасай отырып, аталмыш жанрға сыншылардың айтарлықтай назар аудармайтынын сынға алды. Бұл әдеби жанрдың қалай қабылданғанын төменнен көруге болады: 1987 жылы орын алған балалар әдебиетіне арналған үлкен симпозиумда ғылыми фантастика даму үстінде деп көрсетілді.

«Балалардың қиялына ерік беру керек, бірақ әр нәрсенің шегі болуы керек» деген ұран алға тартылды. 2005 жылы Америкада тұратын мысырлық ғылыми фантастиканың маманы Сифат Салам араб елдерінің білім беру жүйесін үлкен сынға алып, балалардың фантазиясы мен шығармашылығын дамытуға ешқандай мүмкіндік жасалмағанын айтады. Ол араб елдерінде университеттер мен мектептерде ғылыми фантастиканы қолдануға шақырады: Әдебиетте ғылыми фантастиканың маңыздылығы – оқырманның қиялын ұштап, шығармашылық қабілетін дамытуға негіз болуы. Сондықтан да араб әлемінде көптеген ғалымдардың дүниеге келуі үшін балалардың шығармашылық қабілетін жастайынан дамыту қажет. Лондонда шығарылатын «әш-Шарқ әл-Аусәт» атты газетте жарық көрген мақалада Мысырдан шыққан Нобель сыйлығының лауреаты Ахмед Зеуайл: «Өз жұмысын жақсы көретін шынайы ғалым армандай алуы тиіс. Егер кімдекім өзінің әлемінен шығып, армандай алмаса, ол бұрынғылардың ісін қайталап, ешқандай жаңалық енгізе алмайды», – дей келе, Араб елдерінде бүгінгі таңда ғылыми фантастикаға байланысты туындаған қиындықтарға танданатынын да жасырмады [64,3].

Ғылыми фантастика араб елдерінде алғаш рет «Айн-Шамс» университетінде академиялық пән ретінде жүргізіле бастады. Ғылыми-фантастикалық әңгімелердің көркемдік ерекшеліктері («الإبداع الفني في قصص الخيال العلمي») деп аталған бұл дәрісте атақты батыстық жазушы-фантастардың шығармалары мен араб әдебиетіндегі ғылыми фантастика туралы айтылады. Сыншы Ахмад Абу Зиад өзінің «Ғылыми фантастика және болашақ ғылымы» («الخيال العلمي و علم المستقبل») атты мақаласында ғылыми фантастиканың білім беру жүйесінде алатын орны туралы жазады. Ол араб елдеріндегі білім беру жүйесіне өзгерістер енгізіп, оқушылар мен студенттердің ғылыми фантастикалық шығармаларға деген қызығушылығын арттыру керектігін ерекше атап өтеді. Жазушы Сафа Сәләма да өзінің «Ғылыми фантастиканы оқыту ауқаттылық емес, болашақтың қажеттілігі» («تدريس الخيال العلمي ضرورة مستقبلية وليست رفاهية») атты мақаласында мектептер мен университеттерде ғылыми фантастиканы оқытудың қажеттілігі мен маңыздылығын атап көрсетеді. Батыс елдерінде ғылыми фантастика әдебиеттің

маңызды саласы болып табылады. Жазушы-фантастардың шығармалары жоғары бағаланып, ондағы жаңа ғылыми идеялар зерттелу үстінде. «НАСА» америкалық ғарыш агенттігі мен еуропалық ғарыш агенттігі жаңа техникалар мен жаңа ғылыми идеяларды ғылыми фантастикалық шығармалардан іздеп, оларды зерттеуге үлкен мән береді. Бүгінгі таңда жазушы-фантастардың қиялынан шыққан техникаларды жасау үшін тәжірибелер жүргізілуде. 2001 жылы «ЕКА» еуропалық ғарыш агенттігі зерттеушілерді фантастардың шығармаларын зерттеуге шақырды. 2002 жылы қазан айында ғарыш агенттігі «Ғылыми фантастикадағы жаңа техника» («التقنيات الجديدة في الخيال العلمي») атты зерттеу жұмысын жүргізу барысында үлкен жетістікке жетеді [65, 21].

Сонымен, ғылыми фантастикалық проза араб әдебиетінде енді ғана аяғына тұрып келе жатқан жанр болып табылады. Үлкен дарынды, терең білімді, интеллектуалдық өрені қажет ететін ғылыми фантастиканың араб елдерінде дамыту үшін бүгінгі таңда түрлі конференциялар ұйымдастырылып, газет-журналдар жарық көріп, жазушы-фантастардың одақтары құрылуда. Себебі фантастика еркін қиялдың ордасы болып табылады. Ол адам баласын болашақ өмірге дайындап, бүгінгі таңда адам баласының кемелдене түсуіне әсер етеді. Барлық ғажайыптар, ең әуелі, фантастикада орын алып, кейін ғылымның дамуына байланысты шындыққа айналады. Бұрынғы жазушы-фантастардың шығармаларында бейнеленген түрлі фантастикалық құбылыстар мен ғылыми-техникалық жетістіктер бүгінгі өмірдің шындығына айналууда.

Египет әдебиетіндегі ғылыми фантастика

Бүгінгі таңдағы араб тіліндегі алғашқы ғылыми фантастикалық шығарма Мысырда осыдан 50 жыл бұрын дүниеге келген болатын. Басқа араб елдерінде осы жанрдағы шығармалар 25 жылдан соң пайда болды. Бірақ бұл еңбектерге деген қызығушылық айтарлықтай жоғары деп айтуға болмайды. Әдеби мамандар бүгінгі күнге дейін араб елдерінде бар-жоғы 35 ғылыми

фантастикалық роман жазылған деп көрсетеді. Бірақ бұл есеп дұрыс емес, себебі бір ғана Мысырдың өзінде ғасырдың басында кем дегенде 20 роман және 15 ғылыми фантастикалық әңгіме жинағы жазылған. Соның ішінде 1953 жылы Тауфиқ әл-Хакимнің² «Миллион жыл» («المليون سنة») атты әңгімесі, кейін 1995 жылы «Келешекке сапар» («إلى عالم الغد رحلة») атты пьесасы жарыққа шығады. Жазушының соңғы аталған шығармасында екі қылмыскер өз жазаларын өтеу үшін айға жер аударылады. Онда біраз уақыт болып, кейін екеуі жерге қайта оралады. 300 жылдан соң қайта жер бетін басқан екеуі таңғажайып әлемге тап болады [34].

Тауфиқ әл-Хаким алғашқылардың бірі болып 1933 жылы жарық көрген өзінің «Барлық ауызға арналған тағам» («لكلِّ فم الطعام») атты кітабының алғы сөзінде өнерді әрі қарай дамытудың қажеттілігі туралы айтады. Оның ойынша, өнер мен әдебиетте жаңалық жасау үшін еркіндік болу қажет. Ол өз сөзін әрі қарай жалғастырып: «Өнердегі жаңалық дегеніміз – бір сөзбен айтқанда, еркіндік. Ең маңыздысы – тақырып еркіндігі, шығарманың мазмұны мен сыртқы құрылымын жасаудағы еркіндік. Өнерді төрт қабырғамен қоршап қоюға болмайды... Егер кімде-кім дәстүрлі өнер атты сарайда өмір сүріп, шатырдың астында көлеңкеде демалып жататын болса, бұл – саулық пен амандықтың кепілі... Бірақ еркіндік – бұл табиғат аясына шығу. Жазушылар кейде өткен мен қазіргі заманға көз жүгіртсе, ал енді бірде жарқын болашаққа үлкен көңіл бөлуі тиіс...» деген болатын [66]. Осылайша, атақты жазушы Тауфиқ әл-Хаким келешек әлемді суреттеп, болашақта орын алатын мәселелерді көтеретін әдебиетке үлкен мән беріп, оны жоғары бағалады. Сириядан шығатын «Ғылыми Фантастика» («الخيال العلمي») атты журналдың бір санында жарияланған «Араб Мағрибындағы ғылыми фантастика» («أدب الخيال العلمي في المغرب العربي») мақаласында Араб әлемінде ең алғаш болып болашақ туралы фантастикалық шығармалар («Миллион жыл» («المليون سنة», 1953), («Келешекке сапар» («إلى عالم الغد رحلة», 1958) жазған Тауфиқ әл-Хаким араб фантастикасының пионері деп көрсетілген.

² Тауфиқ әл-Хаким Хусейн – 1898-1987 жылдар аралығында өмір сүрген қоғам қайраткері, мысырлық атақты жазушы-драматург

XX ғасырда пайда болған ғылыми фантастика жанрында жазатын талантты жазушылардың ішінен мысырлық жазушы Салама Мұсаны да ерекше атап өту қажет. Оның 1926 жылы жарық көрген «مقدمة لطويي مصرية» атты еңбегінде түрлі әлемдер туралы көптеген жаңа идеялар жазылған. Тауфиқ әл-Хақимнің еңбегінде де осы ойлардың кейбірі қайталанады. Мысалы, әлемдегі аштық пен кедейлікті жою үшін жасанды химиялық тағамдарды ойлап табу және т.б. әл-Хақим өзінің шығармасында адамзаттың болашағы туралы ойланып, шынайы өмірге қайшы келетін әлемді суреттейді. Дегенмен автор өзін жазушы-фантастардың қатарына қоспайды. Себебі ғылыми фантастика терминінің өзі араб елінде тек жетпісінші жылдары ғана пайда болған. Жазушы өзінің кітабында адамзаттың болашағына көңіл бөліп, Джордж Уэллс сияқты кейбір батыстық атақты фантастар туралы сөз қозғайды [67].

Араб елінде ғылыми фантастика термині пайда бола бастағаннан-ақ бұл жаңа жанр сыншылар тарапынан өткір сынға ұшырады. Әсіресе 1976 жылы марокколық жазушы Абдусалам әл-Бақалидің «Көк топан су» («الطوفان الأزرق») атты ғылыми фантастикалық шығармасы жарық көргеннен кейін осы жанр төңірегінде біраз сөз қозғалды. Сыншылар аталмыш жанрды араб мәдениетіне жат, дәстүрлі араб әдебиетіне қайшы келетін таңсық дүние ретінде өткір сынға алды. Осындай сыншылардың бірі ретінде атақты араб жазушысы, Нобель сыйлығының иегері Нағиб Махфуз болды. Ол өзінің «Әл-мәжәләт» («المجلة») атты журналында жарық көрген мақаласында ғылыми фантастика туралы былай деп жазды: «Ғылыми фантастиканы шынайы әдебиет деп айту өте қиын. Менің ойымша, шынайы әдебиет адамзат баласының өмірлік тәжірибесін көрсетуі тиіс. Ал ғылыми фантастика болса, ғылыми нәрселерді қиял арқылы құрастырып, болашақта оның адам баласына қалай әсер ететінін де ойдан шығарады. Егер жазушының қиялынан шыққан дүниелер болашақта жүзеге асса, онда бұл әдебиеттің құны шексіз болмақ. Ал егер шығармадағы дүниелер сол қалпында қалып, шынайы өмірде орын алмаса, ол тек құрғақ қиял болмақ. Сондықтан да аталмыш жанрдағы шығармаларды сирек оқимын. Себебі ондағы бос сөздердің болашақта орын алатынын не алмайтынын білмейміз...». Атақты жазушының жоғарыдағы ма-

қаласына жауап ретінде Абдусалам Бақали «Құрметті Үстаз Нажиб, ғылыми фантастика бос сөз емес» («لا يا أستاذ نجيب، أدب (الخيال العلمي ليس كلاما فارغا» атты мақаласын жазады. Онда жазушы ғылыми фантастиканың құндылықтары мен адам өміріндегі маңыздылығы туралы айтып, өз дәлелдерін келтіреді. Аталмыш мақаланың авторы ғылыми фантастиканың мәнін толық түсіну үшін Жюль Верн³, Джордж Уэллс⁴, Исаак Юдович Азимов⁵, Артур Кларктың⁶ шығармаларымен танысу қажет екенін де атап өтеді.

1957 жылы Каир қаласында жазушы-фантаст **Ахмед Абдусалам әл-Бақалидің** алғашқы әңгімелер жинағы жарық көрді. Аталмыш жинаққа «**رواد المجهول**», «**قطط و فيران**» және «**السلسلة الذهبية**» атты үш әңгіме кіреді. Жазушының «**رواد المجهول**» атты ғылыми фантастикалық әңгімесі 1955 жылы әдебиет саласындағы сыйлыққа ие болады. Сонымен қатар 1966 жылы Ахмед әл-Бакри ас-Сибәғидің «**بوتقة الحياة**» атты шығармасы, 1974 жылы Мұхаммед Ғазиз әл-Ахбабидің «**إكسير الحياة**» атты туындысы, 1976 жылы фантаст Ахмед Абдусалам әл-Бақалидің «**الطوفان الأزرق**» атты шығармасы жарыққа шығады. Соңғы аталған шығармада оқиға Африканың солтүстігінде орын алады. Осы жерде ғалымдардың бір тобы әлемде орын алған соғыстар мен түрлі көтерілістерден сақтану үшін сахараның ортасында көрінбейтін қала тұрғызады. Ядролық соғыс адам баласының жер бетінен жойылып кету қаупін туғызады. Шөл даланың ортасында салынған бұл құрылыстың негізгі мақсаты адамзат тарихында ең

³ Жюль Габриэль Верн (1828-1905) – атакты француз жазушы, географ, ғылыми фантастика жанрының негізін қалаушылардың бірі. «Жиырма мың лье су астында» (1916), «Оңтүстік жұлдыз» (1918), «Жер шарын 80 күнде айналып өту» (1872) атты шығармалардың авторы.

⁴ Герберт Джордж Уэллс – 1866-1946 жылдар аралығында өмір сүрген атакты ағылшындық жазушы, публицист. «Уақыт машинасы», «Сиқыр адам», «Әлемдер соғысы» сынды әлемге кең тараған ғылыми фантастикалық шығармалардың авторы.

⁵ Исаак Юдович Азимов (1920-1992) – америкалық жазушы-фантаст, биолог. Ғылыми фантастика жанрында және астрономия, генетика, тарих, әдебиет саласында жазылған 500-ге жуық еңбектің авторы. Оның «Түннің келуі» атты шығармасы ең үздік фантастикалық әңгіме атағына ие болған.

⁶ Сэр Артур Чарльз Кларк – 1917-2008 жылдар аралығында өмір сүрген ағылшын жазушысы, ғалым, футуролог. Ғылыми фантастика жанрының қалыптасуына үлкен үлес қосқан «Үлкен үштікке» (Артур Кларк, Исаак Азимов, Роберт Хайнлайн) кірген.

жақсы қоғам құрып, ғылыми және техникалық жетістіктерге қол жеткізе отырып, әлемде үстемдік орнату болады.

Ғалымдар адам баласының санасын жасанды интеллектпен алмастырып, оған құтқарушы деген ат береді. Бірақ бұл жасанды интеллект адамзатқа үлкен қатер төндіріп, мүлдем жаңа қоғам құру үшін жер бетіндегі адамның бәрін жойып жібермекші болады. Егер аталмыш робот ғалымдардың шөл даланың ортасына салған құрылысын жаулап алса, онда адамзаттың өмірі тозаққа айналмақ. Осылайша, жасанды интеллект адамды құлға айналдырып, өзі құдай болмақ. Бірақ шығарманың соңында адам баласы жеңіске жетеді. Жазушының романы өте шебер жазылған. Шығармада адам баласы өз қолымен жасаған қауіп-қатерге толы қорқынышты өмірдің көрінісі суреттеледі.

Келесі бір жазушы **Ахмед Афзаранның** 1985 жылы жарыққа шыққан «**بوتقة الحياة**» атты жинағына 18 ғылыми фантастикалық әңгіме енген. Олар: «**على الأرض ضيوف**», «**لا خوف على اللقمة**», «**رياض الرمال**», «**بطيخ على متن**», «**قرصنة السحب**», «**إلى رصيف المشاة**», «**الضوء**»



«**نادي**», «**مزرعة الأعضاء**», «**وليد مشترك**», «**الفستان الإلكتروني**», «**السوبرمان**», «**عصفور الأشواق**», «**عندما يعشق الروبوت**», «**البكتيريا قي خدمة**», «**الإنسان الطائر**», «**البرمائية الطائرة**», «**التصادير**», «**من أجل ثقب أسود**», «**القمر يرحب بكم**», «**الناظفة الحضارة**». Жазушы өзінің жоғарыда аталған жинағында шығармада кездескен терминдер тізімін берген. Осы арқылы өзінің ғылыми тәжірибесінің мол екенін де аңғартады.

1987 жылы Ахмед Абдуссалам әл-Бақалидің «**مدينة الأعماق**» атты шығармасы, 2008 жылы Абдусамад әл-Ғазуанидің «**ح**» атты ғылыми фантастикалық туындысы жарыққа шығады. Соңғы аталған шығармада оқиға 2182 жылы орын алады. Бұл кезде адам баласы үлкен ғылыми және техникалық жетістіктерге жетіп, қо-



ғамның барлық саласы нақты жүйеленген бір тәртіпке бағынады. Бірақ адамның барлық өмірі, тіпті, сана-сезімі де электронды құрылғылар арқылы басқарылып отырады. Жазушы өзі «انغماس في أرواق شاحبة» атты шығармасымен ғылыми фантастиканы дамытуға арналған жарысқа қатысып, жетінші орынға ие болады. Сонымен қатар 2009 жылы Халид әл-Йағбудидің «إلى شيخالمؤرخين عودة» атты шығармасы жарыққа шығады. Онда оқиға 2406 жылы орын алады.

1984 жылы жазушы Медхат әл-Жиар «әл-Фусул» («الفصول») журналында «Ғылыми фантастикалық шығармалардағы қазіргі заманғы диалектика» («جدلية الحداثة في روايات الخيال العلمي») атты мақаласын жариялады. Ол өзінің мақаласында бүгінгі таңда араб тілі мен әдебиетінде кездесетін мәселелер туралы сөз қозғап, ғылыми фантастиканы араб әдебиетінің ажырамас бөлігі, араб әдебиетінің жалғасы ретінде қарастырды. Медхат әл-Жиар араб тіліндегі ғылыми фантастикалық шығармаларды өзіндік ерекше тілі бар туынды ретінде қарастырып, мұндай шығармалардағы жаңа сөздердің тілдік қордың дамуы мен жаңаруына үлкен септігін тигізетінін ерекше атап өтеді. Жазушы ғылыми фантастиканы ғасыр жаңалығы деп бағалап, заман өткен сайын көркем әдебиетте жазу тәсілі де, әдісі де өзгеріске ұшырап, жаңарып отыруы табиғи заңдылық екенін айтады. Оның бұл пікіріне жазушы Сабри Мұса да қосылды. Жазушының ойынша, 1950 жылы орын алған төңкеріс көркем шығармаларда қолданылатын әдіс-тәсілдерге де үлкен жаңалық енгізді. Себебі ғылыми фантастика жаңа ғасырда өмір сүріп жатқан халықтың мүддесін көтеріп, олардың сұранысына сай болды [68].

Мысырлық жазушы, журналист, «القميمص», «وجها لظهر», «حادث النصف» атты әңгімелер жинағы мен «حكايات صبري موسى», «السيد من حقل السبانخ», «فساد الأمكنة», «متر», «قنديل أم هاشم», «البوسطجي» сынды бірнеше ғылыми еңбектердің авторы Сабри Мұса 1932 жылы дүниеге келген. 1952-1953 жылдар аралығында сурет өнерімен айналысады. 1982 жылы өзінің «السيد من حقل السبانخ» атты шығармасын жарыққа шығарады. Бұл романда оқиға болашақ әлемде орын алып, адам баласы үлкен техникалық жетістікке ие болады. Шығарманың бас кейіпкері Хуму мырза басқа да мыңдаған

жұмысшылармен бірге үлкен шыны ғимаратта орналасқан өндіріс орнында қызмет етеді. Онда күнделікті өмір дәл есептелген жүйе бойынша орын алады. Жұмысшылар өз қызметтерін белгілі бір уақытта бастап, белгіленген уақытта аяқтайды. Күнделікті ешбір өзгеріссіз бір жерге келіп, бір көлікпен өздерінің шыныдан жасалған үйлеріне қайтады. Міне, осылайша олардың өмірі бір сарынмен өтіп, белгілі бір заңдылықтар мен белгілі бір жүйе бойынша өмір сүреді. Жүздеген жылдар бойы халық табиғаттан оқшауланған алып доп секілді шыны ғимаратта өмір сүреді. Ешкімнің де ойлануға уақыты жоқ, барлығы да робот секілді. Тек бір күні Хуму өзінің күнделікті мінетін автобусына отырмай, өз өмірі туралы ойлана бастайды. Күйеуінің кешіккеніне күдіктенген әйелі тиісті орындарға хабарлап, күйеуіне іздеу салады. Ал Хуму дүниеге келгеннен бері алғаш рет жалғыз қалып, оның басына сан ойлар келеді. Бір сарынмен өмір сүріп үйреніп қалған қарапайым жұмысшы алғаш рет қайғыға батып, уайымға салынады. Бұл қайғы-қасірет оның еркіндік пен бостандыққа деген талпынысынан туындаған болатын. Енді ол өзінің бұл ойын қала тұрғындарына да жеткізуге асығады.

Жергілікті әкімшілік орындары Хумуды тауып алып, аман есен үйіне әкеледі. Бірақ ол жүрегінде пайда болған дерттен айырыла алмай, жүздеген жылдар бойы қалыптасқан жүйеге өзгеріс енгізуге тырысады. Елдегі демократиялық жүйе халықтың барлық жағдайын жасап, қажеттіліктерін қамтамасыз еткенімен, Хуму өзінің еркіндік пен бостандық туралы ойларынан бас тарта алмайды. Оған үкімет мүшесі болған талантты ғалым Бруф та қосылады. Олар үкіметтің отбасылық өмірді құптамайтындығына қарсылық білдіреді. Осы мәселе жөнінде талас-тартыс өрши түскен соң үкімет мәселенің шешімін дауыс беру арқылы шешуді ұйғарады. Хуму мен Бруфтың жақтаушылары жеңіліске ұшырап, олар шыныдан жасалған алып қаладан кетпекші болады. Үкімет оларға керекті құрал-жабдықтар мен көлік беріп, қаладан шығарады. Бірақ олардың қайта оралуына тыйым салынады. Осылайша, үкіметтің шартымен келісіп, Хумуды жақтаушылар жүз жыл бойы ашылмаған есіктен сыртқа шығады. Қаладан шыққандар адам сенгісіз көрініске тап болады. Күн қызуы адамның бетін күйдіріп жіберетіндей және топырақтан түрлі сәуле-

лер бөлініп жатады. Хуму мен Бруф қанша күшті болуға тырысқанымен, достарының бірінен соң бірі өліп жатқанын көріп, қалаға қайта оралмақшы болып, қақпа алдына келеді. Бірақ олар есікті қанша қақса да, ешкім жауап бермейді. Ұзақ уақыт бойы Хуму шыныдан жасалған ғимараттың алдында өмір сүреді. Бірде қақпаның ар жағынан: «Сен әлі есікті ұрып тұрсың ба? Ешкім артқа қайтып оралмайды», – деген дауысты естиді. Автор осылайша өзінің шығармасы арқылы болашақта орын алуы мүмкін қатерлерді көрсетуге тырысады. Шығарманың бас кейіпкерлерінің есімдері де кездейсоқ алынбаған. Ағылшын тілінде Хуму (Homo) адам, ал Бруф (Proof) дәлел, дерек деген мағынаны береді. Ал шығарманың көркемдік жағына келер болсақ, автор оқиға орын алған жерді шебер суреттей білген. Онда қолданылған әрбір көркемдік тәсіл арқылы автор оқырманға жаңа ой тастауға тырысады.



Әдебиетші, ойшыл әрі дәрігер **Мұстафа Махмұд** 1939 жылы Мысырда дүниеге келген. Медицина саласында білім алған Мұстафа бірнеше қысқа әңгімелер жинағы мен зерттеу жұмыстарын, саяси, философиялық, діни және ғылыми еңбектер жазады. Мысырлық жазушы Мұстафа Махмұд – «**الْعنكبوت**», «**رجل تحت الصفر**»,

«**الأفيون**», «**الخروج من التابوت**» атты бірнеше ғылыми фантастикалық шығармалардың авторы. Оның 1964 жылы жазылған «**الْعنكبوت**» атты романы алғашқы шынайы ғылыми фантастикалық туынды болып табылады. Аталмыш шығармада жазушы табиғаттағы кез келген нәрсе өздігінен жоғалмайды, ол бір заттан екінші затқа ауысады деген пікірді ұстанады. Ол адам баласы өлгеннен кейін де, оның рухы жаңа денеде қайта туылып, өткен өмірін ұмытып қалатыны туралы айтады. Оқиға 1958 жылы шығарманың бас кейіпкері инженер Рағибтің жоғалып кетуінен басталады. Ол сиқырлы элексир ойлап табады. Бұл элексирді қабылдаған адам жүз, тіпті, мың жыл бұрынғы өмірі мен болашақты да көру қабілетіне ие болады. Бұл ғылыми фантастика-

лық шығармада элексир уақыт машинасының қызметін атқарады. Осы элексир арқылы бас кейіпкер өмір шындығын білуге ұмтылады. Бірақ шығарманың соңында инженер ақиқатқа қол жеткізе алмай, қайтыс болып кетеді. Автор өзінің аталмыш шығармасында медицина саласында көптеген ғылыми мәліметтер беріп, белгілі бір заңдылықтарға сүйенеді. Бұл жазушының өз мамандығының асқан шебері екенінен де хабар беретіндей. Романда ғылыми терминдер мен ғылыми сипаттамалар жиі кездеседі [69, 56].

Мұстафа Махмұдтың 1967 жылы жарыққа шыққан «Раджул тахта ас-сыфыр» атты келесі шығармасы дәстүрлі ғылыми фантастикалық туындыға жатады. Ондағы оқиға 2067 жылы орын алады. Бұл уақытта адам баласы үлкен жетістікке жетіп, жан баласы естіп көрмеген техника мен байланыс құралдарын, түрлі транспорттарды қолдана бастайды. Құрылыс, медицина және түрлі ғылым салаларындағы жаңалықтар адамзат өркениетін байыта түседі. Жер планетасы ғарыштағы өте жоғары дамыған планета болады. Адам баласы үшін ендігі жерде қатты заттарды толқын арқылы ұшатын жеңіл нәрсеге айналдыру маңызды болды. Осы салада толқындар арқылы тәжірибе жүргізген доктор Шахин жетістікке жету үшін көп еңбек етеді. Ол тышқандарға жүргізген сәтті тәжірибесінен кейін өзінің ешқашан қайта қалпына келмейтінін біле тұрып, өз-өзіне тәжірибе жүргізеді. Осылайша, ғалым өз елі мен халқының мүддесі үшін өмірін қауіп-қатерге тігеді.

Жазушының «الخروج من التابوت» атты келесі шығармасында көзге көрінбейтін белгісіз әлемге саяхат туралы айтылады. Әңгіме Үндістанға сапар шеккен мысырлық археологтың атынан баяндалады. Мысырлық ғалым бір күні көшеде кетіп бара жатып, жерде үстіне бірдеңе жамылып жатқан бір кедейдің айналасына жиналып қалған адамдарға тап болады. Бір кезде жанағы пақыр адам орнынан атып тұрып, түсініксіз сөздер айтып, ауада қалқып отырады. Өлгі ғалым Брахма есімді кедей адаммен танысып, әңгімелесе бастайды. Ол адам баласы өлгеннен кейін рухы белгісіз әлемге кететіні туралы айтады. Автор, осылайша, өзінің «العنكبوت» атты шығармасында айтқан ойын әрі қарай жалғастыра түседі. Шығарманың бас кейіпкері ғалым

Мысырға қайта оралғанда перғауындар әлеміне тап болады [70, 59]. Сириялық фантаст Т. Омран Мұстафа Махмұдтың «الخروج من التابوت» атты шығармасын өте жоғары бағалайды. Ол автордың көркемдік тәсілдерді шебер қолданатынын және кез келген еңбегінде ғылыми негізге сүйенетінін ерекше атап өтеді.



Рауф Уасфи – мысырлық жазушы-фантаст, ғалым Америкадағы жазушы-фантастар одағының мүшесі, Мысырдағы технология және ғылым академиясы сыйлығының иегері. Көптеген зерттеу жұмыстары мен ғылыми еңбектердің авторы Рауф өзінің ғылыми фантастикалық шығармаларымен де әйгілі болған. Ол Батыс жазушыларының бірнеше ғылыми фантастикалық шығармаларын араб тіліне аударған. Жазушы

өзінің әңгімелер жинағында көбіне адам баласы мен оның қазіргі және келешектегі мүдделеріне үлкен мән береді. Рауф Уасфидің кез келген әңгімесін алып қарасак, одан жазушының адам баласына деген құрметін байқауға болады, адам баласына қатысты барлық нәрсеге, кейіпкерлердің аттарына, олардың қолданатын құрал-саймандарына да маңыздылықпен қарайды. Жазушы сәтті жазылған ғылыми фантастикалық әңгіме оқырман қауымға қатты әсер етіп, оның жүрегінен орын алатын дүние болуы тиіс деп біледі. Оқырман шығарма кейіпкерімен бірге тыныс алып, қайғы мен қуанышына ортақтаса білуі керек. Жазушы өзінің ғылыми фантастикалық әңгімелерінде тек басқа планетадағы өркениеттер мен болашақ әлемді суреттеп қана қоймай, сонымен қатар осы өркениеттің адам баласына әсерін шебер жеткізеді. Жазушы өзінің еңбектерінде кейіпкердің жан дүниесінде орын алған сезімдерге аса мән беріп, оқиғаны асқан дәлдікпен жеткізуге тырысады. Ол өзінің «Белгісіз планетадағы өлім» (الموت على كوكب مجهول) атты әңгімесінде қиын жағдайға тап болған ғарышкер өмірінің соңғы жеті минутын ерекше суреттейді. Ғарышкердің кемесі жат планетада апатқа ұшырап, оттегі-

сі таусылып жатады. Апатқа ұшыраған ғарышкер соңғы рет әйелі және кішкентай қызымен сөйлеседі. Ол қанша қиналса да, жанары жасқа толып, күйеуін уайымдап тұрған әйеліне өзінің қорқынышын білдіртпеуге тырысады. Жазушы ғарышкер мен әйелінің арасындағы диалог арқылы оқырман қауымға ой салады. Жазушының келесі бір шығармасынан автордың тек адам баласына емес, сонымен қатар табиғатқа, бүкіл жан-жануарлар мен өсімдіктерге деген махаббатын көруге болады. Онда шығарманың бас кейіпкері – мысырлық өнертапқыш, ғалым адам баласы ести алмайтын айналадағы дыбыстарды еститін құрал ойлап табады. Ғалым өзі ойлап тапқан құралымен табиғат аясында тәжірибе жүргізбекші болады. Тәжірибе жүргізу барысында аталмыш құралдан түрлі ыңырсыған, жылаған, айғайлаған дыбыстар естіледі. Жазушы осы әңгімесі арқылы болашақта табиғатқа, жер бетіне төніп тұрған үлкен қауіп-қатерді ескертпекші болады [71, 85].

Ниһад Шариф – араб әдебиетіне алғаш рет ғылыми фантастика терминін енгізген мысырлық жазушы-фантаст. Ол 1932 жылы дүниеге келген. Араб ғылыми фантастикасының дамуына айтарлықтай үлес қосқан Ниһад Шариф тарихи шығармалардан сусындаған. Ол 1949 жылдан бастап алғашқы ғылыми фантастикалық шығармаларын жаза бастайды. Оның туындылары көптеген араб газет-журналдарында жиі жарияланып отырған. Араб елдерінде алғашқылардың бірі болып ғылыми фантастикалық шығармаларды дүниеге әкеліп, ғылыми фантастика терминіне толықтай түсініктеме берген Ниһад Шарифтің «Екінші әлемнің тұрғындары» ("سكان العالم الثاني"), «Зәйтүн алмазы» ("الماسات الزيتونية"), «4 нөмір саған әмір береді» ("رقم 4 يأمرك"), «Уақытты жеңуші» ("قاهر الزمن"), «Зәйтүн» ("الزيتونة") атты шығармалары үлкен жетістікке ие болған. 70-жылдары жарық көрген туындыларының бірі – «Уақытты жеңуші» («قاهر الزمن») романы 1969 жылы Мысыр әңгімелер



клубының алғашқы сыйлығына ие болады. Оның 2007 жылы Каирде жарыққа шыққан «أنا و كائنات والفضاء» атты ғылыми фантастикалық әңгімелер жинағында басқа әлемде өмір сүретін мақұлықтар туралы айтылған. Бұл жинақ «امرأة في طبق طائر», «سر القادم من أعلى», «الكوكب الغامض», «توقفت عقارب الساعة», «وجهان لعملة واحدة», «تقرير عاجل», «القاء الرهيب», «عين السماء» атты бірнеше фантастикалық әңгімелерден тұрады [72].

Ниһад Шарифтің «عقارب الساعة» атты әңгімесінде білікті мамандар жерден басқа планетада тіршілік иелерінің бар екеніне сенімді болып, 2506 жылы ғарышқа аттанады. Ғарышкерлер сапар барысында жатпланеталық ақыл иелеріне тап болады. Олар адам баласына «ақылдылардың ақылдысы» деп аталатын орталық компьютерді жасамау керек екенін айтып, ескертеді. Жер бетіндегілерге электронды компьютерден төніп тұрған қауіп-қатердің себебін түсіндіріп береді. Осыдан он тоғыз ғасыр бұрын өмір сүрген алып өркениет те дәл осы компьютердің кесірінен жер бетінен жойылып кетеді. Ақылды машиналар дүниеге келгеннен бастап, бірте-бірте дами отырып, адам баласын, тіпті, бүкіл жер бетіндегі мақұлықтарды өзіне бағындырып, олардың сана-сезімін билеп алуға ұмтылатынын айтады. Сондықтан да жер бетіне төнген қатерден аман қалу үшін «ақылдылардың ақылдысы» атты жобаны тоқтату керек болады. Бұл жатпланеталықтар өздерінің шалғайда орналасқан планетадан келгендеріне дейін баяндап береді. Осылайша, ғалымдар компьютердің бір бөлігінен құтылу туралы шешім қабылдаған сәтте, елде үлкен апат орын алады. Жазушы өзінің аталмыш әңгімесінде жер бетін компьютердің жаулап алуын айта отырып, оқырмандардың алдына осы ақылды темірден әлемді қалай құтқаруға болады деген ой тастайды.

Жазушының «Ғажайып планета» деп аталатын келесі бір әңгімесінде атақты ғалым Самих жаңа таңғажайып планетаны зерттеумен айналысады. Өзінің ұзақ зерттеу жұмысынан кейін аталмыш планетаның тұрғындарын, олардың өмір сүру салтын зерттеп, ондағы тіршілік иелері туралы құнды мәліметтерге қол жеткізу үшін досынан көмек сұрайды. Самихтың досы телепат Заһир өзінің бастаған тәжірибесінен нақты нәтижелерге қол жеткізбегеніне қарамастан Самихтың өтінішін орындауға келі-

седі. Екі ғалым бір-біріне қарама-қарсы отырып, толқын арқылы жұмыс істейтін құрылғыларын әзірлеп, ғажайып әлемге саяхат жасау үшін арнайы жабдықталған киімдерін киіп, алыс сапарға дайындалады. Барлық құрылғылар іске қосылып, қызыл түсті жарық қосылғанда Заһир алдындағы электронды көрсеткішін ермек ете бастайды. Жаңа әлемге тап болған Самих өз көзіне өзі сенбейді. Ол таулы аймаққа тап болады. Жан-жағына қарап жайқалған орманды, сылдырлап аққан бұлақ пен шуылдап жүрген аңдарды көреді. Ғалым ғажайып планетадан дамыған өркеніет иесін көремін деп ойлаған. Бірақ ол адамға ұқсас алып маймылдардан басқа ақыл иелерін кездестірмеді. Жаңа планетаның тұрғындары егіншілікті, тіпті, қалай от жағуды да білмейді. Самих өзінің телепатиялық құрылғысы арқылы тайпа көсеміне қалай от жағуды үйретеді. Осылайша, ғажайып планетадағы алғашқы от пайда болады. Егер Самих отты жағуды үйретпегенде, ол үшін мыңдаған жылдар кететін еді. Бірақ отты көрген тайпа мүшелерінің арасында үрей мен қорқыныш орнап, олар тайпа көсемін отқа лақтырып жібереді. Осы кезде Самихтың киіміне от тиіп, олардың толқын арқылы жұмыс істейтін құрылғылары жарылып, одан шыққан сәуле ғалымның денесін жарақаттайды. Осылайша, жаңа ғажайып планетаны мекендеген тіршілік иелерінің тағдырын өзгертпекші болған ғалымдар ауыр жарақат алып, азапқа ұшырайды.

Н. Шарифтің «سر القادِم من اَعلى» атты келесі бір әңгімесінде де адам баласы жатпланеталықтарға тап болады. Бұл шығармада дамыған бір елде балалар ұшқыш тарелканы тауып алады. Одан бет-әлпеті мен дене-пішімі мүлдем өзгеше апатқа ұшыраған бір мақұлық табылады. Бүкіл халық осы ғажайып дененің алдында жиналып қалады. Бір сәтте мақұлық майда ақ ұнтаққа айналып, жоқ болып кетеді. Ғалымдар ұшқыш тарелканың қайдан және неліктен келгенін анықтау үшін оның қара жәшігін зерттей бастайды. Шындығында, жазушының әңгімелерінде тілдік тәсілдер өте көркем қолданылған әрі оқиғалар асқан шеберлікпен суреттелген. Жазушы өзінің осындай әңгімелері арқылы жер бетіне келген жатпланеталықтардың бейбітшілік қалайтынын айтып, адам баласын соғыс пен қырып-жою құралдарын жасаудан бас тартуға шақырады. Автор өзінің бір әңгімесінде адамдардың

басқа планеталықтарға махаббатпен қарап, олармен бірлікте өмір сүруі керек деген ой түйсе, енді бірде компьютерлер мен ақылды машиналар тарапынан жер бетіне төнген қауіп-қатерді ескертеді. Жазушы өзінің туындыларында түрлі ғылыми-техникалық жетістіктерге қол жеткізіп, аспан әлемінде үстемдік ете бастаған жоғары дәрежелі өркениеттердің күшті қаруларды жасап, кейін өздерінің соғыс техникаларынан зардап шегіп жер бетінен жоғалып кеткенін айтады. Осылайша, автор өзінің таңғажайып көркем туындылары арқылы болашақта адам баласының алдынан шығуы мүмкін жағдайларды суреттеп береді. Н. Шарифтің кез келген әңгімесін алып қарасақ та, одан жазушының ғылыми фантастикалық шығармаларды жазудың асқан шебері екенін көреміз. С. Маати «الخيال العلمي» атты журналда жарыққа шыққан мақаласында: «Бұл әңгімелер жинағын оқығанда үлкен әсер алдым, ондағы оқиғалар адамды еріксіз еліктіріп алып кетеді. Бұл жинақты оқи отырып, басқа әлемге саяхат жасаймыз, адами сипаттарға ие басқа тіршілік иелеріне тап боламыз. Жазушының тілі өте ширақ, әсерлі тіл» деп өзінің ұстазы Н. Шарифтің жоғарыда аталған ғылыми фантастикалық әңгімелер жинағына жоғары баға береді [73]. Сириялық жазушы-фантаст Т. Омран жазушының ғылыми фантастикалық әңгімелеріне тілдік тұрғыда талдау жасай отырып, оның шығармаларын нағыз ғылыми фантастиканың талаптарына сай жазылған өте құнды туынды деп ерекше атайды.

Араб ғылыми фантастикасының пионері атанған Ниһад Шарифтің шығармалары – өз алдына бөлек дүние, оның туындылары басқа жазушылардың шығармаларынан өзінің тілі мен стилі, ойының тереңдігі жағынан ерекшеленеді. Жалпы автор кейіпкер тіршілігін өз бейнелік қадір-қасиетіне, мінез-құлқына, үміт-ынтасына, іс-әрекетіне қарай бір қою оқиға қомында бейнелеуге тырысады. Адамның толқу-тебіренуі, өмір жолындағы бұралаң-бұлтарыстарының логикалық құбылыстары, сананың үздіксіз күресі, т.б. мұнда үлкен шеберлікпен суреттелген.

Жазушы байсалды баяндау, философиялық, психологиялық тереңдікті өз шығармашылығына темірқазық етіп алған. Жазушы өзінің басты идеяларын ерекше әрі бейнелі түрде көрсету үшін көп еңбек еткен. Оның тілі қарапайым, тілге жеңіл ора-

лымдары, көркем суреттеулер мен метафоралары арқылы ерекшеленеді. Н. Шарифтің шығармалары көркемдік тереңдігі мен тілдік байлығы жағынан басқа Египет жазушыларының тілінен айтарлықтай өзгеше. Оның дәл осы қасиеті жазушының шығармашылығына жетістік сыйлады десек те болады.

Жазушының жеке авторлық ерекшелігі оның жеңіл әрі әсерлі тілінде, баяндау стилі мен кейіпкерлерді суреттеу шеберлігінде жатса керек.

Мұхаммед әл-Ашри – мысырлық жазушы-фантаст, төрт ғылыми фантастикалық романның авторы. Каирден шыққан 38 жастағы жас геолог әрі аудармашы аз ғана уақыттың ішінде көптеген сыйлықтардың иегері атанады. Бала кезінде Хиросима мен Нагасакидегі апат жайында оқып, атом бомбасының зардабын жоятын бомба ойлап тапқысы келеді. Автордың көптеген туындыларында басты тақырып әлемге келтірілген зардаптарды жою мен шөл далада өмір отын тұтату болды. Ол әрқашан кез келген мәселенің шешімін махаббат пен ақиқаттан іздейтін. әл-Ашри өз сөзінде араб ғылыми фантастикасы жөнінде: «Жалпы араб әдебиетінде ғылыми фантастиканың үлкен жетістікке ие бола алмауы біздің ғылым саласында артта қалуымызбен тығыз байланысты. Көптеген технологиялар біз үшін қиын әрі таңсық көрінеді», – деген болатын.

Мысырдағы ғылыми фантастиканың дамуына **Набил Фаруктың** қосқан үлесін ерекше атап өту қажет. 1956 жылы Мысырда дүниеге келген Набил Фарук балалар мен жасөспірімдердің үлкен сұранысына ие болған көптеген туындыларды жарыққа шығарады. Мамандығы бойынша дәрігер болған Фарук 1979 жылы өзінің «Көріпкел» атты қысқа әңгімесі үшін Танта мәдени сарайының сыйлығына ие болады. Ал 1984 жылы кувейттік «Кітап әлемі» атты журналының ұйымдастыруымен



өткен сайыста өзінің «Қатерлі сәуле» атты қысқа ғылыми фантастикалық әңгімесі үшін жүлделі орынға ие болады. Кейін осы қысқа әңгімесін негізге ала отырып, «Келешек файлы» атты бірнеше сериялы шығармасын жарыққа шығарады. Аталмыш туындыда мысырлық жастардың бір тобы жауыздық пен зұлымдыққа қарсы күреседі. Олар миллиондаған жылдар бойы жер астында тығылып жатқан басқа ғаламшар өкілдеріне қарсы күрес жүргізеді. Фаруқ өз шығармасында түрлі тәсілдерді қолданып, уақыт пен кеңістікте саяхат жүргізеді. Автор өзінің осы туындысы арқылы араб әлемінде атақты жазушы фантасқа айналады. Жазушы бірқатар мысырлық жазушылардың шығармашылығындағы негізгі ұстанымдарының бірі болып табылатын қысқалық пен нақтылық принципін ұстанады.



Қазіргі замандағы Мысыр ғылыми фантастикасынан шоқтығы биік шығармалар жазған жазушы-фантаст ретінде **Салах Маатиды** көрсете аламыз.

Өткен ғасырымыздың екінші жартысында өзінің ғылыми фантастикалық шығармаларымен көзге түскен жазушы-фантаст Салах Маатидың бірнеше шығармалары жарық көрген. Қазіргі заманның белгілі қоғам қайраткері, жазушы, журналист, бірнеше қиссалар жинағы мен тарихи романдардың авторы Маати 1959 жылы 30 наурызда Каир қаласында дүниеге келген. Оның отбасы әдебиетке өте жақын болған, бауырларының бірі балалар әдебиетімен, екіншісі роман жазумен айналысқан. Маати осындай шығармашылық ортадан өнегелі тәрбие алып, жастайынан өзінің ерекше қабілеті мен талантының арқасында көзге түсе бастайды. 1983 жылы университетінің Халықаралық Сауда бөлімінде бакалаврды бітіріп, кейін 1993 жылы осы университетте журналистика факультетінің бұқаралық ақпараттар бөлімінде жоғары білім алады. Ол жастайынан ғылыми фантастикалық қысқа әңгімелер жаза бастайды. Мектеп қабырғасында жүріп өзі жазған шығармалары үшін түрлі жарыстарда жүлделі орындарға ие болады. Бастапқы кезде өзі

қай жанрда жазып жүргенінен де хабары болмайды. Бір күні ағасының кітапханасынан Н. Шарифтің «رقم 4 يأمرکم» атты әңгімелер жинағын тауып алады. Аталмыш кітапты оқып, қатты әсер алған жас жазушы араб елдерінде ғылыми фантастиканың пионері атанған Н. Шарифпен кездеседі. Осы сәттен бастап С. Маатидың ғылыми фантастикаға деген махаббаты артып, жан дүниесі нұрланғандай болады.

С. Маатидың жиырмадан астам шығармасы баспадан шығып, үлкен жетістікке ие болған. Оның алғашқы еңбегі «Ғаламшарды құтқару» («أنقذوا هذا الكوكب») деген атпен 1985 жылы жарыққа шығады. Жазушының бұл еңбегі бірнеше ғылыми фантастикалық әңгімелердің жинағы болып табылады. Оның ғылыми фантастикалық бағытта жазылған шығармаларының қатарына 1991 жылы жарыққа шыққан «Бес минуттық ғұмыр» («العمر خمس دقائق»), 1997 жылы шыққан «Сиқыршы қыз» (« بنت الحايي »), 2002 жылы баспадан шыққан «Бадира би-л-Хутла ас-сырийа» (« بدرية بالخطلة السرية ») атты әңгімелер жинағы мен «Нөмірі бірінші мырзаның отбасы» («عائلة السيد رقم 1») атты драматургиялық шығармасын жатқызуға болады. Сонымен қатар Маатидың «Жаннат ғаламшары» («الكوكب الجنة», 2008), «Бардин» (« بردين », 2008) атты ғылыми фантастикалық романы да халық арасында кең тараған. 2010 жылы «Адамның жүзі» («شفرة آدم»), «Шайтан транзит» (« عفاريت ترانزيت ») және ғылыми фантастикалық жанрда жазатын араб жазушысы Ниһад Шарифтің өмір жолы туралы «Қиялы жүйрік адам» («رجل زاده») атты шығармалары баспадан шыққан. Египет әдебиетіне өшпес мұра қосқан Маати бүгінгі таңда «Айлар аңшысы» атты романын (« صائد الأقمار »), «Гараж иесі Руаш» («رواش صاحب»), «Гараж» атты түрлі әңгімелер жинағын және «Ұмыту аймағы» («البحث عن شمندل») мен «Шамандалды іздеу» («مدار النسيان») атты ғылыми фантастикалық драмалық шығармаларын баспаға әзірлеуде. Оның «Бес минуттық ғұмыр» («العمر خمس دقائق») атты әңгімелер жинағы мен «Жаннат ғаламшары» («الكوكب الجنة») және «Шамаил қазынасы» («خزانة شمائل») атты романдары француз және ағылшын тілдеріне аударылған [75].

Жазушының жинақтарына енген көптеген ғылыми фантастикалық әңгімелердің тақырыптары сан алуан. Олардың біра-

зы жұлдызды әлеммен байланысты болып та келеді. Мысалы, «Көмір қоймасындағы екі адам» атты әңгімесінде бойы екі метрге жететін алып екі адамның қарапайым адамдар арасында өмір сүре алмай, мазақ пен күлкіге айналып қиналған өмірлері туралы жазса, «Бес минуттық ғұмыр» атты әңгімесінде автор қоршаған орта мен табиғаттың құбылыстарына зер салып, көзге көрінбейтін ұсақ мақлұқтардың өмірін микроскоп арқылы зерттейді. Оларды туылған сәттен бастап өмірінің соңына дейін бақылап, тіршілік ету салтын, өмір үшін күресін бейнелейді. Жазушы ұсақ мақлұқтардың тіршілігін асқан шеберлікпен суреттеп, соңында бес минут сайын жаңа ұрпақ ауысып отыратын осындай көзге көрінбейтін өте ұсақ мақлұқтардың өмірін адамның тағдырымен салыстырады. Жазушы адам баласының өмірі де көзді ашып-жұмғанша бес минутта өтіп кететінін айтса керек.

«Робот» атты әңгіменің идеясы жазушы-фантастың адам баласының қашан да техниканы дамытып, түрлі ақылды темір адамдарды ойлап табуға деген құштарлығын көрсету үшін туса керек. Қаламгер бұл шығармасында адам баласының өмірде маңызды орын алған робот туралы әңгіме қозғайды. Әңгіменің басы Мысырдағы атақты ғалым доктор Жәләл Йәкубтың робот ойлап табуымен басталады. Бұл робот өте ақылды болады. Қаладағы барлық электрондық желілер, қаланың өмірі, адам өміріндегі барлық нәрсе осы робот арқылы жүзеге асатын. Бұл ақылды темір адам, тіпті, халықты басқарып, елді жаудан қорғайтын да. Дәл осы робот түрлі аурулардың, тіпті, ғасырлар бойы емі табылмай келген ісік ауруы сияқты қатерлі дерттерге де ем табады. Енді ісік ауруынан ешқандай дәрі-дәрмексіз, ешқандай операциясыз емделуге болатын. Міне, осындай маңыздылыққа ие болған робот атты темір адам бір күні істен шығып, адам баласына бағынудан бас тартып, қалада тәртіпсіздік орнатып, үйлерді өртеп, адамдарды өлтіре бастайды. Өзі дүниеге әкелген алып компьютерде пайда болған ақауды жөндемек болып, доктор Жәләл Йәкуб роботтың әрекетіне қарсы бағдарлама ойлап табуға тырысады. Ғалым мен роботтың арасында әңгіме өрбиді. Робот доктор Жәләлді өлтірмекші болады. Ол роботқа өмір сыйлағанын айтып, аяушылық сезімін оятқысы келіп, оны тек халыққа қызмет ету үшін жасағанын айтады. Бірақ робот

доктор Жәләлді тығырыққа тіреп, оның ішінде махаббат пен мейірімділікке қатысты бағдарламаның жоқ екенін айтып, өзінің халық үшін емес, тек ғалымның атақ-даңқын арттырып, оның жеке мүддесі үшін қызмет етуге арналып жасалған бағдарламаларын есіне түсіреді. Әңгіменің соңында ғалымның үйі жарылып, доктор да, робот та ұсақ бөлшектерге айналады. Көшеде жиналған адам үйдің ішінде қандай оқиға орын алғанын түсінбей қалады. Жазушы, осылайша, түрлі техникалар мен компьютерге әбден сеніп, өздерінің бастауын ұмытып бара жатқан адамдарға ақылды роботтың тарапынан болуы мүмкін қатерді ескертеді. Бұл әңгіме тілі жағынан жеңіл болғанымен де, оқырманды қызықтыра түсіп, оның көз алдына алыс-жақын болашақты елестетеді. Бұл бүгінгі күннің де, келешек күннің де көкейтесті мәселесі болып қала бермек.

Осы жинақтағы автордың «Қашқын Зәд» атты әңгімесі адам баласы әлі күнге дәл емін таба алмай келе жатқан «ғасыр дертін» жеңу әрекетіне арналған. Бұл идея да адам баласының қатерлі ЖИТС (СПИД) ауруынан біржолата арылып, өмірлі болуын армандағанынан, адамзат дамуына деген ақ ниетінен туындаған. Аталмыш шығармада дәрігер Хишам жылдар бойы қатерлі вирусқа тәжірибе жасап, жемісті нәтижеге қол жеткізгендей болады. Ол екі түрлі вирусты химиялық жолмен қосып, жаңа вирусты ойлап табады. Бұл «Z» вирусы ғасыр індетінен айырылудың бірден бір жолы болады. Бірақ оны адам баласына қолдану қандай нәтиже бермек? Ұзақ ой-толғанысынан кейін өлім жазасына кесілген тұтқынға осы «Z» вирусы арқылы сынақ жасауға шешім қабылдайды. Бірақ барлығы да дәрігер Хишамның ойлағанындай болмайды, тұтқын әлі толық зерттелмеген қатерлі вируспен ауруханадан *қашып* кетеді. Енді не болмақ? Тез тарайтын бұл вирустың күші қандай және адамзаттың өміріне қандай қауіп әкелмек? Дәрігер қайтадан зерттеу жұмыстарын жүргізіп, вирустың қатерлі емес екенін анықтайды. Бірақ ертесіне тәжірибе жүргізген тышқанның өлі денесін көргенде дәрігердің қол-аяғы дірілдеп, өз көзіне өзі сенбей қалады. Осылайша, автор адам баласына төнген қауіп-қатерден сақтандырып, ғалымдардың өз жаңалықтары үшін қаншалықты жауапты екенін көрсеткісі келгендей. Жазушы С. Маатидың «Көмір қоймасын-

дағы екі адам» («رجلان في مخزن الفحم»), «Шейх Масғұдтың сәуегейлігі» («نبوءة الشيخ مسعود»), «Мәжнүн» («مجنون»), «Гильотина қателескен кезде» («عندما تخطئ المقصلة») деген әңгімелерінде де адам баласына жатпланеталықтардың тарпынан төнген қауіп-қатер ескертілгендей [26].

Салах Маати әрбір сөзге және шығарманың өзіне үлкен сақтықпен қараған. Ол өзіне қажетті белгілі бір сөзге қол жеткізу үшін көне араб мұралары мен сөздіктерді жиі қолданып отырады. Жазушы өз тілінің жеңіл әрі әсерлі шығуы үшін ерінбей еңбек етеді. Сонымен қатар жазушы қоршаған ортаны суреттегенде шектен тыс әсірелеуден бас тартып, көзге көрінетін құбылыстарды сипаттауға тырысады. Бұл оның шығармасының артық сөздер мен артық ақпараттардан тазарып, өсиет, ақыл айтудан алшақтап, жаңа нақты әрі қарапайым стильдің қалыптасуына әсер етеді [82, 27].

Сирия әдебиетіндегі ғылыми фантастика

Сирияда араб елдеріндегі ғылыми фантастикаға байланысты ұйымдастырылған түрлі конференциялар орын алып, 2008 жылдың тамыз айынан бастап Сирия Араб Республикасының мәдениет министрлігінің қолдауымен «Ғылыми фантастика» («الخيال العلمي») атты журнал жарық көре бастады. Аталмыш журналдан ғылыми фантастикаға қатысты мақалаларды, араб фантастарының туындылары мен аудармаларын көруге болады.



Сириялық жазушы-фантаст **Талеб Омранның** қазіргі араб әдебиетіндегі ғылыми фантастика жанрының дамуына қосқан үлесін ерекше атап өту қажет. Ол алғашқылардың бірі болып осы жанрда көптеген әдеби, ғылыми және сыни еңбектер жазды. Жазушы көптеген жылдар бойы телеарналар мен радиода араб әдебиетінде енді ғана аяғына тұрып келе жатқан жаңа жанр – ғылыми фантастикаға арналған бірнеше бағдарламаларды жүргізіп

келді. Араб елдерінде ғылыми фантастика деген терминнің пайда болуы да Талеб Омранның есімімен тікелей байланысты. Араб ғылыми фантастикасының пионері атанған Талеб Сирияның астанасы Дамаск қаласында 1948 жылы 17 қыркүйекте дүниеге келген. Ол жастайынан ғылыми фантастикалық шығармалар жаза бастайды. Талеб Омран – араб жазушылар одағының, журналистер одағының мүшесі. Оның еңбектерінің қатарына 45 роман мен қысқа әңгімелер жинағын жатқызуға болады. Омран астрономия ғылымының докторы және он төрт жыл бойы сириялық телеарнада ғылыми бағдарлама жүргізіп келген. Бүгінгі таңда әл-Растан университетінің математика-информатика факультетінде бөлім меңгерушісі болып қызмет атқаруда. Жазушы тек ғылыми фантастикалық шығармалар ғана жазып қоймай, сонымен қатар балалар әдебиетіне де көп көңіл бөліп, журналистка саласында да ерен еңбек еткен. Оның шығармалары ғылыми заңдылықтар мен адамгершілік құндылықтарына, иман негіздеріне бағытталған. Жазушының кез келген шығармасын алып қарасақ та, одан автордың жарқын болашаққа деген сенімін, бүкіл адамзатқа деген махаббатын байқауға болады. Батыс жазушылары өз шығармаларында көбіне жатпланеталықтардың жер бетіне төндірген қауіп-қатері мен олардың арам пиғылдары, өзге өркениет өкілдерінің жер бетін жаулап алуы, адам мен жатпланеталықтардың арасындағы дұшпандық пен соғыс туралы жазатын болса, араб жазушысы Т. Омран өз әңгімелерінде адамзат пен басқа ғаламшар өкілдерінің арасындағы махаббатты суреттейді. Оның «*فضاء واسع كالحلم*» атты ғылыми фантастикалық романында араб ғалымдары Марсқа тәжірибе ретінде бір топ маймылдарды жібереді. Кейін бұл маймылдардың миы бес есе дамығаны анықталады. Осы тәжірибеден кейін Марсқа төрт ғарышкер аттанады. Бұрын Марста болған ғарышкер Иман, ай бетіне алғаш болып аяқ басқан әйел ғарышкер Надия, жер бетіндегі ең мықты инженер Халдун мен астролог, ғалым Надир Заки ғарыш кемесімен алыс планетаға аттанады. Олармен бірге инженер-механик Мажид те ғарыш кемесіне отырады. Осылайша, олардың алып кемесі 400 мың км/с жылдамдықпен Марсқа қарай бағыт алады. Бірақ жолда олар басқа бір жарқыраған планетаға тап болады да, сонда аялдайды. Жаңа

планетаға аяқ басқан ғарышкерлер ғажайып бір дауысты естиді. Бұл дауыс қонақтарды асқан мейірімділікпен қарсы алып, өздерінің осы планетаның тұрғындары екенін, бірақ жай көзге көріне бермейтінін айтады. Олар ғылым мен техниканың арқасында қатты денеден жеңіл денеге айналған болатын және тек арнайы құрал арқылы ғана көзге көрінеді. Бұл планетаның халық саны 6 миллиард және онда ел, қала деген ұғым жоқ. Олардың барлығы бір тудың астында мәңгі бақытты өмір сүреді. Бұл әлемнің ғұламалары қонақтарды өте жылы қарсы алып, өздерімен бірге қалуларын өтінеді. Осылайша, адам баласы мен жатпланеталықтардың арасында үлкен махаббат орын алады [84].

Жазушының «*فضاء واسع كالحلم*» атты шығармасы үлкен жетістікке жеткен соң 1979 жылы «Күн артындағы транзитте», 1983 жылы «Айда кедейлер жоқ» және 1995 жылы «Қараңғылық көзі» атты романдары дүниеге келеді. 1985 жылы жарыққа шыққан «Даналық қаласының құпиясы» атты туындысы 1992 жылы ағылшын тіліне аударылады. Кейін жазушының романдары мен қысқа әңгімелер жинағы Дамаск қаласында «дар әл-Фикр» баспасында жарық көреді.

Т. Омранның 1983 жылы жарық көрген «Айда кедейлер жоқ» («*ليس في القمر فقراء*») атты ғылыми фантастикалық туындысында бас кейіпкер – ғалым доктор Самир «Альфа» зерттеу орталығында жұмыс істейді. Аталмыш орталықта зерттеумен айналысатын ғалымдар жер бетіне жақындап қалған кометаны байқап қалады. Олардың дәл есептеулері бойынша бұл комета төрт айдан соң жермен соқтығысуы керек. Егер ғалымдардың есептеулері дәл келетін болса, жер планетасы күн жүйесінен шығып, ондағы тіршілік те жойылады.

«Альфа» орталығының ғалымдары адам баласын аман алып қалу үшін ай бетіне алып ғимарат орнату туралы шешім қабылдайды. Мұнда тек ғұламалар, билік басындағылар мен байлар ғана өмір сүре алады. Себебі айға сапар шегу үшін кедейлердің қаражаты жеткіліксіз болатын. Осылайша, айға жету үшін жаңа ғарыш кемелерін дайындау жұмыстары да басталып кетеді. Ғалымдар мен байлар қарапайым халықты тастап айға көше бастайды. «Альфа» орталығында қызмет атқаратын ғалымдармен бірге доктор Самир де өз отбасымен айда тұрып жатады. Бірақ

бір күні ғалым жерде қалған халықтың жағдайын ойлап, айдағыларды жерге қайтуға шықырады. Олар Самирді отбасымен бірге жерге жібереді. Ғалым жер бетінде қалған адамдардың қалыпты өмір кешіп жатқанын және кометаның жерге емес, керісінше, айға жақындап қалғанын байқайды. Айға төніп тұрған қауіпті ғалымдарға хабарлайды. Бірақ, өкінішке орай, айдағылар қайтадан жер бетіне оралғанша, комета аймен соқтығысып, ондағылардың бәрі үлкен апатқа ұшырайды. Осылайша, автор «Айда кедейлер жоқ» атты шығармасында кедейлердің мұң-мұқтажын жоқтап, айға қону туралы түрлі жобалар жасайды [85]. Талей Омранның шығармаларына көркемдік талдау жасауда, автордың ғылыми фантастикалық әңгімелер жазуда мол тәжірибесі бар екенін байқаймыз. «Ол өз шығармаларында ғылыми ойларды қарапайым тілде көркем түрде жеткізе біледі», – деп көрсетеді Мұхаммед Изам араб ғылыми фантастикасының пионері туралы жазған өз мақаласында. Ғылыми тұжырымдар мен заңдылықтарды әдеби түрғыда жеткізу кез келген жазушының қолынан келе бермейді. Бұл үлкен білім мен ұшқыр қиялды қажет етеді [86].

Жазушының «Ажал құсы» («طيور الموت») деп аталатын келесі бір әңгімеде Лис атты жігіттің ауылында ғажайып оқиға орын алады. Бұл ауылда бұрын-соңды ешкім естіп көрмеген ғажайып алып құстар қаптап кетеді. Олардың саны күн сайын көбейіп, қабір басында жинала бастайды. Бұл алып құстардың бір ерекшеліктері олар адамға шабуыл жасап, кейбір адамды, тіпті, мерт қылатын. Лис пен оның анасы бұл құстардың сырын білуге тырысады. Олар құстарды бақылап жүргенде бір ауыл тұрғынын өлімнен сақтап қалады. Осы ауылда орын алған ғажайып оқиғаны естіп, жануарларды зерттеумен айналысатын атақты маман Ахмед те келеді. Бір күні түн ортасында ауыл тұрғындары қабір басына барып құстарды көрмекші болады. Тек Лис пен оның анасы үйінде қалады. Осы кезде олардың үйінің төбесінде құстар айналшықтап ұшып жүреді. Лис пен оның анасы бұл құстың тегін еместігін түсініп, олардың артынан жүреді. Олар бұл құстардың кез келген адамды өлтірмей, тек ниеті арам жандарды таңдайтынына көзі жетеді. Бұл құстар жер бетін жамандық пен жауыздықтан тазарту үшін жіберілген ажал құсы еді. Осылайша, автор

күн өткен сайын жер бетін қара түнектей қаптап кеткен ғажайып күстар арқылы жауыздық пен жамандықтың тамырын жоймақ болады [87].

Т. Омран көп жағдайда адамның ішкі дүниесі мен сезімдеріне көп көңіл бөлмейді. Шығармадағы оқиғалар күнделікті болып жатқан қалыпты жағдай сияқты өте қарапайым түрде баяндалады. Таңғажайып көріністер кей жағдайда адам мен жатпланеталықтардың арасындағы диалог арқылы беріледі. Жазушының «*رواد الكوكب الأحمر*» атты шығармасынан да осы ерекшеліктерді байқауға болады [88].

Жазушы ғылыми фантастика дегеніміз уақыт кеңістігінде саяхат жасап, әлемге басқа көзқараспен қарап, ғылым арқылы жаңа әлемге қадам басып, жазушының қиялы мен шеберлігі арқылы одан әрі дами түсетін дүние деген болатын [89].

Шынында, ғылыми фантастика адамзат болашағының стратегиялық жоспарын жасап, әлемдік саясатты анықтауға қатысады. Ғылыми фантастикалық шығармаларды жазумен айналысатын жазушылар ғалымдардың зерттеу жұмыстарына, ғылым мен техниканың жетістіктеріне сүйене білуі керек. Сондықтан ғылыми фантастикалық шығармалар бос арман мен құрғақ қиялдан ғана емес, ақылға қонымды ғылыми тұжырымдардан да тұрады. Ақылға қонымды қисынды қиял жас ғалымдарды үлкен жетістіктер мен жаңалықтарға итермелейтіні де сөзсіз. Жас ғалымдар ғылыми фантастикалық шығармаларды оқу арқылы рухтанып, жан дүниесі нұрланып, ғылым-білімге деген құштарлықтары арта түседі. Осылайша, жазушы Т. Омран: «Егер әдебиет адам баласын арман-мақсаттарға жетелесе, ғылым түрлі құрал-жабдықтар мен техникаларды дүниеге әкеліп, аурудың емін табады, бұл екеуінсіз өмір сүру мүмкін емес деп ғылыми фантастиканың маңыздылығын көрсетеді [90].

Омран ешқандай ғылыми негізсіз, белгілі бір жүйесіз жазылған фантастиканы қатты сынға алды. Ол жас жазушылардың ақылға қонымсыз оқиғаларын, мысалы, «Араб ғарыш кемесінің Юпитер немесе Сатурнға келіп қонуын, көпіршіктегі баланың аспанға ұшып кетуін «Мың бір түн» ертегілеріне тән қасиет деп сынға алды. Дегенмен араб әлемінде ғылыми фантастика жанрында жазатын жазушылардың саны арта түсуде.

Жалпы, жазушы кейіпкерлерін суреттеуде де, тілді қолданғанда да нақтылықты ұнатады. Алайда Т. Омранның шығармасындағы нақтылық бұл шығарманың қарапайымдылығы емес, ол шығармашылық мәтіндермен жұмыс істеудің өзіндік көркем тәсілі болып табылады.

Таләб Омранның шеберлігі – халық тіліндегі қарапайым сөздермен өз айтарын оқырманына бейнелі, мәнерлі, айқын етіп жеткізуінде.

Сириялық жазушы **Диаб Аид** 1944 жылы дүниеге келген. Ол «**سیر الرمح**» (1984), «**أسطورة راكبي الخيال**» (1985), «**حمدان العيار**» (1987), «**فارس من**» (1987), «**فارس من بابل**» (1981), «**قبائل البرق و الرعد**» (1989) атты бірнеше ғылыми еңбектердің авторы. Оның «**نداء الكوكب الأخضر**» атты шығармасы үлкен жетістікке жеткен. Жазушы осы кітаптың алғы сөзінде өзінің ғылыми фантастикаға деген махаббаты мен асқан қызығушылығы туралы сөз қозғайды. Аталмыш шығармада оқиға 2047 жылы орын алады. Халықаралық ғарыш агенттігі Стифани планетасынан хабарлама алады. Олар жерден көмек сұрайды. Ғарыш агенттігінің ғалымдары екі планетаның арасындағы қашықтыққа қарамастан, Стифани планетасына төрт ғарышкерден тұратын алып кеме жіберу туралы шешім қабылдайды. Бұл ғарышкерлер арнайы сынақтардан өтіп, таңдалып алынған өте мықты мамандар болатын. Эстониялық Юри, бразилиялық Питр, араб Қаис пен угандалық ғарышкер әйел Иза және темір адам Джаку Стифани планетасына аттанады. Олар 7-8 жыл жол жүріп, аталмыш планетаға келіп қонады. Бұл планетадан жер бетінен миллиондаған жылдар бұрын жоғалып кеткен алып динозаврларға ұқсайтын ғажайып жануарларды көреді. Бұл жануарлардан аман-есен құтылып, үлкен бір ғимаратқа тап болады. Оның жанынан адам баласынан еш айырмашылығы жоқ осы планетаның тұрғынын көреді. Жатпланеталықпен әңгіме барысында оның есімі Фимал екенін біліп, бұл планета туралы көптеген мағлұматтар алады. Фимал әйел ғарышкер Изаға ғашық болып, екеуі достасып үлге-



реді. Бұл адамдар мен Стифани тұрғындары арасындағы ынтымақтастықты арттыра түседі. Стифани планетасы екі бөліктен, солтүстік құрлық және оңтүстік құрлықтан тұрады. Солтүстік бөлігі оңтүстікке қарағанда әлдеқайда дамыған еді. Осы екі құрлық арасында үлкен жанжал туып, оңтүстік тұрғындарына үлкен қауіп төнеді. Жерден келген ғарышкерлер осы планетаның ғұламаларымен кездесіп, қандай көмек көрсете алатындарын сұрайды. Ғалымдар бір ауыздан Стифани тұрғындарының арасында туындаған мәселені өздері шешетіндерін айтып, ғарышкерлердің аман-есен жерге қайта оралуын қамтамасыз етуіне әзір екендерін айтады. Бұл хабарды естіген ғарышкерлер сапарға дайындалады. Тек Фималға ғашық болған Иза осы планетада қалады. Оның орнына ғарышкер араб Қайсқа ғашық болған Стифани планетасының тұрғыны Балима Жерге келеді.

Жазушының аталмыш шығармасында Стифани планетасы Жер сияқты суреттеледі, олардың тұрғындары да адам баласына ұқсайды. Жазушы қазіргі кезде Жерде орын алған мәселелерді Стифани планетасынан көреді. Романда фантастикалық жаңалықтар жоқтың қасы болса да, ондағы оқиға көркем тілмен өте шебер баяндалған. Жоғарыда айтылған ғылыми фантастикалық шығарманың мазмұны көптеген араб фантастарының шығармаларына ұқсас.



Сириялық әдебиетші, дәрігер әрі өнертапқыш **Мұхаммед әл-Хаж Салих** Сирияның Тартус қаласында 1946 жылы дүниеге келген. Араб жазушы Кар одағының мүшесі Мұхаммед Дамаск университетінде медицина саласындағы докторлық атаққа ие болған.

يوم في » (1987) «هكذا كان اسمها»
«امرأة من دهوان » (1990) «حياة مجنون»
(1996) атты бірнеше ғылыми еңбектердің авторы. Жазушының « الحب عام

2060» атты жинағына енген ғылыми фантастикалық әңгімелердің барлығында да болашақ әлем туралы жазылған. Аталмыш жинақтағы «نهاية الكون المتأرجع» атты әңгімесінде үлкен жары-

лыстан кейін 80 миллиард жыл өткеннен соң жер бетінде орын алатын үлкен апат туралы айтылған [92].

Әңгімедегі кейіпкерлер куә болған үлкен апаттың көлемі қандай болмақ? Бұл жер бетіндегі барлық адамзат баласы мен жан-жануарлар, барлық тіршілік иелері үшін ақырзаман орнағанмен тең. Бұл апат көзді ашып-жұмғанша өте тез арада орын алмақ. Көптеген адамдар аман қалу үшін ғарыш кемелеріне мініп, шалғайдағы планеталарға қоныс аударып жатса, енді кейбіреулер өздерінің туған жерлерінде қалуды ұйғарады. Ғалымдардың есептеулері бойынша, бұл апат күтпеген жерден орын алуы мүмкін болатын. Уақыт өте келе жерден басқа планетаға қоныс аударғандар қайта оралғанда, туған жерлерінде қалуды таңдағандардың әдеттегідей өмір сүріп жатқандарын көреді. Ешқандайда апат орын алмағанға ұқсайды. Жерде қалғандар орын алған үлкен өзгерісті сезбей қалады. Жазушы, осылайша, миллиардтаған жылдардан кейін жер бетінде орын алатын жағдайларды керемет суреттеп береді. Бүгінгі таңда мықты ғалымдардың өзі тек елу жылдан кейін орын алатын жағдайларды болжай алады. Әл-Хаж Салихтың жоғарыда аталған жинағына енген әңгімелердің ішінде тек «*نهاية الكون المتأرجع*» атты әңгімеде нақты уақыт көрсетілген. Оның көптеген шығармаларында оқиға белгілі бір дәуірде емес, жақын не алыс болашақта орын алады. Жазушының «*الحب عام 2060*» атты тағы да бір әңгімесінде оқиға 2060 жылы орын алады. Жоғарыда аталған әңгімемен салыстырғанда мұнда оқиға өте жақын арада болады. Сондықтан да «*نهاية الكون المتأرجع*» атты әңгімедегі оқиғаға қарағанда, бұл әңгіме ақылға қонымдырақ. Аталмыш әңгімеде оқиға ғалым Ғисанның атынан баяндалады. Ол жер бетінде жылдам тарап кеткен бедеулік дертіне қарсы жаңа вакцина ойлап табу үшін көп еңбек етеді. Бұл вирусты адам баласын жер бетінен жойып жіберу үшін жатпланеталықтар ойлап тапқан болатын. Аталмыш вирус тез арада бүкіл әлемге таралып кетеді. Ғалым Ғисан осы дерттің емін табу үшін табиғатқа зер салып, қоршаған ортаның әсемдігі мен әйел баласының сұлулығына тәнті болады. Осылайша, әңгімеден тек фантастикалық элементтерді көріп қана қоймай, сонымен қатар түрлі сезімдерге де куә боламыз. Әңгіменің соңында ғалым қазаға ұшырағанымен, ол ойлап тапқан вакцина бүкіл

адамзат баласын аман алып қалады. Жазушы Мұхаммед әл-Хаж Салих басқа да араб жазушы-фантастары секілді өзінің шығармаларында жатпланеталықтардың адам баласына төндіріп тұрған қауіп-қатерлері туралы жазады [93].

Тунис пен Алжир әдебиеттеріндегі ғылыми фантастика

Араб Мағрибында ғылыми фантастика XX ғасырдан бастап қалыптаса бастады. Бұл кезде араб әдебиетінде ғылыми фантастика деген термин әлі ене қоймаған болатын. Дәл осы уақытта көптеген ғылыми фантастикалық туындылар жарыққа шықты. Мысал ретінде тунистік әл-Һади Сабитті, алжирлік Набил Дадуаны, марокколық Абдусәләм әл-Бақалиді ерекше атап өтсек болады. Абдусәләм әл-Бақалидің «*الطوفان الأزرق*» атты кітабының алғы сөзінде жазушы туралы жақсы пікірлер жазылған. Онда жазушының таланты мен жүйрік қиялынан шыққан туындыларда зерттеушілер мен ғалымдар енді ғана назар аударған белгісіз әлемдер туралы жазылған. Оның шебер жазылған әңгімелері жас ғалымдарға рух беріп, ғалымдарды таңғалдырады. Жазушының әңгімелерінде оқиға алыс-жақын болашақта орын алып, көптеген жаңа әлемнің есігін ашады. Жазушы-фантаст Абдусәләм әл-Бақалидің туындыларында дүниежүзілік соғыс, табиғаттың ластануы, роботтың адам баласына үстемдік етуі, жер бетіндегі халық санының көбеюі мен атомдық жарылыстар сияқты түрлі мәселелер көрсетіледі.



Тунистік жазушы **ас-Сыдық ар-Рызыкхи** 1874-1939 жылдар аралығында өмір сүрген. Ол өмірінің соңына қарай «*القارة المفقودة*» атты романын жазған. Аталмыш ғылыми фантастикалық шығармада жаңа технологиялар және әл-Фараби мен Апплатон жазып кеткендей, бақытты қала туралы айтылған. Шығармадағы кейіпкерлердің есімі де ойдан шығарылған.

Онда адамгершілік құндылықтарына негізделген Анасия мен Анасфика атты екі алып

елдің арасында күрес жүреді. Осыдан мыңдаған жыл бұрын Анасияға шапқыншылық жасаған Анасфика қайтадан бұл мемлекетті басып алмақшы болады.

Махмұд Таршуна 1998 жылы «رحاب» журналының бірінші санында өзінің «رحلة السندباد الثامنة» атты қысқа әңгімесін жариялады. Жазушының аталмыш ғылыми фантастикалық әңгімесінде Синдбад уақыт машинасы арқылы түрлі дәуірлерге саяхат жасайды. Өткен дәуірлерге түсіп, бұрын жеті рет жасаған саяхатында кездескендермен қайта жолығады. Басқа планетаның тұрғындарымен шалғайда орналасқан түрлі планеталарға саяхат жасап, XXII ғасырда жер бетіндегі елдердің ядролық қару арқылы үстемдік ететінін көреді.

әл-Һади Сабит тек ғылыми фантастикалық шығармалар жазатын Тунистегі жалғыз жазушы-фантаст. Ол ғылыми фантастика саласында үш роман мен бірнеше қысқа әңгімелерді дүниеге әкелген. Сонымен қатар жазушы бірнеше ғылыми фантастикалық әңгімелерді араб тіліне аударған.

Жазушының жарыққа шыққан үш романының мұқабасынан ғылыми фантастика деген сөзді көре аламыз. Ол өзінің шығармасында ғылыми жаңалықтар мен пробиркадағы балалар, адам баласының толықтай үкіметке тәуелділігі мен техникалық жетістіктері туралы жазған. әл-Һади Сабиттің 1999 жылы «غار أول» атты шығармасы, 2001 жылы «جبل عليين», 2005 жылы «لو عاد حنبل» атты ғылыми фантастикалық туындылары дүниеге келген. 2009 Сирияның Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен шығарылатын «الخيال العلمي» атты журналдың 5-6 сандарында жазушының «Уәзірдің құдығы» («بئر الوزير») деп аталатын әңгімесі жарияланған. «Уәзірдің құдығы» деп аталатын бұл әңгімеде кедейлік пен жоқшылықтың тауқыметін тартқан жас жігіт Мұхаммед оқудан бос уақытында жұмыс істеп ақша таппақшы болады. Бір күні ол күніне он динарға құдық қазып беруге келіседі. Уәде бойынша бір байдың зәулім үйіне келіп, өз жұмысын бастайды. Құдықты қаза бастағанда кенеттен телефон шырылдап, теле-



фонды алған Мұхаммед экран бетіне қарап аң-таң болады. Экран беті қап-қара болып, қоңырау шалушының есімі көрінбейді. Тұтқанын арғы жағынан ғажайып дауыс естіледі. Бұл дауыс құдықты қазбай, Мұхаммедтің үйге қайтуын талап етеді. Зәресі ұшқан Мұхаммед істің мән-жайын түсіну үшін көп мәліметтер жинап, қоңырау шалушының жатпланеталық екеніне көзі жетеді. Ол жатпланеталықтармен байланыс орнатып, олардың жоғары дамыған технологияларымен танысады. Осылайша, бұл әңгіменің бас кейіпкері мен жатпланеталықтар арасында достық орнайды. Автор бұл әңгімесінде жас жігіт Мұхаммедтің өмірге деген көзқарасын, оның басқа өркениет туралы түсінігі мен ой арпалысын шебер суреттейді [94].

Тунистік жазушы **ат-Тайыб ат-Туркидің** 1978 жылы «**سندباد الفضاء**» атты әңгімелер жинағы жарық көреді. Жазушының бұл жинағына енген ғылыми фантастикалық әңгімелерінде адам баласы қол жеткізген түрлі техникалық және ғылыми жетістіктер мен жаңалықтар, ғарышты игеру, байланыс құралдарының жетілуі, жаңа көліктер мен ғарыш кемелерінің пайда болуы туралы жазылған. Ондағы оқиға мың бір түндегі секілді бірнеше бөлімге бөлінген. Шығармада Синдбад жеті рет ғарышқа саяхат жасап, түрлі қатерлерге тап болады. ат-Тайыб ат-Туркидің «**سندباد الفضاء**» атты ғылыми фантастикалық әңгімелер жинағы балаларға арналған.



Тунистік тағы бір жазушы **Абдулғазиздың** «**عودة الفيل 2103**» атты шығармасы 2003 жылы жарыққа шыққан. Жазушының француз тілінде жазылған шығармасында әлемде Қиртаж атты жаңа алып империя пайда болады. Бұл ел Батыс елдеріне карағанда ғылыми-техникалық жағынан әлдеқайда дамыған болатын. Олар жаңа энергия көзін тауып, жер бетінде үлкен үстемдікке ие болады. Ал Батыс елдерінде экономикалық дағдарыс орын алып, ғалымдар оның шешімін табуға тырысады. Осы сәтте шығарма кейіпкері америкалық жас жігітке Қиртаж елінде білім алу мүмкіндігі туындайды. Ол

бар күшін жұмсап, осы елдің жетістігіне себеп болған барлық құпия-сырларды түсінуге тырысады.

Мұстафа әл-Киләнидің 2003 жылы «**مريا الساعات الميتة**» атты ғылыми фантастикалық туындысы дүниеге келеді. Бұл шығармада оқиға 2725 жылы ядролық қалдықтардан әбден ластанған бір елде орын алады. Бұл елдің тұрғындары көшелерде маска киіп жүруге мәжбүр болады. Оңтүстік елі тұрғындары ауаның ластануына байланысты түрлі қиындықтарға ұшырап жатса, ал солтүстік елдері техникалық жетістіктер арқылы ауаны таза қалпында сақтап қалу мүмкіндігіне ие болады. Кейін осы екі елдің арасында үлкен жанжал туындайды.

Зафер Нажи 2006 жылы өзінің «**الأشياء**» атты ғылыми фантастикалық әңгімелер жинағын жарыққа шығарады. Бұл жинаққа «**جدا أمنيات بسيطة**», «**حكاية خيالية جدا تحدث هنا و الآن**», «**قصص خيالية جدا قد تحدث بعد قرن**» атты үш әңгіме енген. Соңғы аталған әңгімеде оқиға АҚШ-тың



әлемде үстемдік етіп тұрған 2092 жылы орын алады. Жазушы Американы

демократиялық принциптерге негізделген әлемдегі жалғыз ел ретінде көрсетеді. Осы уақытта арнайы жасалған бағдарламалар арқылы адам баласының ойы мен іс-әрекеті, күнделікті тұрмыс-тіршіліктері бақылауға алынады. Араб тілі терроризм мен экстремизм тілі деп, оны қолдануға тыйым салынады.

Жоғарыда аталған жазушылармен қатар тунистік жазушы-фантаст **Ахмед әл-Фанидің** «**من القمر إلى المريخ**» атты шығармасы мен **Ридуан әл-Кәунидің** «**ملاحظات للزمن اللأني**» атты ғылыми фантастикалық туындысы араб елінде әйгілі болды.

Алжирлік жазушы **Мұхаммед Диаб** 1962 жылы француз тілінде жарыққа шыққан «**من ذا الذي يذكر البحر**» (Qui se souvient de la mer? Ed.Seuil) атты ғылыми фантастикалық туындысы арқылы Алжир әдебиетінің дамуына өшпес үлес қосты. Оның бұл шығармасы сыншылар тарапынан өте жоғары бағаланды. Онда алыс планетадан келген ғажайып құрал адам баласына үстемдік ете бастайды. Халық оған қарсы көтеріліске шығады. Сонымен

қатар алжирлік жазушы **Файсал Ахмардың** «**أمين العلواني**» атты еңбегі, **Набил Дауданың** **رحلة إلى الزهرة... الكلمات الجميلة**, «**أدب الخيال العلمي**» шығармалары мен «**الجنس الثالث**» атты ғылыми фантастикалық әңгімелер жинағы жарыққа шығады. Жазушы-фантаст Набил Дауда өзінің соңғы аталған «**الجنس الثالث**» атты жинағында жазылған алғы сөзінде: «Алжирдегі ғылыми фантастика... Біз ғылыми фантастиканы дамытуға жаңа қадамдар жасадық. Тоқырауға ұшыраған Алжир әдебиетіне жаңалықтар енгізу қажет. Өсіп келе жатқан жас буын өкілдері саяси, әлеуметтік, мәдени жаңалықтардан тез хабардар болуы керек. Аталмыш салаларға әдебиеттегі жаңалықтар арқылы ғана жол табуға болады. Жастар жарқын болашаққа қарай ұмтылып, үшінші мыңжылдықта үлкен маңыздылыққа ие болған білім мен ғылымға асқан қызығушылық танытып отыр. Осы орайда, ғылыми фантастика барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, өз жемісін берді. Ұсынылып отырған әңгімелер жинағы бірнеше жылдар бойы жазылған. Әдебиетке тың өзгерістер енгізіп, оның дамуына өз үлесімді қосуды қаладым» деп ғылыми фантастиканың Алжир әдебиетінде алатын орнын көрсетеді.

1994 жылы Алжирде Набил Дауда мен Файсал Ахмар басқа да жазушы-фантастардың қолдауымен «Ғылыми фантастика клубының» негізін қалады. Олардың алғашқы шығармалары Алжирдегі жергілікті баспасөз беттерінде жариялана бастады. Аталмыш клубтың құрылуы туралы жазушы Файсал Ахмар: «Біз бір-бірімізді тек жарыққа шыққан еңбектеріміз арқылы ғана танытынбыз. Осы шығармалардан алған әсерлеріміз де бір болатын», – деген еді. «Ғылыми фантастика клубының» негізін қалауға Набил Дауда, Файсалмен қатар алжирлік жазушы **Урас әл-Ғауади** да айтарлықтай үлес қосты. Ол өзінің «**دق مضى يوم غدا**» ғылыми фантастикалық әңгімелер жинағын жарыққа шығарады. Жазушының аталмыш шығармасы Алжир әдебиетіндегі құнды туындылардың бірі болып табылады.

Ахмед Қартум, Мұхаммед ас-Салих және Манур Масғуди сынды атақты жазушылардың бір тобы «Ғылыми фантастика ұйымын» құрды. 1994 жылы Константина қаласында клуб құрылғаннан соң екі жылдан кейін 1996 жылы «Алжир әдебиетіндегі ғылыми фантастика» атты дөңгелек үстел өтті. Сонымен қа-

тар 1996 жылы «Ғылыми фантастика клубының» негізін қалаушылардың ұйымдастыруымен апталықтар мен түрлі мәдени іс-шаралар жүргізілді. Клуб мүшелері «العالم الثقافي» атты газетті жарыққа шығарды. Аталмыш газет бетінде Н. Шариф, Т. Омран сынды атақты араб жазушыларының еңбектері мен шет тілдерінен аударылған шығармалар, клуб мүшелерінің ғылыми фантастикалық туындылары, апталық газеттің бас редакторы әрі клуб басшысы Файсал Ахмедтің романдар сериясы жарияланып тұрды. Бұл газеттен кейін ғылыми фантастикаға арналған тұрақты шығып тұратын тағы да үш газет жарық көрді. Аталмыш клуб мүшелері үлкен жетістікке жетіп, Алжир әдебиетінің дамуына айтарлықтай үлес қосты. Дегенмен бірнеше жыл өткен соң материалдық мәселелерге байланысты клуб мүшелері басшылық еткен газеттер өз жұмыстарын тоқтатты.

Алжирдегі ғылыми фантастиканың айтарлықтай дамуына Алжир ұлттық театрында қойылған «Фаренгейт бойынша 451 градус»⁷ атты ғылыми фантастикалық қойылымның қосқан үлесін де ерекше атап өту қажет. Аталмыш драмалық шығарманы алжирлік атақты ақын Абүллаһ әл-Ғамил араб тіліне аударып, Бешар қаласының «أكون» атты труппасы сахнаға қойды. Америкалық жазушы Рэй Брэдберидің⁸ жоғарыда аталған туындысында оқиға 2274 жылы орын алады. Жазушы онда техникалық жетістіктер мен оның адам баласына кері әсері туралы сөз қозғайды.

Марокко, Ливия және Мавритания әдебиеттеріндегі ғылыми фантастика

2006 жылы Мароккода ғылыми фантастикаға арналған конференция өтті. Аталмыш конференция туралы Халид әл-Йағбу-

⁷ «Фаренгейт бойынша 451 градус» (ағыл. Fahrenheit 451) – америкалық атақты жазушы Рэй Брэдберидің 1953 жылы жарыққа шыққан ғылыми фантастикалық романы.

⁸ Рэймонд Дуглас «Рэй» Брэдбери (ағыл. Raymond Douglas «Ray» Bradbury) – 1920 жылы 22 тамызда АҚШ-та Уокиган, Иллинойс штатында дүниеге келген, ғылыми фантастика саласында бірнеше сыйлықтарға ие болған атақты жазушы-фантаст.

ди былай дейді: «Ғылыми фантастика және араб әдебиеті» атты конференция барысында Араб елдеріндегі ғылым мен әдебиет саласындағы негізгі мәселелер жөнінде дәрістер тыңдалды. 2006 жылы 25 сәуірде орын алған аталмыш конференцияға көптеген мамандар мен зерттеушілер, әдебиетшілер мен өнертапқыштар қатысты».

Бұл конференция доктор Идрис Қасуридің басшылығымен орын алып, онда ғылыми фантастиканың болашағы мен араб әдебиетінде алатын орны туралы сөз қозғалды. Сонымен қатар аталмыш жанрдың араб елдерінде дамуына кедергі болатын негізгі мәселелер де сөз болды. Ғылыми фантастика Жапония, Америка және Еуропа елдерімен қатар, Бразилия мен Аргентина сияқты Латын Америка елдерінде де айтарлықтай дамыған. Жоғарыда аталған елдерде ғылыми фантастика әдебиет, кино, театр және басқа да өнер салаларында үлкен жетістікке жеткен. Әсіресе Америкада ғылыми фантастикалық шығармаларда кездесетін таңғажайып дүниелерді шын мәнінде жүзеге асыру үшін түрлі жобалар мен зерттеу орталықтары жұмыс істейді. Экономика, технология, өндіріс және әскер саласындағы жетістіктер де бастапқыда жазушы-фантастардың шығармаларында көрініс алған. Доктор Қасури ғылыми фантастиканың осындай жетістіктерін көрсете отырып, араб елдерінде ғылыми фантастика тек академиялық деңгейде немесе әдеби шығарма ретінде қаралатынын айтып, араб әдебиетіндегі ғылыми фантастиканың басты ерекшеліктері қандай деген сұрақтарға тоқталды.

Бұл мәжілісте алғашқылардың бірі болып Мұхаммед Ахмед Мұстафа «Шындық пен Болашақ» атты баяндамасын оқыды. Француз әдебиетінің маманы Мұхаммед Мұстафа өзінің баяндамасы аясында араб ғылыми фантастикасы мен оның болашағы туралы сөз қозғап, сонымен қатар араб елдеріндегі Ниһад Шариф, Мұстафа Махмуд, Мұса Сабри, Тыйба Ибраһим, Мұстафа Абдусәләм әл-Бақали сынды жазушылар мен олардың шығармашылығы туралы айтып өтті [95, 12].

Кейбір авторлар *марокколық* Мұхаммед Азиз әл-Хаббабидің 1974 жылы жарық көрген «Эликсир» атты туындысын алғашқы ғылыми фантастикалық шығарма ретінде санайды. *Ирактағы* алғашқы ғылыми фантастикалық шығарма 1980 жылдардың ор-

тасында жарыққа шыққан. Осы кездегі шығармаларға 1984 жылы жарыққа шыққан Қассем Қассемнің «Жасыл дақ» романын, Муаффақ Уәйс Маһмудтың «Ол өмірмен бірге тыныс алады» (1987) атты қысқа әңгімелер жинағын және Али Карим Қасемнің «Жасыл планета» атты шығармасын жатқызуға болады. 1990 жылдары ғылыми фантастика жанрына қызығушылық танытқан жазушылардың саны күн сайын арта түсті. Мысал ретінде *ливандық* Қассем Қассем, *тунистік* Мустафа әл-Килани, *Бахрейннен* шыққан Абдуллаһ Халифа мен *Мавританиядан* Мусса Уалд Ибнаны, *кувейттік* Тыйба Ахмад Ибраһим, *судандық* Жәмәл Абдулмәлікті атап өтсек болады. *Сириялық* әйел жазушы Лина Килани өзінің қырыққа жуық еңбегін жазып, *иорданиялық* Сүлеймен Мұхаммед әл-Қалил өз шығармаларында араб әдебиетінде өте сирек кездесетін *клондау* тақырыбын көтереді. Сауд Арабиясында Ашраф Фақһтің «Елес қуушы» (1997) және «Жұлдыздарға қарай ұмтылыс» (2000) атты еңбектері жарық көрді. Ливия жазушысы Юсуф әл-Қаури 1966 жылы «*مفكرة رجل لم يلد*» атты шығармасын жарыққа шығарса, 1998 жылы Абдулхаким Амри ат-Тауилдің «*مشكلة إمانية*» атты ғылыми фантастикалық әңгімелер жинағы жарияланады. Жазушы-фантаст Амри Тауил атом инженериясы саласының маманы болған. Оның жоғарыда аталған «*مشكلة إمانية*» атты шығармасы он екі ғылыми фантастикалық әңгімеден тұрады. Жинаққа енген әңгімелерінің кейбірі «*المجرة*», «*العالم*» атты журналдарында жарияланған. Мавританияда Мусса Уалд Ибн 1998 жылы өзінің «*مدينة الريح*» атты ғылыми фантастикалық шығармасын дүниеге әкелді.

Сонымен қатар 2006 жылдың ақпан айында Ливанда жарық көретін күнделікті «ан-Nahar» газеті алдағы уақытта газеттің әдебиет бөлімінде ғылыми фантастика туралы жазылатынын атап өтті. Аталмыш баспасөздің тілшілері Джумана Хаддад пен Зейнеб Ассаф араб әлеміндегі ғылыми фантастикаға жан-жақты талдау жасай отырып, оның қазіргі араб әдебиетінде алатын орнын жоғары бағалайды [96].

Ғылыми фантастиканың араб әлеміндегі жағдайына келер болсақ, көпке дейін бұл жанр оқырмандар, жазушылар мен мәдениет қайраткерлері үшін таңсық дүние ретінде қарастырыл-

ды. Бірақ қазіргі кезде ғылыми фантастикаға арналған журналдар жарық көріп, адамгершілік құндылықтарға жетелейтін, тәрбиелік мәні бар көптеген шығармалар мен аудармалар дүниеге келуде. Араб еліндегі ғылыми фантастиканың жағдайы туралы Лина Килани өзінің мақаласында былай деп жазады: «Бұл жанрдың араб елдерінде кең қанат жаймауының бір себебі ғылыми фантастикалық шығармаларда белгілі бір заңдылықтар мен жаңалық ойлап табуға итермелейтін негіз болуы қажет және ғылыми мәліметтерді жеңіл әрі шебер түрде жеткізе білу керек. Сондықтан да бұл жанр – үлкен еңбек пен ұшқыр қиялды қажет ететін жұмыс. Мұндай батылдыққа екінің бірі бара бермейтіні де анық. Араб елдерінде Еуропадағыдай жоғары дәрежеде жазылған ғылыми фантастикалық шығармалардың саны да аз. Өкінішке орай, тәжірибесі жоқ жас жазушылар құрғақ қиялға салынып, ғылыми негізі жоқ шығармаларды да жарыққа шығарады. Тіпті, араб елдерінде оқу орындарында жастарды ғылым мен жаңалыққа тарту үрдістері жүргізілмейді. Бұл да жастардың ғылыми фантастикаға деген қызығушылығын тежейді. Жастардың жан-жақты білімін арттырып, олардың ғылымға деген қызығушылығын ояту үшін шетелдік мән-мағынасы жоқ шығармаларды аударғанша ұлттық құндылықтарға толы жаңа араб ғылыми фантастикасын жасаған абзал» [97].

Ал жазушы С. Маатидың ойынша, араб елдерінде ғылыми фантастиканың кешеуілдеп дамуы осы жанрдың аз зерттелуі және ғылыми фантастикалық шығармаларға талдау жасайтын сыншылардың жоқтығы, теледидар, радио бағдарламалардың аздығы болып табылады [98].

Араб елдерінде ғылыми фантастика кешеуілдеп қалса да, бүгінгі таңда бұл жанрдың дамуы үшін түрлі іс-шаралар атқарылуда. Жыл сайын түрлі ғылыми конференциялар ұйымдастырылып, ғылыми фантастика саласына арналған газет-журналдарда жазушы-фантастардың шығармалары жарияланып жатыр. Ғалым, жазушылардың барлығы бір ауыздан ғылыми фантастиканың араб әдебиетінде алатын орны зор екенін мойындап, оның әрі қарай дамуына түрлі жағдайлар жасауда.

Араб жазушы-фантастарының қай шығармасын оқып қарасақ та, олардан ғылым жаңалығы мен адами гуманизм идеяла-

рын көреміз. Шығармаларда, жасыратыны жоқ, орыс және шетел шығармаларында кездесетін идеялар да баршылық. Дегенмен жазушылар оларға ұлттық құндылықтар арқылы жаңа реңк беруге ұмтылып, осындай ғылыми дүниелерімен аталмыш жанрдың аңыз-ертегілерден мүлдем алыс әрі бөлек жанр екенін айқындап, оған өзіндік жол ашады.

Осыдан кейін фантастиканы «араб әдебиетіндегі кенже дамыған балауса жанр» деп жүргендермен қалай келісеміз? Орыстардағыдай 20-40 жылдары араб әлемінде ғылыми фантастика жанры болмағаны рас. Бірақ 50-60 жылдардағы араб әдебиетіне көз жүгіртсек, араб елінің Қасsem Қасsem, Ниһад Шариф, Мустафа әл-Кайлани, Абдуллаһ Халифа, Мұса Уалд Ибно, Талеб Омран, Мұхаммед әл-Ашри сынды жазушы-фантастары осы жанрда елеулі туындылар бергенін көреміз. Фантастардың бірі ел болашағын, халықтың қиын-қыстау өмірін жеңілдетудің жолын іздесе, бірі адам баласының жарқын болашағын суреттейді. Бірі ғылымның сан-саласының келешегіне ой жүгіртіп, автомобильдің озық үлгісін тілге тиек етеді. Ішінде Мысыр перғауындарының құпия істерінің мәнін ашуға арналғандары да бар. Не керек, сан алуан тақырыптарды қозғаған араб фантастары оқырмандардың ғылым мен техникаға қызығушылығын арттырып, күштарлығын оятқаны, танымдарын байытқаны сөзсіз. Қарап отырсаңыз, ғылыми фантастикамен шұғылданғандардың көбісі ғылымның бір саласын нақты игерген білікті мамандар болып табылады.

Көбіміздің ғылыми фантастика дегенді тек жұлдызды әлеммен, ғарышқа барумен, өзге өркениет әлемінен ұшып келетіндермен шектеп қоятынымыз да бар. Араб фантастикасының тек күллі адамзатқа ортақ нәрселерге еліге бермей, араб қауымының ұлттық тақырыптарына да батыл баруы жетістік сияқты. Араб ғылыми фантастикасында елеулі орынға ие Салах Маати, Ниһад Шариф, Талеб Омран сынды жазушылардың шығармалары араб дәстүрін қозғауымен құнды. Ең күрделі тақырыптарға, адамның басындағы миының ұңғыл-шұңғылдарына үңілген жазушылардың робот, шалғайдағы планеталарға саяхат, мутация мен гендік инженерия және т.б. тақырыптарға арналған ғылыми фантастикалық туындыларының орны ерекше.

Батыстық жазушылар тәрізді араб жазушылары да өз романдарының сюжеттерін адам баласының жоғары технологиялық қоғамда түрлі машиналар мен техникаларға, роботқа тәуелді болып, өзінің ойлау құқынан айырылған, жер бетінде жатпланеталықтар үстемдік еткен тарихтың аса ауыр уақыттарын суреттейді. Адам баласы ойлап тапқан ақылды құралдардың тәуелсіздікке ұмтылып, жер бетіне үстемдік етуі, ғалымдардың түрлі салаларда жасаған ғылыми жаңалықтарының адам баласына тигізер зардабы мен халықтың өзінің ойлау бостандығынан айырылуы араб тіліндегі ғылыми фантастикалық шығармалардағы оқиғалардың динамикалық негізін құрайды. Сюжет және ойдан шығарылған кейіпкерлер қалай да болсын оқырманның оқиғаның ішінде жүріп, бәрін өз көзімен көрушілерге айналатындай етіп құрылады.

Америкадағы Пенсильвания университетінің профессоры Тира Сюзар өзінің ғылыми зерттеулерінде арабтардың ғылыми фантастиканың дамуына қосқан үлесін жоғары бағалайды. Араб жазушы-фантастарының ғылыми фантастикалық әңгімелері – өмір мен әрекет шығармалары, онда психологиялық анализ де шебер қолданылған. Негізінен, жазушы-фантастардың шығармаларына жалпылама немесе әрқайсысына бөлек-бөлек баға беру үшін арнайы зерттеу жүргізу керек, себебі бұл шығармалар – көркем өнер шығармалары ретінде де, ғылыми құндылықтар ретінде де зерттеуге тұрарлықтай туындылар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <http://en.wikipedia.org/wiki/science-fiction>
2. د. أحمد أدب الخيال العلمي \جريدة الرياض. - يوليو 3. ص. 12.
3. عبدالقادر المهندس.
3. Галина М.С. Старая, новая, сверхновая // Журнал фантастики «Новый мир». – 2006. – № 8.
4. <http://fantastics.narod.ru/photoalbum.html>
5. Фрумкин К.Г. Философия и психология фантастики. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 240 с.
6. Тельпов Р.Е. Особенности языка и стиля братьев Стругацких: дис. канд. филол. наук. – М., 2008. – 180 с.
7. David K., Eric S. Rabkin, Raffaella Baccolini. Science Fiction and Imagination // PMLA. – 2005. – Vol. 46, №1. – P. 246-249.
8. Carol Colatrella. Science Fiction in the Information Age // American Literary History. – 1999. – Vol. 11, №3. – P. 554-565.
9. عزيزة السبيني. أدب الخيال العلمي الضوء الكاشف للعلم و الخي يمهده للمستقبل \الخيال العلمي. - 2009-2008. - العددان الخامس و السادس. ص. 62-20.
10. Ingo Morth. Elements of religious meaning in science-Fiction literature // Social Compass. – 1987. – Vol.25, XXXIV/1. – P. 87-108.
11. قاسم قاسم. البيئة الزمانية و المكانية في أدب الخيال العلمي \الخيال العلمي. -2008. - العدد الأول. - ص. 30-36.
12. Радбиль Т.Б. Языковые аномалии в художественном тексте: Андрей Платонов и другие. – М.: МПГУ, 2006. – 320 с.
13. Анкерсмит Ф. Нарративная логика. Семантический анализ языка историков. – М.: Идея-Пресс, 2003. – 360 с.
14. Хинтика Я. Логико-эпистемологические исследования: сборник избранных статей. – М.: Прогресс, 1980. – 446 с.
15. Стасива Г.Д. Русский научно-фантастический дискурс XX в. Как лингвориторический конструкт: автореф. канд. филол. наук: 10.02.19. – Нальчик, 2010. – 23 с.
16. Кайтох В. Братья Стругацкие // А.Н. Стругацкий, Б.Н. Стругацкий. Собр. соч.: в 11 т. – Донецк: Изд-во «Сталкер», 2003. – Т. 12 (дополнительный). – С. 409-638.

17. Eric. S. Rabkin. Metalinguistics and Science Fiction// Critical Inquiry/ – 1979. – Vol. 6, No.1. – P. 79-97.
18. Дьюи Д. Реконструкция в философии. – М.: Логос, 2001. – 33 с.
19. Верн Ж. Робур завоеватель. – М.: Художественная литература, 1957. – Т. 9. – С. 384.
20. Винер Н. Кибернетика или управление и связь в животном и машине. – М.: Советское радио, 1968.
21. د. قاسم قاسم. الخيال العلمي في أسئلة وأجوبة \\\الخيال العلمي العدد 12. 2009 – ص. 48-52.
22. Цветков Е.В. Научная фантастика как способ конструирования социальной реальности (социально-философские аспекты). – Архангельск, 2009. – С 19-21.
23. Бочкова О.С. Категория модальности, времени и пространства в жанре НФ (на материале русско- и англоязычных текстов): канд. филол. наук:10.19.02. – Саратов, 2006.
24. Фрумкин К.Г. Философия и психология фантастики. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 240 с.
25. Тельпов Р.Е. Особенности языка и стиля братьев Стругацких: дис. канд. филол. наук: 10.02.01. – М., 2008. – 180 с.
26. Салах Маати . әл-Умр хамса дакаиқ, 1991.
27. Көптілеуова Д., Аубакирова Қ. Қазіргі заман араб әдебиеті: хрестоматия. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 125 с.
28. طيبة الابراهيم. تأثير أدب الخيال العلمي على حياة البشر \\\الخيال العلمي - العدد 2. 2008. ص 20-27.
29. Фетисова А.Н. Научная фантастика в условиях модерна и постмодерна: культурно-исторические аспекты: автореф. канд. филос. наук: 24.00.01. – Ростов-на-Дону, 2008. – С. 11-14.
30. Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
31. Максүтбек Сүлеймен. Танымдық білгені танысың ба? Немесе символ туралы әңгіме //Астана айнасы, 16.04.2010.
32. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. – 3-6 б.
33. تأسيس القضية الاصطلاحية، إعداد. مجموعة من الأساتذة، بيت الحكمة، قرتاج، تونس. ص. 79 1989
34. طالب عمران. الخيال العلمي و تجربتي مع المصطلح. الخيال العلمي \\\العددان الخامس والسادس 2008-2009. ص. 14-26.
35. Ромодановская Е.К. К вопросу о поэтике имени в древнерусской литературе // Труды отдела древнерусской литературы. – СПб.: Издательство «Дмитрий Булавин», 1999. – С. 3-8.
36. Карпенко Ю. А. Имя собственное в художественной литературе // Филол. науки. – 1986. – № 4.
37. Михайлов В.Н. Экспрессивные свойства и функции собственных имен в русской литературе // Филол. науки. – 1966. – № 2. – С. 54 – 66.

38. Горбаневский М.В. Ономастика в художественной литературе // Филологические этюды. – М., 1988.
39. Соколова М.В. Функционально-стилистическая нагрузка имени собственного в художественном тексте // Вестник Челябинского государственного университета. – 2011. – № 33 (248).
40. W. M. S. Russel. Folktales and Science Fiction// Folklore. – Vol. 93, No. 1. – 1982. – P. 3-30.
41. نهاد شريف. الخيال العلمي أكثر ألوان الأدب إثارة \\\ الخيال العلمي. - ص. 6-16 - العدد 1. 2008.
42. عماد فوزي شعبي. الخيال العلمي و المهارات الاستراتيجية...\\الخيال. 2008. - ص. 28-38 - العلمي. - العدد الثاني.
43. زهير غانم. خيال أدب الخيال العلمي العربي...\\الخيال العلمي. - العدد الأول. 2008.
44. Yusuf Nuruddin. 'Ancient Black Astronauts and Extraterrestrial Jihads: Islamic Science Fiction as Urban Mythology' // Socialism and Democracy. – 2006. – P. 127.
45. محمد ياسين. أدب الخيال العلمي: المصطلح و الأصول التاريخية\\الخيال العلمي - 2008. - ص 69
46. دار طلاس\\طبعة الأولى. 1994 محمد عزام
47. نهاد شريف. الخيال العلمي أكثر ألوان الأدب إثارة \\\ الخيال العلمي. - العدد الأول - 2008
48. ألف ليلة و ليلة. – القاهرة مكتبة و مطبعة المشهد الحسيني بدون تاريخ
49. رفعت شمس. الخيال العلمي و صناعة المستقبل \\\ الخيال العلمي. - العدد التاسع. – 2009. – ص. 40-45.
50. Irwin Robert. The Arabian Nights. – A Companion, Tauris Parke Paperbacks, 2003. – P. 204.
51. Rebecca Hankins. Fictional Islam: A Literary Review and Comparative Essay on Islam in Science Fiction and Fantasy // journal Foundation: The International Review of Science Fiction. – 2009. – Issue 105.
52. محمد عبد الله الياسين. الخيال العلمي في الأدب العربي \\\ الخيال العلمي - العددان السابع و الثامن. - 2009. - ص. 6-21.
53. //خيرى الذهبى. لوقيانوس السمسماطى و أصول الفانتازيا العربية الرواية السورية المعاصرة. – ص. 105.
54. عادل الفريجات. الخيال العلمي في التراث \\\ الخيال العلمي. - العدد الثاني. - 2008. - ص. 40-50.
55. Russell G.A. The 'Arabick' Interest of the Natural Philosophers in Seventeenth-Century England // Brill Publishers. – 1994. - P. 247.
56. Dr. Abu Shadi Al-Roubi. Ibn al-Nafis as a philosopher // Symposium on Ibn al-Nafis, Second International Conference on Islamic Medicine: Islamic Medical Organization. - Kuwait, 1982.
57. <http://islamscifi.com/star-wars-an-islamic-perspective>
<http://www.kuprin.org/kipling.pdf>
59. زهير غانم. خيال أدب الخيال العلمي العربي...\\الخيال العلمي. - 59. - العدد الأول - 2008.

60. <http://arabic.georgetown.edu/256520.html>
61. Gary Boutz. Generic Cues and Generic Features in Arabic Science Fiction: The Novels of Kassem Kassem: Dissertation PhD Candidate in Arabic: 06.11.2011. – Gorgtawn, 2011.
62. عادل الفريجات. الخيال العلمي في التراث. الخيال العلمي\ - العدد الثاني . - 2008. - ص. 40-50.
63. arablit.wordpress.com. Is There or Ain't There Arabic Science Fiction?// October 23, 2010.
64. Achmed A.W. Khammas. The Almost Complete Lack of the Element of "Futureness"// Telepolis. – 10.10.2006
65. د.كوثر عياد. أدب الخيال العلمي في المغرب العربي. الخيال العلمي\ - العدد الثاني عشر- 2009. - ص. 12-25.
66. د.كوثر عياد. رحلة في عالم كتابة الخيال العلمي. الخيال العلمي\ - العدد الأول- 2008. - ص. 44-51.
67. أحمد أبو زيد. الخيال العلمي و علم المستقبل\ مجلة العربية الكويتية. - العدد 535. 2003. ص 30-33.
68. مدحت جيارجدلية الحداد في روايات الخيال العلمي\ مجلة فصول. - العدد الرابعة. 1974. ص 182.
69. مجلة الفيصل . - العدد - ص. 41-56.
70. د. مصطفى محموللخروج من الثابت . - بيروت : دار العودة - ص
71. رؤوف وصفي. الحب خارج الزمن. - الهيئة المصرية العامة للكتاب . سلسلة العلم و الحياة- 1989. - ص. 85.
72. نهاد شريف. أنا و كائنات والفضاء \الخيال العلمي - العدد الأول - 2008. ص 120-128 .
73. حامد إبراهيم. نهاد شريف قي (أنا و كائنات الفضاء) ارهاصات أدب الخيال العلمي. الخيال العلمي\ - العدد الأول - 2008. - ص. 120-126.
74. صلاح معاطي. وصية صاحب القنديل. 1995
75. www.salah-maaty59.ahlamontada.com
76. «Краткая литературная энциклопедия. – М., 1964. Т.2. – 874 с.
77. صلاح معاطي. خزانة شمائل. 2009.
78. www.venividi.ru
79. سامي فريد. ماذا يبقى ؟ من خزانة شمائل يخرج التاريخ //الاهرام- 22.05.2008
80. عبود مصطفى عبود . خزانة شمائل. كيف يكتب الروائي التاريخ؟ // الوفد . - 2008.08.28
81. Салах Маати. Эл-Хиал эл-илми бейна алат аз-заман уа заман эл-Алат // Мажалат эл-Хиал эл-илми. – 2010.
82. Асама эл-Элфи. Ниһад Шариф ражул задуһу эл-хиал//эл-Аһрам. 09.01.2011
83. Кирпиченко В. Н., Сафронов В. В. История египетской литературы XIX-XX веков. Том 1. – М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 2002. – 408 с.
84. د.كوثر عياد . الخيال الاستشراقي السياسي العربي. الخيال العلمي\ - العددان الخامس و السادس 2009-2008. - ص. 38-50.

85. نظيمة أكراد. روايات الخيال العلمي في إحدى أهم نماذجها العربي \الخيال العلمي\-. العدد الرابع . - 2008. ص. 49-40.
86. محمد عزام. خيال بلا حدود: طالب عمران رائد أدب الخيال العلمي بشق دار الفكر. - 2000. - ص. 17-42.
87. طالب عمران طيور الموت \الخيال العلمي\-. العدد الأول - 2008. - ص. 68-82.
88. طالب عمران. رواد الكوكب الأحمر دمشق دار الفكر ، 1999. - ص. 39-40.
89. طالب عمران دورات الزمن في الكون الخيال العلمي. - العدد التاسع. - 2009. ص. 14-26.
90. عزيزة السبيني. سينما الخيال العلمي. الخيال العلمي\-. العدد الثاني. - 2008. - ص. 19-10.
91. Надир Абдулхалиқ, Ғл-Умру ҳамса дақаниқ мажмуға қиссасийа ли-салах Маати қираати нақдийа жадида. 29.11.2009
92. د.محمد الحاج صالح. الحب علم 2006. - طرطوس مطبعة النورس. - 1996. - ص. 16-32.
93. د.محمد ياسين. أدب الخيال العلمي في مصر و سوريا واثيون وروايات الخيال العلمي\-. العداان العاشر و حادي عشر 2009. - ص. 30-53.
94. الهادي ثابت. بئر الوزير . الخيال العلمي\-. العداان الخامس و السادس 2009-2008. - ص. 140-156.
95. د.كوثر عياد. أدب الخيال العلمي في المغرب العربي. الخيال العلمي\-. العدد الثاني عشر. - 2009. ص. 12-26.
96. Achmed A.W. Khammas. The Almost Complete Lack of the Element of «Futureness» // Telepolis. - 10.10.2006.
97. لينا كيلاني. بين العلم و الخيال . الخيال العلمي\-. العدد الأول. - 2008. - ص. 138-146.
98. صلاح معاطى. تجربتي مع أدب الخيال العلمي \الخيال العلمي\-. العدد الأول. - 2008. ص. 155-184.

А ҚОСЫМШАСЫ

Араб тіліндегі ғылыми фантастикалық шығармаларда кездесетін термин сөздер

Робот	روبوت، الآلي، الإنسان الآلي
Үшқыш тарелка	اطباق طائرة
Жасанды интеллект	عقل إلكتروني
Планета	كوكب
Галактика	مَجَرَّة
Вирус	فيروس
Канопус	سهيل
Жарық, жылы	السنة الضوئية
Фильтр, сүзгіш	مُرَشِّح (ات)
Иммунитет	مَنَاعَة
Асқазан жарасы	قرحة بالمعدة
Лимфалық	لِمْفَاوِي
Будандастырылған	مُهَجَّن
Қышқыл	حَمَاض (حُمُوض، أَحْمَاض)
Сілті	قَلَوِيَّة
Органикалық	عَضَوِي
Аминдер	الأمينات
Ақуыздар	البروتينات
Антидене	مُضَاد (ات)
Терминал	طرفية
Бюджет	مِيزَانِيَّة (ات)
Инфляция	تَضَخُّم
Таза кіріс	الربح الصافي
Электромагнитті	كهرومغناطيسية
Мутация	طفرة
Генетика	علم الوراثة
Гормон	هُرْمُون (ات)
Тірі жасуша	الخلية الحية
Цитоплазма	سيتوبلازم
Ядро	النواة
Хромосома	كروموسومات


Канал
 Ген
 Шифр, шартбелгі
 Хроматид
 Дене мүшесін ауыстыру,
 Трансплатация
 Изотоптар
 Радиоактивті
 Аминдер
 Қалқанша безі
 Ғарыштық жас
 Сезім толқыны
 Фосфор планетасы
 Жұмысшы
 Махаббат айы
 Ыстық планета
 Сандық ұрпақ
 Компьютер
 Экран
 Диск
 Технология
 Лазер
 Ғарыш кемесі
 Ғаламшар
 Робототехника

قَنَاة
 جينات
 شِفْرَة = شِفْر
 كروماتيد
 زِرَاعَة
 نَطِيرَة (نَطَائِرُ)
 مُشِيع
 الأَمِينَات
 غُدَّة الدَّرْقِيَّة
 سَنَة فَضَائِيَّة
 موجة الحس
 كوكب فوسفوري
 شَغِيلَة
 قمر الحب
 كوكب ساخن
 أجيال رقيمة، أجيال الديجيتال
 كمبيوتر
 شاشة
 قرص
 تكنولوجيا
 ليزر
 السفينة الفضائية
 كوكب
 الروبوتات

Б ҚОСЫМШАСЫ



1-сурет. Салах Маати, Ниһад Шариф және Сириядағы ғылыми фантастика жанрының негізін салушы Талеб Омран



2-сурет. Салах Маати өзінің ұстазы Йахияа Хакқимен бірге



3-сурет. Сириялық жазушы-фантаст Таліб Омран мен
мысырлық жазушы Салах Маати



4-сурет. Мысырлық жазушы-фантастар Ниһад Шариф пен
Салах Маати отбасымен



5-сурет. Мысырдағы Ниһад Шариф атындағы
ғылыми фантастика клубы



6-сурет. Ливандық Қассем Қассем



7-сурет. Сириялық жазушы
Лина Кила

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
I ТАРАУ	5
Араб ғылыми фантастикасының сипаттары.....	5
Араб ғылыми фантастикасының тілдік ерекшеліктері.....	34
II ТАРАУ	58
Араб елдеріндегі ғылыми фантастиканың қалыптасуы мен дамуы.....	58
Египет әдебиетіндегі ғылыми фантастика.....	70
Сирия әдебиетіндегі ғылыми фантастика.....	89
Тунис пен Алжир әдебиеттеріндегі ғылыми фантастика.....	97
Марокко, Ливия және Мавритания әдебиеттеріндегі ғылыми фантастика.....	102
Әдебиеттер	108
А қосымшасы.....	113
Б қосымшасы.....	115

Оқу басылымы

Көптілеуова Дина Тұрғалиқызы
Аубакирова Құндызай Қыдырбайқызы

АРАБ ӘДЕБИЕТІ
(ғылыми фантастика)

Оқу құралы

Редакторы *Г. Рүстембекова*
Компьютерде беттеген және
мұқабасын безендірген *Н. Базарбаева*

Мұқабаны безендіруде сурет www.goodgood.me
сайтынан алынды

ИБ №8908

Басуға 24.11. 2015 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 7,43 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №3588.
Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.